

У 2016

51 к

АБАЕВ
Жұмабек Байбатшаұлы



«ТАСША» ШЕЖІРЕСІ
ЖӘНЕ
ҰРПАҚҚА ӨСИЕТ

АБАЕВ ЖҰМАБЕК БАЙБАТШАҰЛЫ

**«ТАСША» ШЕЖІРЕСІ
ЖӘНЕ
ҰРПАҚҚА ӨСИЕТ**

Қарағанды, 2011

УДК 929.5(=512.122)

ББК 62.3

А 12

Ж.Б.Абаев.

А 12 «Тасша» шежіресі және ұрпаққа өсиет.
“Нұрдана-LTD” баспасы: 2011-196 бет.

ISBN 978-601-7266-12-7

Шежіре – халқымыздың сан ғасырлық асыл қазынасы. Шежіре – тарих, шежіре – халықтың өткені мен бүгінін ұштастыратын, келешекке ұластыратын аталы үрдіс. Бұл ұлы Бәйдібек Бабадан тарайтын Ысты деген қасиетті тайпаның Тілік Баба ұрпағының Тасша шежіресі бөлек кітап болып тұңғыш рет баспадан шығып халық арасына тарап отыр.

Бұл кітапта «Тасша» шежіресінен басқа біраз белгілі азаматтардың өмірінен қысқаша мағлұматтар келтіріліп және ауылды жерлерде жастарға тәрбиелік мәні бар кітаптардың тапшылығы ескеріліп, ұрпақ тәрбиесіне септігі тиер деген жақсы ниетпен Ұлы адамдардың өсиеттерінен, хадистерден, мақал-мәтелдерден қысқаша үзінділер келтірілді.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

УДК 929.5

ББК 62.3

ISBN 978-601-7266-12-7

© Ж.Б.Абаев - 2011

© “Нұрдана-LTD” баспасы - 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Атың қара болғанмен затың ұлық құт мекен, әзіреті Қаратау, әулиенің кені еді.



Адамзатқа ата-анасынан кейінгі ең қымбат та ыстық, шыр етіп мына дүниеге келгенде кіндік қаны тамған туған жері, өскен өлкесі, елі ыстық. Талай азаматтың қанатын қатайтып, ғасырлар бойы қанат қақтырып жан-жаққа ұшырып отырған өлке – ол қасиетті құт мекен қарт Қаратаудың қойнауы, күнгеі мен теріскей беті. Ата-бабаларымыз Қаратауды «қара шаңырағым» деп басын иген. Қаратау мұсылмангершіліктің алғаш дінгегін нықтап тіккен жер. Қаратауға соқпай өтетін аңыз-әңгіме, жыр, тарих пен шежіре бар ма? Ең көне жыр «Алпамыс батырда» әзіреті Қаратау әулиенің кенті еді...» деп жырлайды. Қаратаудың тау-тасы мен сай-саласы әулиелер қабірі мен кесенелеріне толы. Ысқақ баб, Баба түкті Шашты Әзиз, Балықшы ата, Қарабура әулие, Бәйдібек баба, Бибі Мәриям, Зеріп, Сланды, Домалақ аналар. Осылардың ішінде халық көп біле бермейтін Балықшы әулиеге жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың айтқан сөзіне тоқтала кетейік. Бұл кісінің мүрдесі Теріскейден Түркістанға асатын Суындық деген жерде. Басында үлкен бұлағы бар, бұлағында шүпірлеген балық. 1959 жылы Созаққа келген М.Әуезов Балықшы ата басында үш күн болған (қасында жазушы Еркінбек Тұрысовта болған). Сол дастархан басында М.Әуезов: «Осы Суындықта жатқан Балықшы, Изенді, Бәйжі, Кеңқол атаның бәрі араб әскерінің қолбасшылары, мұны мен кішкене кезімде атам Омарханнан естігенмін» деп айтып отырған.

Қаратаудың шөбі шүйгін, суы бал, жер асты алтын-күміс, қорғасынға толы. Кеңес үкіметі орнар кезеңде Қаратаудың дәл ортасынан ойып орын алған Ащысай кеніші ағылшын Л.Лесманның қолында болған. 1918 жылы әлі Кеңес үкіметінің Ащысайға иісі де келмей тұрғанда Қызыл Армияны оқ-дәрімен қамтамасыз ету мақсатында Түркістан Республикасының Халық комиссарлар кеңесінің: «В целях обеспечения промышленности края свинцом настоящим объявляется, что находящийся... местности Ачисай в горах Каратау свинцовый рудник, а также свинцово-плавильный завод, принадлежавший Л.Лесману, со всему постройками, машинами, станками, живым и мертвым инвентарем – национализируется» - деген қаулысы шыққан. (Национализация промышленности СССР. Сборник документов 1917-1920гг. Москва, 1954 г. Стр.319).

Биыл, 2010 жылы 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысы жеңісіне 65 жыл толып отыр. Сол сұрапыл ауыр жылдары киелі Қаратау Ұлы Жеңістің тірегі болып, Ащысай, Байжансай рудниктері неміс фашист басқыншыларына қарсы атылған әр 10 октың 9-ын берді. 1942-1943-ші жылдары Совет Армиясының ауыр жағдайына байланысты, қорғасын өндіруді тез арада көбейту мақсатында Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитеті ҚазССР Совнарком төрағасының орынбасары Д.А.Қонаевты 1943 жылы қаңтар айында Ащысай руднигіне жіберді. (Партаархив, Казфилиала ИМЛ, Ф.-708, ОП-1, ед.хр.56, Л-179-180).

Д.А.Қонаев бастаған басшылар тобының өндіріс жұмысын жоғарғы дәрежеде ұйымдастыру қабілетінің арқасында Ащысайда қорғасын өндірісі бұрынғыдан едәуір ұлғайып, жаңа өндірістік көрсеткіштерге жетіп, Ұлы Жеңіс күнін жақындатуға өз үлесін қосты.

Қаратау өңірі қалың қазақтың қаймағы бұзылмаған өлке. Сол іргесі бұзылмай Қаратау қойнауында, күнгеінде отырған тұрақты халықтың бірі Ұлы Бәйдібек бабадан тарайтын

«Ысты» шежіресінің бір тармағын құрайтын, Ысты-Жауатардың Тілігінен тарайтын Ата баласы Тасшалар. Тасшалар тек Қаратау қойнауында, етегінде ғана кездесетін орнықты халық, басқа жерлерде бірен-саран. Мен ендігі жерде бұл қасиетті Қаратаудан кейінгі жылдардың өзінде не бір асыл азаматтар шыққанына тоқталмай-ақ қояйын, олар менің 2007 жылы баспадан «Қаратау түлектері» атты кітабымда және басқа деректерде жақсы жазылған.

Сол туған жерім, елім («Аңыз болған Ащысай» мақаласын оқыңыз. «Оңтүстік Қазақстан» газеті, 2009 ж. 21-желтоқсан № 192-193), ағайыным, бауырым деп, солардың абыройын ойлап ат салысып жүрген, ғұмырында жақсылығы мол інім Абаев Жұмабек Байбатшаұлы – Қаратаудың кіндігі атақты Ащысай кенішінің тумасы. Оқырмандарға ұсынылып отырған Жұмекеңнің «Тасша» шежіресін ізденіп, толықтырып, әр түрлі деректер жинап жүргеніне 10 жылдан астам уақыт өтті. 2003 жылы баспадан жарық көрген «Бәйдібек Баба – Алып Бәйтерек», «Ысты» шежіресін баспаға даярлағанда көп ағайындардың ішінде өте жауапкершілікпен қараған азаматтың бірі Жұмабек ініміз. Бәйдібек баба ұрпақтар шежіресін жинауда Жұмакеңнің уақытпен санаспай күн-түн отырып көз майын тауысып «Тасша» шежіресін, «Таздар» шежіресінің біразын, «Ойықтың» біраз атасын жазып шыққанын – Бәйдібек Баба ұрпақтарының шежіресін жинақтаушы, құрастырушы Алматы қаласының тұрғыны бас шежіреші Серікбек Еркінбекұлы да айтып отырады.

Абаев Жұмабек «Тасша» шежіресін дайындауда сонау Ащысай, Кентау, Байжансай, Орловка, Алматы, Астана, Ташкент, Шаян, Бөген, Жанатас, Түркістан, Мәскеу, болса да Шымкент қалалары мен елді мекендеріне бірнеше мәрте барып, қона жатып өте жауапкершілікпен еңбек етті.

Жұмекең 60-жасқа толғанда: «Сіз ата-баба рухтарының ризалығы мен бүгінгі бауырларының біліп-тануы үшін іздене, сұрастыра жүріп «Тасша» үрім бұтағы, ата-бабасының шежіресін жазып үлкен «Ысты» шежіре кітабына енгіздіңіз. Қазақ шежірелерінде кездеспейтін «Тасша» атаның ұрпақтары бүгінгі үлкен Ата шежіренің жүз шақты бетін алып тұр. Түсінген кісіге бұл еңбегің үрім-бұтақ, бауырларың үшін мәңгілік, елеулі – үлкен тірлік» - деп жазды Облыстық Д.А.Қонаев қоғамдық қорының алқасы өзінің арнау-құттықтауында.

Жұмекең Облыстық Д.А.Қонаев қоғамдық қорының аяғына тұруы үшін бірінші күннен үлкен еңбек етті. Қор ашылған жылдары қорға қомақты қаржы түскен екен, өкінішке орай талант-тараж болыпты. Ол қаржыдан үкіметке әжептәуір салық төлену керек екен. Мені облыстық, қалалық (бастықтары: Нұралы, Асқар деген жігіттер) салық комитетіне алып барып қор құжаттарын ретке келтіріп, салық комитеті алдында қарызы жоқ деген қағазды алып, қор жұмысын жаңа – таза парактан бастадық.

Өз басы да Қазақтың ұлы перзенті Д.А.Қонаевты мәңгілік есте қалдыруда, оның еңбегін халық алдында насихаттауда, үлкен еңбек етіп келеді. Д.А.Қонаев туралы газеттерге бірнеше мақалалар жазды.

Д.А.Қонаевқа Шымкент қаласында ескерткіш қоюға, мұражай салуға ат салысты. Қордың атынан газет шығаруға бірінші болып ой салып, пікір айтты. «Аталар сөзі» газеті жарыққа шыққан жылы 5-6 ай бойы келініміз Дәметкен екеуі «Евразия Пресс» мекемесі арқылы 11 ауданға тегін тасымалдап-жеткізіп тұрды, бұл редакция алқасы аяғына тұру үшін үлкен көмек болды. Бүгінгі күндері «Аталар сөзі» газетінің таралымы 10000-нан асты. Газетке жазылуды ұйымдастыруда, таратуда бүгінгі күніде Жұмекеңнің отбасы игілікті істерін жалғастыруда.

Қорыға айтқанда, Абаев Жұмабек қай салада болмасын Отан алдында, ағайын алдында адал еңбегімен абырой алып жүрген азамат. 14 жасынан әкесіз өскен Жұмабек ағалары мен аталарының айтқан тәрбиелік мәні бар сөздерін жастайынан санасына мысқалдап жия жүріп жоғарғы адамгершілік пен парасаттылық иесі болып қалыптасып өсіп, міне бүгін

ағайын «кәдесіне» жарап Тасша тарихында өшпес із қалдырып 4-ата Тасшаның шежіресін бірінші болып жарық дүниеге келтірді. Мен Шаян (Бәйдібек) ауданын, оның ішінде Бөген совхозы (Мыңбұлақ), Қайнарбұлақ елді мекендерінде өсіп-өніп жатқан азаматтарды бір кісідей өте жақсы білемін, соның бірі Жұмабек ініміз. Жұмекенмен талай жиындар мен жиналыстарда, дастархан басында бірге болып және күндіз-түні жол үстінде жолымыз бірге болды. Қасындағы кісіні ешуақытта зеріктірмей не бір қызықты уақиғаларды айтып отырады. Техника, дін, саясат, тарих, экономика, медицина, т.б. салаларда терең білімі бар азамат. Сол білімге деген құштарлығының, төзімділігінің бір айғағы Тасша шежіресінің дүниеге келуі. Оқырмандар бұл кітапта Тасша шежіресінен басқа – жастар тәрбиесі үшін де бай материалдармен таныса алады. Мен білетін, араласатын Тасшалардың ішінде Жұмекендей қарапайым, таза, іскер, білімдар, өз қатарының алды азаматты кездестірген емеспін.

Шежіре ұлтымыздың, руымыздың өсіп-өнген тарихынан дерек білдіруімен бірге, мықты бірлігін, олардың қиыспас туыстығын, ажырағысыз сезімін, ынтымақтастығын, ерлік өнегесін т.б. жақсы қасиетті істерін паш етіп, қан тазалығын сақтау дәстүріне ерекше мән береді. Сондықтан да руды айырып, шежірені білу әр қазақ азаматының міндетті борышы болып келеді.

Абаев Жұмабектің «Тасша шежіресі және ұлықтардың ұрпаққа өсиеті» - атты кітабы «Ысты» шежіресінің бір «бұтағы» ретінде тарихта орын алатынына сенім білдіремін.

Кітап жүзі жарқын болып, ұрпақ тәрбиесінде ерекше орны болып, әр отбасының төрінен орын алсын деп тілек білдіріп, Жұмекенді, оның ұл-қыздарын Ата-баба әруағы қорғап-қолдап жүрсін, екі дүниеде Аллаһтың рахымында болсын деп батамды беремін. Әмин!

*Бахтияр Әжібекұлы,
Оңтүстік Қазақстан облысының, Сарыағаш,
Бәйдібек аудандарының Құрметті азаматы,
Республикалық дәрежедегі айрықша еңбегі
сіңген зейнеткер, Облыстық Д. А. Қонаев
қоғамдық қорының және «Ысты» баба
ұрпақтарының президенті.
Шымкент қаласы.*

Бұл еңбек Қазақ елі Егемендігінің 20-жылдығына арналады.



**Тарихты оқып білуді - өз әулетіңнен,
жеті атаңнан баста**

**Ру шежіресін білу – сахара төсінде көшіп-
қонған қазақтар үшін,.. ғасырлар бойы бүкіл
қазақ – бір атаның ұрпағы, бір ағаштың бұтағы
деген ұстаным бойынша өсіп өркендеп отырған.**

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ,

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті.

ҰЛЫ ДАЛА – ҚАЗАҚ ЖЕРІ, ҚАЗАҚ ЕЛІ **(Шежіре туралы қысқаша мәлімет)**

«Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ», «Мемлекетіміздің дінгегі қазақ халқы. Ел де, жер де – қазақтыкі» - деген Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың алтынға бергісіз сөздері бар.

Қазақ халқы көшпелі және отырықшы өмір салтымен, кен байтақ өлкесімен, бай әлеуметтік қатынастарымен, өзіндік дәстүр-өнегесімен адамзат тарихынан үлкен орын алған іргелі елдердің бірі. Өте ерте замандардан бері батыр бабаларымыз олардың данқты ұрпақтары осынау ұшы-қиырына көз жетпейтін ұлан-ғайыр даласын, бейбітшіл елін жатжұрттықтардан найзаның ұшы, білектің күшімен қорғап отырып, бүгінгі бақытты ұрпаққа мұра етіп тапсырды. Не бір көріпкел ата-бабамыз болашақты дәл болжады, келер күннен жақсы үміт күтті. Азаттық, теңдік, татулықты ту етіп көтеріп, ынтымақты болуды жырлап өтті.

Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәбит Мұқанов «Халық мұрасы» кітабында: «Ғалым Н.Бичуриннің жазып қалдыруынша біздің дәуіріміздің 635 жылында қазіргі қазақ даласында, түркі тілдес көшпелі сактар өздерін сыртқы жаудан қорғау үшін үш Орда құрған. Олар Ұлы (үлкен) орда, Орта орда және Кіші орда болып топтасқан, яғни қазақтар Ұлы, Орта және Кіші жүзден тұрған.

I.Ұлы жүз – Үйсін даласы. Ол Жетісу жері – шығысы Қаратал өзені, батысы Шу мен Қаратау, Балқаш өңірі. Бұған Қаратау қойнауы, Шыршық, Ангрен, Сыр, Арал өңіріне созылған Қаңлы даласы қосылады. Кейін бұл өңірге шығыстан Жалайыр тайпасы келіп қоныстанған. Осы үш үлкен тайпалардың негізінде Ұлы орда құрылды. Ұлығы – Жалайырлар болды, таңбасы – «Жалау» (Ту), ұраны – «Бактияр» деп белгіленді.

II.Орта жүз – Қыпшақ даласы. Ол Шыңғыс тауынан Торғайға дейін созылды. Қаратал өзенінің оң жағы, Сырдарияның орта ағысы, Балқаштың солтүстігі, Алтай мен Сарыарқа өңірі. Бұл аймақты ескі Ғұннан тараған Оғыз, Қыпшақ, Қарлық елдері мекендеді. Бұл үшеуінің ұрпақтары Найман, Керей, Уак, Қыпшақ, Арғын және Қоңырат тайпалары, рулары негізінде Орта орда, Ұлығы – Арғын, ұраны «Ақ жол», таңбасы – «Көзтаңба» болды.

III.Кіші жүз – Алшын даласы. Ол Сырдың төменгі ағысы, Арал теңізі мен Еділ, Жайық өзендерінің бойы. Алшынның негізгі түбі – қарақырғыз. Ұлығы – Алшын, ұраны – «Арғымақ», таңбасы – «Найза» болып белгіленген.

Қазақ даласын үш Ордаға бөлу, ол Орда басшыларының, халқының, жердің, елдің иесі солар екендігін көрсетіп, олардың елін, жерін сыртқы жаудан сақтауда жауапкершілігін арттырды.

Сонымен: **I.Ұлы жүз – Үйсіндер:** Дулат, Албан, Суан, Сары-Үйсін;

Шапырашты, Ысты, Ошақты;

Жалайыр, Қаңлы, Сіргелі, Шанышқылылар.

II.Орта жүзге: Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақтар кіреді.

III.Кіші жүз: 1.Он екі ата Байұлы – Адай, Беріш, Алтын-Жаппас, Есентемір, Таз, Байбақты, Тама, Масқар, Алаша, Қызылқұрт, Шеркес және Ыстық.

2.Үш ата - Әлім, Шөмекей және Кете.

3.Жеті ру – Табын, Тама, Жағалбайлы, Тілеу, Кердері, Керейт және Рамазан.

Біздің ұлтымыздың басқа ұлттарға карағанда ерекшелігін бейнелейтін, кан тазалығын сақтаудағы дәстүрі – ата шежіресін қатаң сақтауы. Шежіре қазақ тарихын зерделеп, тереңдеп білу үшін аса қажет нәрсе. Ол әрбір жаңа ұрпақтың «біз кіміз, ата-тегіміз кім еді, қай жерде мекендеді, біздің тарихымыздың дамуында ата-бабалардың орны қандай» - деген т.б. сұрақтарға жауап береді. Шежіре – атадан балаға, баладан немере, шөбереге мирас болып, ауыздан-ауызға тарап келген шежіренің жазбаша нұсқасы да аз болмаған. Халқымыздың асыл азаматтары Шокан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Батырбек Бақтиярұлы қазақ шежіресін жинауға, жазуға, баспаға бастырып шығаруда келешек ұрпақ үшін өшпес із қалдырды. Қазақ шежіресіне тек қазақтар ғана емес, Н.А.Аристов, П.П.Румянцев, А.Н.Бичурин, В.Бартольд, Н.Кононов сияқты орыс ғалымдары да үлкен еңбек етіп аттары тарихта қалды.

Ендігі әңгіме Ұлы жүз – Тасша шежіресі туралы. Оқырманға бірден түсінікті болу үшін осы кітапқа өзімнің Есімхан немеремнен бастап Тасшаның төрт атасынан қысқаша үзінді келтіріп, Жайлықан бабаға дейін қысқарған түрде схема (үлгі-сызба) келтірдім. Тасша – Ыстының бір бұтағы. Ысты – Бәйдібек бабадан тарайды. Бәйдібек баба тарихына тоқталып өтелік, себебі Бәйдібек бабаны кейбір шежірешілер-жазушылар XI-XII ғасырда өмір сүрген деп ғылыми-тарихи шындыққа жанаспайтын деректер келтіріп жүр, бұл біріншіден. Екіншіден - әрбір Бәйдібек баба ұрпағы, баба өмірі туралы барынша шындықтан хабардар болуы керек.

Бәйдібек бабаның әкесі Қараша хан (530-604) Батыс Түрік хандығын әкесі Ұлы қаған Естеместен (576 жылы қайтыс болған) мұралаған.

Қараша немесе Қараша би, Қытай жазба деректеріндегі Қараша хан – қазақ халқының белгілі айбырлы тұлғаларының бірі. Қараша ханды қытайлар Дяньгу, ал Л.Гумилев оны түрікшелеп Қара Чуриң деп жазған. Ел билеу сырларын ерте ұғынып, сан соғыста шыныққан тәжірибелі Қараша таққа отырып, хан болған кезде, мемлекет 30 жыл бойы барынша нығайған. Отыз жылдай мемлекет басқарған Қараша ханның жасы ұлғайған кезде шығыстағы азулы көрші Қытай қалың қолмен соғыс ашады. Осы соғыста Қараша хан ордасын тастап шегінуге мәжбүр болады. Тараздың іргесінде өткен осы қырғын соғыста 74 жастан асқан Қараша хан 604 жылы қаза тапқан деп Қытай жылнамашылары жазып кеткен.

Бұл жерде бір тарихи дерек келтіре кеткім келеді, себебі оқырман біздің бабаларымыз жаудан тек жеңіліп келген екен деген ой тумас үшін Я.Бичуриннің «Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена» т.1-3, м-л, 1950 ж. деген еңбегінде біздің мемлекет құрған арғы тегіміз Ғұн, Үйсін, Қанлы 2-3 миллионға жетіп, 15 миллион халқы бар Қытай мемлекетіне тыныштық бермей, бұлардан қорғанған қытайлықтар бес ғасыр бойы Ұлы Қытай қорғанын тұрғызған. Ол да бөгет болмай, түркі халықтары Солтүстік Қытайда он алты мемлекет құрған. Бұл да біздің бабаларымыздың батырлығы мен ержүректігін әрдайым еске салатын тарихи шежіресі.

Қазақ жеріне сұғына кірген қытайлықтар тұрақтап көп тұра алмаған. Шешуші сәтте мемлекет билігін өз қолына алып, елдің басын біріктірген Қараша ханның кіші ұлы Бәйдібек басқыншыларға соққы береді. Осы соғыста ерекше талантымен танылған Бәйдібек хан сайланады. Қытай әскерін Еренқабырға тауларынан асыра қуып, ежелгі Турфан өлкесіне дейінгі жерлерін қайта азат етеді.

Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы: бабамыз Бәйдібек хижра жыл санауынан 13 жыл бұрын туыпты да, сексен алты жасында өз ажалынан Қаратауда, Бөген өзені бойында дүниеден қайтыпты» - деп жазған. Биыл хижра жылының 1431 жылы екенін ескеріп, Ұлы Баба бұл санаудан 13 жыл бұрын туылса онда: 2010 ж. – 1431 + 13 = 566, яғни V-VI ғасыр болады.

Осы заманның тарихшысы Қожабекұлы Албани, «Қытайдың тарихи сөздігінің» түрік тарауын ашып карағанда б.д. V-VII ғасырында Бәйдібек Бабадан тікелей тарайтын бірнеше

хатты – алды сонау Астана, Алматы қаласында тұратын тасшаларға, соңы Оңтүстікте тұратын ағайындарға қолма-қол тараттым. Сол өтініш-хатқа оншақты бауырларым жауап беріп, материал әкеп берді, басқа тасшалар әлі «оянбай, ұйқыда жүр». Мәскеу қаласынан қысқаша өмірбаянын Асқар Жанғалиұлы факс арқылы жіберді, сонау Ақтаудан Алмасхан інім әдейілеп келіп, ата-бабасын түгелдеп, үрім-бұтағын толықтырып жазып кетті. Қанекен қажы көкем материалдарды бұдан екі жыл бұрын жеткізген. Алматыдан Ойықбай, Тұрсын ағалардың өте жауапкершілікпен қарағанын айтуға тұрады. Біраз Тасшаның азаматтары «Қаратау түлектері» - атты кітап жарыққа шыққанда, маған «біз неге жоқпыз?» - деп сұраған. Ол кітап баспаға дайындаларда осыдан бес жыл бұрын Тасшалар Президентін сайлау жиналысында 100-ден астам азаматтар алдында «кітап дайындалып жатыр, өздеріңіз, ата-бабаларыңыз туралы материал әкеліп беріңіздер» - деп хабарландыру айтқан болатынымын, бір Тасшаның азаматы бір парақ қағаз әкеліп бермеді. Алыста тұратын Тасша бауырларымды айтпай-ақ қояйын, осында, Шымкентте, күніге қасымда жүрген бауырларымның балаларын, немерелерін екінші біреулерден сұрастырып жазуға тура келді. Астана, Алматы, Ащысай, Кентау қалаларына, Бәйдібек ауданындағы ауылдарға бірнеше барып, жоғарыда айтқан қағазды таратып «Шежіреге материалдарды тез жеткізіңіздер» - деп өтініш жасап кеттім. Жазылып жатқан шежіреден ата-бабасын түгендеп, үрім-бұтақтарын көріп кетпек түгілі, осы Тасшалар туралы бөлек жазудың өзі керек пе? – деген. Ата-баба шежіресі керек болғасын болу керек, сонау Солтүстік Ресей елінің Норильск қаласынан Нұрлыбай Төлентайұлы бауырым келіп: “Көке, Сізді Тасша шежіресін жазып жүр дегенді есітіп мен Сізге әдейілеп келдім, мынау біздің ағайындар”, - деп жиырма шақты адамдарды жазып беріп кетті. Басталған игілікті іске атсалысып араласпау адамның ой-өрісінің таяздығынан екенін әркім білуі керек.


Мен, өзім және көптеген азаматтар Мұхамеджан Тынышбайұлының 1925 жылы Ташкент қаласында шыққан “Қазақ шежіресі” кітапшасын “көзімізге сүртіп оқимыз, бұл кітапша 100-жыл бойы сатылуда, іздеп жүрген кісі қанша!”


Үлкен тарихты оқып-білу жеке адамның өмір тарихынан тұрады, жеке адам – жеті атадан тұрады. Жоғарыда «Тарихты оқып білуді - өз әулетіңнен, жеті атаңнан баста»-деген Ұлылардың сөзін жазып келтірдім. Мен өз басым 50-жасқа келгенше 7 ата түгілі, 3-ші бабамды білмейтінмін, аталарымның қай жылы туылып, бұл дүниеден қайтқаны туралы ақ қағазда бір қатар жол жоқ. Жалғыз мен емес басқаларда солай. Шежіре жазып жүріп, кейбір Тасша азаматтарының басқа рудың атын алып жүргендерді де кездестіріп, түп-тұқиянға дейін дәлелдеп Тасшаға қайта қайтардық. Міне, Тасша-Тасша болғалы, Тасша тарихында Тасша шежіресі бірінші мәрте жарыққа шығып, бөлек кітап болып сіздің қолыңызда тұр. Бұл кітаптың құндылығының тарихтағы орнына, өткен Ата-баба мен үрім-бұтақ алдында мәнділігіне баға берер сіз. Менен кейінгілер толықтырып, жақсылап жаза берер, бұл кітапты Тасшалар туралы келешек көп кітаптардың «беташар» кітабы, бұл кітап бағыт-бағдарлама, жол-жоба деп қабылдаңыз.

Міне, алдыңызда Тасша шежіресі – танысыңыз!

Абаев Жұмабек Байбатшаұлы



Ұлы жүздің үлгі - қысқа, төте шежіресі







Күнтуов Тілеген - Күсей Тасша шежіресінің Қошанов Айтбек мырза жазған нұсқасын маған тапсырып үлкен жәрдем етті, осы нұсқаның арқасында Күсей Тасша шежіресі өте сапалы жазылды. Мен, біраз ретке келтіріп, соңғы 50-жылда дүниеге келген азаматтармен толықтырдым.

Тілегеннің әкесі Қорғанбек көкем сонау Ұлы Отан соғыс жылдарынан бері 20-жылдан астам Түркістан-Ащысай тау-кен теміржолында (Т.Г.Ж.Д.) вагон реттегіш болып еңбек етті, анасы 93 жасында Шымкент қаласында дүниеден қайтты. Тілеген 25-жыл бойы Шымкент қаласы салық инспекциясында.




Сәкен Шәуменұлы - Алғабас аудандық поштаны көп жылдар бойы басқарды. Соңғы жылдары Алғабас ауылы (совхозы) әкімі.






Алпамыс Есжанұлы - өте қайратты, шабандоз, жекпе-жекте ешкімнен жеңілген емес.
 Жұбай Жанысбекұлы - 1920 жылдары Өзбекстаннан өтіп кетіп, 1970 жылдардан Біргелікте тұрды, ол жерде қазір үрім-пұтағы үлкен бау-шарбағымен жақсы үйлері бар.





Бaqберген баба Ресей патшалығы кезінде 18 жыл Тасшада болыс болған, ағайындардың өсіп-өнуіне, әл-ауқатының, мал-жанының көбеюіне мейлінше жағдай жасаған.







Қуаныш Әмірсейітұлы - мемлекет қауіпсіздік комитет қызметкері (КГБ). подполковник.


Сақ Шәлкеұлы - Ұлы Отан соғысы жылдары Ащысайда атақты кенші, "Стахановшы", 300-500 пайыз жоспар орындаған.

Ұрысбай Досанұлы - Бәйдібек ауданы бас мал дәрігері, ауылшаруашылық ғылымы кандидаты.






2. Сырымбет



Қарамырза




Икрам Ойықбайұлы - Қазақстанға белгілі мүсінші, Алматы қаласында тұрады.



Омархан Серәліұлы - "Шымкентжарықта" директор орынбасары. Бәйдібек ауданы Ақтас бұлағы шипалы судың егесі. Шымкент-Шолақорған жолымен 200 шақырым. Жарты-төбеден солға 18-шақырым, шатқал тау ішінде.



Рақымбай Мырзабайұлы - инженер құрылысшы, Кентау қаласының өркендеуіне ерекше еңбек етті, 75-жасында, 2010 жылы дүниеден өтті.




Шалабай Құлтасұлы -ҚазССР-іне Еңбегі сіңген экономист, СССР халықшаруашылығын жоспарлау үздігі.

Аманбай Жұманұлы - Қайнарбұлақта 35 жылдан астам жоғарғы санатты білікті мұғалім, талантты әнші, күйші, термеші.

Әнипа Жұманқызы - 30 жылдан астам музыка пәні мұғалімі, өте жоғары әнші, домбырашы, айтыскер, ұшқыр-қиял термеші, жүздеген әндер мен термелерді жатқа айтады.

Есенбай Жұманұлы - әнге, домбыраға “шілі жаяу” емес. Шымкентте бірнеше көрнекті үйі және Бәйдібек ауданы Боралдай өзені бойында 50 га бау-шарбағы, демалыс жайы бар.




Шекербек Бабанұлы - Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан, көптеген медальдар, ордендер иегері.

Әшірбек Бабанұлы - атақты кенші, "Стахановшы" болған.


Асанбек Бабанұлы - Түркістан өлкесі білетін белгілі шабандоз, мінген айғырының жүйрігінен көбіне салымды осы кісі салатын, Түркістаннан-Ащысайға (75 км) шапқанша еш көкпаршы жете алмайтын.


Бекпатша Абайұлы - көріпкел-балгер-палшы болған, замандастарының алдыңғы өмірін қатесіз, бұлжытпай білетін қабілеті болған.





Керімқұл Сауранбайұлы - Тасша ішінде бақуатты, бай болды. Ащысайдан 10 шақырым жерде Керімқұл сайы, жайлауы, бұлағы, бау-шарбағы атты жерлері бар. "Қыздай үш әйел алды", - бірақ құрсақ көтермеді, 75-жаста Сергода қайтыс болды. Менің әкем дүниеден өткенде басында отырғанда көзіне жасалып: "Байбатша, сенің артыңда із қалды, мен тұқымсыз өтетін болдым" - деп айтып отырғанын естігенмін. Әкеме неше мәрте Құран оқып бағыштасам, бұл кісінің аты қатар тұрады.

Досәлі










Бердібай баба - 1904 жылы 10 ай жүріп, Меккеге барып, Қажылық парызын өтеген, Арабша сауатты болған.



Нәби Ақбаев Маханұлы - Мыңбұлақта (Бөген совхозы) көп жылдар бас есепші болып, ауылдың әл-ауқатын көтеруде, ағайын басын біріктіруде ерекше еңбек етті.







Асқар, Қуаныш, Ғалымжандар - Москва қаласында 30-жылдан бері тұрады, ірі аяқ-киім фабрикасы, Внукова тасжолы бойында көрнекті үш қабатты әсем үйлері бар.



Қансейіт қажы - Бәйдібек, Созақ аудандырының "Құрметті азаматы" бірнеше елді-мекендердің экономикасын көтеруде, мәдениетін арттыруда, жастарды тәрбиелеуде, бау-бақша ектізіп, көгалдандыруда ерекше еңбек етті. Отбасы тірлігіне, қоғам жұмысына, ағайынның татулығы мен бірлігін сақтауда бұл кісіге теңелетін Тасшада азамат жоқ. "Тасша бауырларымыз өссін, өнсін алдыңғы қатарлы өмір сүрсін" - деп "тер" төгіп жүрген адал да, асыл бір туар Азамат қариямыз, бүгінгі күні 85-жаста.



Жансейіт Қансейітұлы - Егемен Қазақстанның аяғына тұрып, дүние жүзіне танымал мемлекет болуына ерекше еңбек етіп, 2007-2010 жылдары Білім және ғылым министрі, 2010 жылдың қазан айынан Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы төтенше және Өкілетті елшісі қызметіне тағайындалды.

Байсейіт Қансейітұлы - Алматы облысы бәсекелестікті қорғау комитетінің төрағасы.
Иманкелді Қансейітұлы - Мыңбұлақ ауыл округі әкімі.


Шора Нұрманұлы - 1886 жылы дүниеге келген. Аңшы, батыр кісі болған. Бұл кісінің аңшылығының ерекшелігі тазы иттердің бірнеше түрлерін ұстаған. Әр тазының өзінің атқаратын міндеті бөлек-бөлек болған. Бір тазылары үңгір ішінен қоян, түлкі, қасқырдың балаларын алып шығатын қасиеті болса, екінші тазыдан қоян, түлкі, құстар қашып құтыла алмаған. Тазы иттерді аңда пайдалнуымен қатар, ол кісі аңдарға қарсы қақпанды да шебер құрып пайдалана білген.

Әттең, жазбаша деректер жоқ, Шора бабаның батырлығы ерекше, өте жүректі болған. Аңшылықта жүргенде үңгір ішінде ұйықтап жатқанда бір үлкен-ұзын жылан ылжып денесінен өтіп, аузына дейін келген, оған дейін тырп етпей жатып, тура көз алдына келгенде шап беріп басынан ұстап өлтіріп тастаған.


Бір мәрте қақпанға түскен арлан қасқырмен алысып, бірін-бірі алалмай, ақыры Шора баба арлан қасқырды жеңіп, терісін әкеліп үйдің бұғат ағашына (стропила) іліп қойғанда тері жерге жетіп тұрған. Қасқыр терісінен ауыл иттері қорқып, үруге шамалары келмей қалса, ал ауыл балалары ол маңайдан аулақ қашып жүретін болған.






Төлеген Ерназарұлы - 35 жылдан астам еңбегі сіңген құрылысшы, Астана қаласыдағы 40 қабатты "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы офисі және басқа ғимараттар, қазақстанның шығысы мен батысындағы Төлегеннің жетекшілік-басшылығымен бой көтеріп салынууда.





Әудіқадір Серікбайұлы - О.Қ.О. белгілі ревизор болды.

























Тілеуқабил Сүлейменұлы - Бәйдібек ауданында көп жылдар тұтынушылар қоғамында мүлік тасымалдаушы, есеп-қисап қызметкері, ауылдың әл-ауқатын көтеруде адал да ерекше еңбек етті, Шымкент қаласында алдыңғы қатарлы жеке кәсіпкер, жұбайы Хатира Қоңырдың қызы, 40-жыл еңбегі сіңген сауда қызметкері.


Байтелі















Өмірізақ Әбдірайымұлы - Бұғал Тасша шежіресін жинауда ерекше еңбек сіңірді, 67-жасында Шымкенттегі Ордабасы мешітінде арабша хат танып, білім алып, Ақбастанда белгілі молда. Ағайын алдында үлкен абыройлы, бауырмал, ізденімпаз Тасша. Байжансай көнінде көп жыл көнші болып, зейнеткерлікке шыққан. Асыл да адал, өсіп-өнген азамат.




Жаманбай

















Дербер





















Ескендір Алдабергенұлы - бухгалтер, заңгер мамандығын игерген, Шымкент қаласында көп жылдар үлкен мекемелерде бас есепші қызметінде болды.




Ашықбай Әбдіқасымұлы - 26 жасынан колхоз бастығы, Түркістан, Сайрам аудандарының Құрметті азаматы, Еңбек Қызыл Ту және басқа ордендер мен медальдармен марапатталған, О.Қ.О ауылшаруашылығын өркендетуде, халқының жағдайын көтеруде күндіз-түні ерекше еңбек еткен азамат. Қалың Өзбек халқының арасында тұрып өмірінің соңғы күніне дейін Сайрам ауданы, "Ардагерлер кеңесі" төрағасы қызметін атқарды.




Тағайдулла Исабекұлы - "Нұрдана-LTD" ЖШС баспаханасының директоры, Шымкент және басқа қалалардың азаматтарының еңбектері, т.б. құжаттары осы азаматтың басшылығымен шығуда. "Ысты" шежіресінің екінші басылымы Тағайдулланың баспаханасынан шықты. Ағайын алдында өте өнегелі, кішіпейіл, адал да асыл, үлкен абыройы бар азамат.








Ботқара → Жанқұлы




**Қосалы
(Қосымбет)**







Данияр





Малтабар



Шалбарбай























Нысанбай








Тастемір





Таңқы

























Мұса Қалтайұлы - О.Қ.О. және Республикаға белгілі заңгер (адвокат). Облыстағы 500 адвокаттың алдыңғы ондығында.





Қамбар Ыбрахым қажы ұлы - Ташкентте, Қазақ тілі, Қазақ мәдени орталығын басқарып, колледж директоры.







Бейсенбай Шынәліұлы - Ащысайда атақты кенші, "Стахановшы", жоспарды 500-пайызға жеткізіп, көп уақыт ұстап тұрған Жоғарғы кеңес депутаты, Еңбек Қызыл Ту, Ленин ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Үрия әпке Омарқызы - жездеміз Әзімхан қажы, Кентау қаласының Құрметті азаматы, жиен - Қошқарбаев Әмірхан КНБ қызметкері.





Түсініктеме: бұл шежіре тізбектің басы 1602 ж. жазылған Қадырғали Жалайырдың, 1776 ж. жазылған, 1993 ж. өңделіп басылған. Шапырашты Қазыбек Тауасарұлының 1876-шы жылы Құнанбай қажының Меккеден алып келген, 1945 ж. Шоңбайдың жырмен жазылған, 1911 ж. Орынборда баспадан шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының, 1925 ж. Ташкентте шыққан Мұхамеджан Тынышбайұлының және 1946-1974 ж.ж. аралығында жазылған ҚазССР ғылым Академиясы қызметкері Батырбек Бахтияровтың шежіре - еңбектері негізінде жазылды. Абаев Жұмабек Байбатшаұлы, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 110, тел.: 53-74-42, 27-20-43, 8 701 783 69 76.

ҮЛКЕН АДАМГЕРШІЛІК ПЕН АДАЛДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ ҚАНСЕЙІТ ҚАЖЫ АТА



Түймебайұлы Қансейіт 1928 жылы 15-сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданы, Мыңбұлақ ауыл аймақтық әкімшілігінің Қайнарбұлақ елді мекенінде туылған.

1958 жылдан КПСС мүшесі, білімі жоғары.

1959 жылдың қыркүйегінен 1962 жылдың шілдесіне дейін Шымкенттегі Қазақстан Орталық партия комитетінің облыс аралық Кеңес партия мектебін оқып, 1962-1967 жылдары СОКП Орталық комитетінің жанындағы жоғарғы партия мектебін сырттай оқып, жоғары білім алған.

1941 жылдың маусымынан 1942 жылдың қазан аралығына дейін Қайнар колхозында колхозшы, 1942 жылдың қазанынан

1957 жылдың ақпанына дейін Қайнар, Үсіктас, Ленин,

Қайнарбұлақ колхоздардарында есепші, бас есепші болып қызмет атқарған.

1957 жылдың ақпанынан 1959 жылдың тамызына дейін Бөген совхозы Қайнарбұлақ бөлімшесінде меңгеруші, 1959 жылдың қыркүйегінен 1962 жылдың шілдесіне дейін Шымкент қаласындағы Кеңес-партия мектебінде оқып, 1962 жылдың тамызынан 1962 жылдың желтоқсанына дейін ҚКП Шаян аудандық комитетінде нұсқаушы болып жұмыс істеген.

Шаян ауданының таратылуына байланысты 1962 жылдың желтоқсанынан 1964 жылдың шілдесіне дейін Созақ аудандық өндірістік партия комитетінде инспектор-партия ұйымдастырушысы болып, 1964 жылдың шілдесінен 1973 жылдың маусымына дейін Қаратау совхоз партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған.

Облыстық партия комитетінің келісімімен Алғабас ауданына ауысып, 1973 жылдың маусымынан 1976 жылдың желтоқсанына дейін Бөген совхозы Мыңбұлақ селолық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып, 1976 жылдың желтоқсанынан 1988 жылдың шілдесіне дейін Бөген совхозы партия комитетінің хатшысы болып жұмыс істеп, құрметті еңбек демалысына шыққан.

Одан кейін де 1988 жылдың қазанынан 1992 жылдың маусымына дейін совхоз директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарған.

Үздіксіз 51 жылдан аса жұмыс істеген. Оның ішінде Бөген совхозы Мыңбұлақ ауылында 41 жылдан аса, Кеңес-партия жұмысында 30 жылдан аса қызмет атқарған.

Қазіргі таңда Мыңбұлақ ауылдық аймағының ақсақалдар алқасының төрағасы қызметін қоғамдық негізде атқарып келеді.

Колхозда жұмыс атқарған кезінде колхоз шаруашылығын өркендетуге белсене араласып, егін-мал шаруашылығы салалары жоспарын асыра орындап, 1956 жылы алғашқы Республиканың миллиард пұт астық өндіруіне үлес қосқан.

1951-1953 жылдары бытыраңқы төрт жердегі Ақтас, Қайнар елді мекенді пункттерді бір жерге Қайнарбұлақ колхозы етіп, ұйымдасырып, қоныстандырып, саялы-мәуелі ағаштар отырғызылып, селоның мәдениетін арттырға елеулі ықпал жасаған.

1957-1959 жылдары Бөген совхозы Қайнарбұлақ бөлімшесінің меңгерушісі болып жұмыс істеген кезінде мемлекеттік жоспар асыра орындалып, совхоз дирекциясымен Шымкент облыстық Кеңес атқару комитетінің құрмет грамотасымен марапатталған.

Созақ ауданындағы жаңадан ұйымдасқан Қаратау совхозында 1964 жылдың шілде айынан 1973 жылдың маусымына дейін 9 жылдан аса жемісті еңбек етіп, совхоз орталығын Бақырлы деген жерден қоныстандырып ел жоқ жазық таудың етегінен көшелер тіліп, орта мектеп, 15-20 төсектік емхана, кеңсе, МТС-гараж, құрылыс цехы, қоймалар мен қоралар, т.б. көптеген құрылыстар салуға ықпал жасаған.

45-50 мың бас қаракөл қойы, 1200 бас жылқы, 800 бастан аса түйе өсіріліп, оларға тиісті қоралар салынып, мал азығын Шу өзені бойынан жасақтап совхоз табысты шаруашылыққа айналып, бірнеше рет облыс пен Республикалық жарыстың жеңімпазы аталып отырған.

1973-1976 жылдар аралығында Алғабас ауданы Мыңбұлақ ауыл кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеген кезінде және 1976-1988 жылдары Бөген совхоз директорының шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеген уақытысында мына төмендегі жұмыстарды ұйымдастырудың бел-ортасында, басы-қасында болып келген.

Село халқы мен елді мекенді пункттерде мәдени тұрмыстық жағдайын арттыру, селоның санитарлық тазалығын жолға қойып, көгалдандыруда бастама көтеріп, сембіліктер ұйымдастырып, совхоз орталығындағы Ишан тал деген жерден 25 гектар жерді шарбақтатып, 15 гектар алма, 5 гектар жеміс-жидек, 5 гектар саялы ағаштар отырғызып, Қайнарбұлақ, Қосбұлақ, Мыңбұлақ, Бестоғай бөлімшелеріндегі тозып кеткен ескі бауларды күтімге алдырып, өнім алуына тікелей басшылық жасап ықпал еткен.

Совхоз жұмыс істеген осы жылдар ішінде:

1 мәдениет сарайы, 2 бөлімшеге клуб, 1 сегіз жылдық, 1 орта мектеп, 95 орындық балабақша, 100-ден аса тұрғын үй, 4 жерден жем-шөп цехы, совхоз орталығынан су құбыры тартылып, 4 жерден монша, 60-70-тен аса мал қоралары, 53 саулық отардың қозыларына төлхана салынып, совхоз орталығындағы көшелермен Бестоғай бөлімшесіне асфальт жолдар төселіп, Мыңбұлақ, Қосбұлақ, Қайнарбұлақ бөлімшелеріне тас жолдар төселіп, 1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдары соғыста қаза тапқан 250-ден аса жауынгерлердің аты-жөні мрамор тасқа ойылып жазылып, «Ер есімі –Ел есінде» деген үлкен ескерткіш орнатылып т.б. көптеген игілікті жұмыстар ұйымдастырылып, совхоз орталығы облыс көлемінде үлгілі село қатарынан орын алған.

Шаруашылық саласы бойынша әр 5 жылдықтың көрсеткіштері де асыра орындалып келген.

1980-81-82 жылдары қатарынан екі рет СОКП Орталық Комитеті мен ВЦСПС-тың және БКЛЖО Орталық Комитетінің, 1982 жылы ҚКП Орталық Комитеті мен Министірлер Советінің, Республика кәсіподақтар Орталық Комитетінің және ҚЛКЖО-Орталық Комитетінің социалистік жарыс жеңімпазы атанып, ауыспалы қызыл туын алып, Республика ауыл шаруашылық көрмесінің құрмет тақтасына жазылып келген.

20-шілде 1983 жылы совхоз партия комитетінің саяси-партия, шаруашылық, мәдени ағарту жұмыстарының іс тәжірбиесі ҚКП Орталық Комитетінің секретариатында қаралып насихатталды.

Халықты еңбекпен камту мақсатында қолөнер жұмыстарына шұғылдандырып, жемпір, жүн-шүлік тоқу, киіз басу, тұмақ тігу, ертұрман жасау т.б. қолөнер жұмыстары ұйымдастырылып, арнайы дүкен ашылып, халыққа саттырылып, айлық табыс тауып отыруына ықпал жасап келген.

Сол сияқты халықтан мемлекетке ет үшін мал сатып алу, сүт сатып алу жұмыстары да жүргізілген.

Қансейіт Түймебайұлы бірнеше рет аудандық, облыстық партия конференциясының делегаты, аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық кеңестің депутаттығына сайланып, үнемі селолық кеңестің депутаты болып, берілген аманаттарын орындауға ат салысып отырған.

1941-1945 Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда аянбай істеген қажырлы еңбегі үшін Ұлы Отан соғысының 1941-1945 жылғы Жеңіс медалімен сол сияқты В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толу мерекелік медалімен, Ұлы Отан соғысы жеңісінің 30-40-50-60 жылдық медалдарымен марапатталған болса, Халық депутаттары облыстық Кеңес атқару комитеті, Қайнарбұлақ бөлімше меңгерушісі болып қызмет атқарған 1957 жылғы

көрсеткіші үшін және 50-60 жасқа толуына байланысты атқарған қажырлы еңбектері ескеріліп, мақтау грамоталарымен марапатталған.

Аудандық мәслихаты сессиясының шешімімен Түймебайұлы Қансейіт көп жылғы еңбегі ескеріліп, Бәйдібек, Созақ аудандарының Құрметті азаматы атағы берілген.

2001 жылы 20 ақпаннан 11 наурыз аралығында қажылық сапармен Мәдина мен Меккеде болып, зиянат етіп, қажылық парызын орындап қайтқан.

Қансейіт оның әкесі Түймебай, оның әкесі Нұрман, оның әкесі Бердібай бабасы 1904 жылы Мекке, Мәдинаға жаяулап, қырық күндеп құмда түйемен жүріп, қайықпен Қызыл теңізден өтіп, бір жарым жыл жүріп қажылық парызын өтеген.

Қансейіт Түймебайұлы жұбайы Ұлмекенмен 60 жылдан аса отандасып, 4 ұл, 9 қыз өсіріп тәрбиелеген. Олардың барлығы да жоғары білім алып, осы күнде Республиканың түкпір-түкпірінде тиісті алған мамандықтары бойынша қызмет атқаруда. 23 немере, 1 шөбере сүйіп отырған үлгілі жанұя басшысы.

Омархан Сералыұлы туысқаным айтпақшы: «Жұмабек, сен осы «Тасшалардың» азаматтарын да, әйелдерін де жақсы білесің» - деп. Сол мен жақсы білетін «Тасша» азаматының бірі қадірлі Қансейіт қажы көкем.

Шежіреден көргендей «Тасша» - Күсей, Бұғал, Сырымбет, Қоңқас – деп бөлінеді. Сырымбеттен Қарамырза, Қарамырзадан Дәуіт (Дәуетей), Досалы деген бабалар. Дәуіттің ұрпақтары біздер, Досалы ұрпақтары Қанекендер. Қанекенді 1971 жылы мен әскерден келгенде көргенім есімде. Біздер барлық уақытта Ащысайда тұрдық. Бұл кісілермен көрші менің туған жездем Қалдыбек атты кісімен Күлзия апай бірге тұрды. Қанекен жездемнің үйіне «Молоковозбен», есекпен талай келгенбіз, талай Бөгеннен Шаянға ұшақпен ұшқанбыз, ол кездер анық есімде жоқ.

Егемендік алып, заман тұрақталып, бала-шаға өсіп, аяқтарына тұрғалы Қанекен көкеммен көп дастархандас болып екі жақтан талай-талай жақсы әңгімелер айтылды. «Тасшаның» Қанекен көкем сияқты азаматымен замандас болып, жүздесіп өмір сүргеніме Аллаһқа мың-бір ризашылығымды білдіріп, бақытты екенімді айта аламын.

Бұл кісі барлық уақытта сергек жүреді, ширақ қимылдайды, әрдайым сабырлы, ақылды, қарапайым, ағайынға деген «жылылығы» мол, пейілі кең, дастарханы мол. Әңгімені айта да біледі, қасындағы кісіні тыңдай да біледі. Көкемнің қасында көптеген сағаттар бойы талай-талай әңгімелерді әр түрлі тақырыпта айтып отырған уақыттар болды. Бірге отыру жақсы демалыс, үлкен мектеп. Қанекен көкем барлық уақытта ауылдың, ағайынның болашағын ойлап іс жасаған, бүгінде онысын жалғастырып отырған үлкен азамат, елдің атасы, жәй ата емес Қажы атасы, ақылгөйі. Ұлмекен ананың сөзімен айтқанда: «Тасшаға келгенімде 50-жылдан асты, «Тасша» өссін, көгерсін, бір жерден шықсын, ел қатарлы өмір сүрсін деген екі-ақ кісіні көрдім, біріншісі біздің Қанекен, екіншісі мырзаға сен» - деген еді. «Тасшада» екі кісіні сыйласам, біріншісі Қансейіт қажы көкем. Еңбекқорлығы, ойының мөлдір тазалығы, ой-өрісінің кеңдігі, жоғарғы адами қасиеті, өсіп-өнген жанұялылығы – барлық ағайынның ол кісінің алдында басын идіруі.

70-жыл бойы елдің көркеюі мен ағайынның әл-ауқаты жақрауы үшін адал еңбек еткен Тасшаның асыл азаматы Қансейіт қажы қария 83 жасында 2011 жылғы шілденің 30-күні бұл дүниеден өтті.

ҚАРА СӨЗДІҢ САРҚЫЛМАС БҰЛАҒЫ – ӘМІРСЕЙІТ АҒА

Әлиев Әмірсейіт 1930 жылы наурыздың онында Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданындағы «Ақтас» ұжымшарында колхозшы Әлі мен Ұшығаның отбасында дүниеге келді. Балалық шағы Ұлы Отан соғысына тұспа-тұс келіп, орта мектептің бесінші сыныбындағы оқуын тастап, ұжымшарда колхозшы болды.



Соғыс басталғанда үзілген оқу ағайы Абылай жараланып, соғыстан оралған соң Түркістандағы педагогика училищесінде, 1943 жылы қайта жалғасты. 1951 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика факультетінің журналистика бөлімшесін бітірді. Облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде партия тұрмысы бөлімінің әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі болып істеді. 1953 жылдан КОКП мүшесі. Осы кезде бастауыш партия ұйымының хатшысы, Шымкент қалалық партия комитетінің мүшесі болып сайланды. 1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің баспасөз жөніндегі нұсқаушысы болды. 1960 жылы КОКП Орталық Комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген соң Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде лекторлар тобының

жетекшісі, одан кейін Оңтүстік Қазақстан өлкелік партия комитеті идеология бөлімі меңгерушісінің орынбасары, өлкелік, ол тараған соң облыстық радио және теледидар хабарларын тарату басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. 1970 жылы қарашада облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетіне редактор болды. Бұл қызметті 22 жылдан астам абыройлы атқарды.

1992 жылдың тамызында өз еркімен, Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетке шықты. Халық депутаттары облыстық Кеңесінің 1992 жылғы 5 мамырдағы № 11/192 қаулысына сәйкес өзі бұған дейін депутат ретінде, қоғамдық негізде атқарып келген ұлт мәселелері, ұлтаралық қатынастар және аймақтық байланыстар, азаматтардың саяси және қоғамдық бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі тұрақты комиссияның штаттағы төрағасы қызметін атқаруға кірісті.

1959 жылдан Қазақстан Журналистер Одағының, 1960 жылдан КСРО Журналистер Одағының мүшесі. Қазақстан Журналистер Одағы 1,2,3,4,5-съездерінің делегаты болды. КСРО Журналистер Одағының 4,5-съездеріне қатысты. Басшы қызметтерде жүргенде қатарынан 28 жыл бойы халық депутаттары облыстық Кеңесінің депутаты, 27 жыл облыстық партия комитетінің мүшесі болып үздіксіз сайланып келді.

Әбекең «Оңтүстік Қазақстан» газетінде қызмет атқарған жылдары газет «Еңбек Қызыл Ту» ордені, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 2 Құрмет грамотасы тапсырылды. Ал Әбекең болса, «Құрмет белгісі» (1973 ж.), «Халықтар достығы» (1982 ж.) ордендерімен, «Тың жерді игергені үшін», «Үздік еңбегі үшін» (1957 ж.), «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін медалінің куәлігі», «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30,40,50 жылдығы» (1975, 1985, 1995 ж.) медалімен, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 55 жылдығы құрметіне, «1941-1945 жж. Соғыс ардагері» белгісімен (2000 ж.), «Еңбек ардагері» (1982 ж.), «Еңбектегі ерлігі үшін», «В.И.Ленин туылғанына 100 жыл толуын атап өту» медалдарымен, 1998 жылы тәуелсіз республикамыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Астана» мерекелік, естелік медалімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Президентінің құттықтауын, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 2 Құрмет грамотасын, өлкелік, облыстық Кеңестердің 4 және Шымкент қалалық ардагерлер Кеңесі алқасының 1992 жылы Құрмет грамотасын алды.

Әмірсейіт Әлиев ағаға Шымкент қаласының, Бәйдібек ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Әбекең аға мен Бибігүл жеңгей екеуі бес ұл, бір қыз, он жеті немеренің ата-әжесі болды.

Әмірсейіт ағаны 1971-ші жылдың тамыз айында Шымкент қаласындағы Киров атындағы үйде тұрғанда іздеп барып таныстым. Өте жақсы қарсы алды. Бибігүл жеңгенің тәтті кеспе көжесін ішіп отырып жақсы әңгімелер айтылды. Көке дегеннен гөрі, жеңгейдің айтуынша, «Тәте» деп кеттім. Әбекең тәтем: «қалаға келгенің жақсы болыпты, жақсы

жүріп-тұрсаң ініміз дейміз, тәртібің нашар болса ондайды білмеймін, танымаймыз деп айтамыз» - деп мені шығарып салды. Әбекеңнің қасында 30 жыл дастархандас болып жүріп, туысқан інісі ретінде сөз келтірген жоқ шығармын деп ойлаймын. Маған деген ризашылығын менің өзіме де талай айтып отырды. 1999 жылы, мен 50-жасқа толғанымда, тойды ашып, мен туралы шешіліп сөйлеп, менің атыма көптеген жақсы сөздер, тілектер айтты. «Оңтүстік Қазақстан» газетінің редакторы деген – облыстық партия комитеті хатшысының оң қолы болатын. Ол кісінің алдына өтініш жасап барған емеспін. Жасымыз кіші болғасын «Аға», «Жеңге» деп, жиі-жиі шайға шақырып әрдайым сый-сияпатымызды жасап жүрдік. Соңғы жылдары мен қалалық, облыстық газеттерге мақалалар жазып жүрдім, сол мақалаларым сапалы шығу үшін Әбекеңе бір көрсетіп ақылдасатынымын. Бибігүл жеңеше, біздің газетке мақала дайындап отырғанымызды байқап «инженер бала, сен осы журналист болып кеттің ба?»-деп, миығынан бір күліп, бізге шай дайындап жүретін. Газетке мақала дайындағанда, кесіп-кесіп қатаң жазуға қолым бармайтын, бұл менің жасымнан жалтақтап жетім өскенімнің себебі және шешемнің «ешкімнің ала жібін аттама» деп құлағыма құйып кеткенінен болар. Әбекең болса «ей, ақыры жаздың ба, жазғасын ақ-қарасын, турасын жазсайшы» деп үйретіп отыратын. Ол кісі қара сөздің сарқылмас бұлағы еді. Менің жазған мақалама мен жүз күн ойланып табалмайтын сөздерді - сөз үстінде айтып қосып отыратын.

Ағайынға дегенде өте әділетті, кіші пейіл азамат еді. Аға туралы көптен-көп жаза беруге болады, мен ол кісінің қолында қызмет атқарған азаматтардың лебізімен аяқтайын:

«Алып бәйтерек, ақылман аға, ардақты азамат, шебер де әулие басшы, үлкен ұстаз...»

Анар Аспан «Оңтүстік Қазақстан» - газеті редакторының орынбасары.

«...Облыс журналистика саласында жүрген қаламгерлердің көбінің Әмірсейіттің «ұстаханасынан» өтпегені кемде-кем. Әбекең, ешбір жасансыз да қоспасыз, таза, мөлдір, пәк еді. Мінезі «қара жердей» ауыр, салмақты, байсалды болатын. Істе, қызметте қажымас «қара нар» еді. Жүрегі ақ, жаны адал, аса иман-пейіл де бауырмал жан еді. Біз, оған қай жағынан болса да тең келе алмайтынбыз. Мен онымен 53 жыл бірге жүріп, бірге тұрып, құдайы қоңсы болып, қызметтес, сырлас болғанымда оның біреуге «кіжініп тістенгенін», сыртынан бір ауыз артық-кем сөз айтқанын білмеймін».

Амантұр Мұсаев. Қазақстанға ерекше еңбегі сіңген зейнеткер жазушы-журналист.

«Дүниеде жақсы адамдар көп. Солардың ең ізгісі, жаны таза естісі Әбекең еді. Ол газетте жүргенде «күніне бір жақсылық жасайық» деген ұран көтерді.

Оразхан Жарқынбек, журналист.

«Әмірсейіт ағамен бірге істеген әр күніміз мерекедей – өте көңілді өтетін-ді. Өйткені бастықтың жайма-шуақ мінезі, ағалық ақкөңілі кімді болса да қанаттандырып, еңбекке деген ынтықты арттыра түсетін-ді».

Байдулла Қонысбек, журналист.

Әмірсейіт Әліұлы тәтенің асыл қасиеттерін, абзал азамат, өмірі мөлдір бұлақтай таза екені туралы мен сөз тауып, оқырмандарға жазып, айтып жеткізе алмаймын.

Осындай «Тасшаның» алып «Шынары», «Бәйтерегі» 2004 жылдың 7-ші желтоқсаны күні 75 жасқа қараған шағында бұл жалған дүниеден өтіп фәни дүниеге кетті. Ертеңіне «Қош бол, ардақты аға, алдың «пейіш» болсын - деп, шығарып салдық.

ШАЛАБАЙ ҚҰЛТАСОВ – ЕЛГЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ЭКОНОМИСТ



Шалабай Құлтасов 1935 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Шаян (Бәйдібек) ауданы Қайнар елді мекенінде дүниеге келген. Ащысай кеніндегі № 8 М.Горький атындағы орта мектепті 1952 жылы бітірді. 1958 жылы Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің өнеркәсіп – экономикасы мамандығын бітірген.

Ш.Құлтасов 40 жылдай облыстың экономикасын дамыту саласында еңбек етіп, оның ішінде 29 жыл қажырлы еңбегін тікелей Шымкент қаласының экономикасының дамуы мен өсіп-өркендеуіне жұмсады. 1960-1962 жылдары Шымкент қаласының гидролиз зауытында экономист болып жұмыс істеп жүргенде өзінің ерекше қабілеттігімен, сауаттылығымен көзге түсті.

1962 жылы Ш.Құлтасовқа үлкен сенім көрсетіліп, халық депутаттары Шымкент қалалық кеңесінің жоспарлау комиссиясының төрағасы етіп бекітілді. Бұл қызметті ол 18 жыл үздіксіз атқарып, жақсы қырынан көрінді.

Бірнеше мәрте қалалық кеңесінің халық депутаттығына сайланды. Ол қаланың экономикалық-әлеуметтік проблемаларын шешуде қыруар еңбек сіңірді. Қазіргі фосфоршылардың мәдениет, пионерлер сарайын, драма театрының, «Қазақстан» кинотетрының ғимараттарын, орталық стадионды, бірнеше мектеп пен емханаларды, тұрғын үйлердің салынуын жоспарлай отырып, олардың іске қосылуын қамтамасыз етті. Ол білікті экономист ретінде Республика Үкіметіне, сол кездегі Мәскеудегі жоспарлау органдарына бұдан басқа ірі құрылыс объектілерін салуға дәйекті ұсыныстар жасап, өз пікірін қорғай білді.

Ш.Құлтасовқа қала экономикасын дамытудағы қажырлы еңбегін бағалай отырып, 1971 жылы 36 жасында «Қазақстанның еңбек сіңірген эконмисі» - құрметті атағы берілді. 1972 жылы «Бүкіл одақтық (СССР) халықшаруашылығын жоспарлау үздігі» медалімен марапатталды.

1980-1988 жылдары «Шымкент құрылыс» тресінде, «Шымкент жиһаз» өндірістік бірлестігінде жауапты қызметтер атқарып, қала экономикасының дамуына жемісті еңбегімен үлкен үлес қосты.

1989 жылдан Шымкент орман шаруашылығы өндірістік бірлестігінде, кейін қайта құрылған облыстық орман, балық және аңшылық шаруашылығы басқармасында бас экономистің лауазымын атқарып, 1998 жылы маусым айында зейнеткерлікке шықты.

Шымкент қаласының «Горпланында» 18 жыл қызмет атқарғанда көптеген ағайындарға, жолдастарына көп шапағаты тиді. Басшылар алдында, қала тұрғындары алдында өзінің сауатты экономист екенін, жұмысты ұйымдастыра білетін қабілетін көрсете білді. Шәкеңе дейін, Шәкеңнен кейін «Горплан»-ды талай адам басқарды, олардың аты-жөнін қала тұрғындары білген емес.

Шымкент қаласының оқу орындарының директорлары, ректорлары, қала-облыстың бірінші басшылары Шәкеңнің айтқанын жерге тастамайтынын, Шәкең десе ішіп отырған асын қоя салатынын, Шәкең келгенде бәрінің тік тұратынын, Шәкеңді «Тәңіріден» кейінгі екінші адам деп сыйлайтындарын көп жерде көзіммен көрдім. Қаланың бірінші басшысынан Шәкеңнің ролі жоғары тұрды. Бұның барлығы ол кісінің өз қызметінің құқықтарын жоғары дәрежеде пайдалана білгенінде болды. Әмірсейіт тәтем өз көлеңкесінен өзі қорқып отырса, ал Шәкең бәрін белден басып, алдына келген адамның барлық ісін, өтінішін табанда шешіп жіберетін. Бұл азаматтың жұмыста сөз есітіп, тартылып, қысылғанын, дастархан басында сөз табалмай кібірткітегенін есітіп көрген

емеспін. Ойы ұшқыр, ой-өрісі өте терең, жан-жақты білімді дарын иесі еді. Дастархан басында отырыстың гүлі, қып-қызыл шоғы болатын. Дауысы, басы - Әміре Қашаубаевтан – кейінгісі Ескендір Хасанғалиевтан кем түспейтін. Туысқандар отырысында Мариям Жагорқызының «Дудар-ай»-ын, Ахмет Байтұрсыновтың «Аққұм»-ын өте нәшіне келтіріп, жуан дауыспен айтатын. Өзі айтып болғасын қоярда-қоймай Әмірсейіт аға мен Бибігүл жеңгеге «Қараторғай»-ды айттыратын. Бұл кісілер «Қараторғай»-ды Жамал Омаровадан кем айтпайтын.

Шалабай аға ағайын-туыстар түгілі алдына ісі түсіп келгеннің бәріне қолынан келгенінше жәрдем жасады. Жұмыс іздегендерге жұмыс тауып берді, оқуға түсем дегендерді оқуға түсірді, үйсіздерге үй әперді, үйленем дегендерді үйлендіріп тойын өткізіп берді, жол жүрем дегендерге көліктерін тауып берді, өлгендердің де отбасы үшін барлық жағдайды жасады. Осы жақсылықтарының біразын атап өтейін:

*Жаңабайға, Жұмабекке, Шәріпке, Омарханға, Ескендірге, Еркінге, Әбдіқадірге, Мырзабекке, Құрамысқа, Болысбекке, Әлімтайға, Амантайға, Амангелдіге, Орынбасарға, Қарабайға және де көптеген азаматтарға 3-4 бөлмелі пәтер әперді, ең бастысы – бәріне екінші, үшінші қабаттан. Шәкең пәтер әперген азаматтарды тізіп жаза берсем 2-3 парақ болады, бұлар тек менің білетіндерім.

*Жұмабекті, Жәмиланы, Әлімтайды, Гүлнарды, Болатты, Жанатты, Рабиғаны, Сағындықты, Серікті, Берікті, Шәрбанды, Фатиманың, Розаны және де көптеген жастарды институтқа түсірді.

*Жаңабайға, Шәріпке, Асанға, Амантайға және басқаларға «Москвич», «Жигули» жеңіл машина алып берді.

*Достары Арыстанбаев Үсіпбек, Сарыбай және де басқалар қайтыс болғанда олардың мүрдесіне мүсінімен өте қымбат ескерткіш тастарды өз қаражатына қойғызды.

Шәкеңнің адамгершілігін ешкім, ешуақытта жүрегі соғып тұрғанда ұмытпайды.

2008 жылдың 19-шы наурызы, Шәкең қайтыс болған күні ағайындарды ұйымдастырып біздің «Керемет» кафемізде 200 кісіге дастархан жасап әруағына құран оқытылды. 2010 жылдың 15-ші қаңтары, Шәкең 75-ке толды деп біраз ағайындарды, жолдастарын жиып құран оқыттық.

Баяғы Сарыбай досының баласы, «Казагро» бастығы Асылжан Мамытбековпен анасы Гүзал апай Шәкеңнің мүрдесіне 200000 теңгеге ескерткіш орнатты. Анасы екеуі сонау Астана қаласынан келіп құран оқуға, ескерткішті ашуға қатысты.

Шәкеңнің дер кезінде жәрдемі де жақсы ғой, бірақ ол кісіні адал азамат, ақ жүрегі, өте жоғары кішіпейілділігі, қызметі жоғары болса да сенен төмен тұруға дайын екендігі үшін қатты сыйлайтын. Қала басшысы болмасам да тәртібі нашар ініме 4-бөлмелі, Орынбасарға, Жәмилаға т.б. екі бөлмелі пәтер әперіп, біраз жастарды оқуға мен де түсірдім.

Шалабай ағаның араласқан адамдарға деген адалдығы, кішіпейілділігі, басқа адамдарға ешуақытта беріліп, қайталанбайтын ерекше қасиет.

Шәкең: «жақсылық жасасаң ұмытып кет, жамандық жасағанға кек сақтама, дұшпаныңа да жақсылық жаса» деген қарапайым қағидамен өмір сүрді.

АБДУҚАСЫМОВ АШЫҚБАЙ АҒА - ОТАНЫМЫЗҒА АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ



Абдуқасымов Ашықбай 1934 жылы қаңтар айының 11-ші жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданының Ойық ауылдық кеңесі «Қызыл-Ту» колхозында дүниеге келді. Түркістан қаласындағы В.И.Ленин атындағы қазақ орта мектебін бітіріп, Алматы қаласындағы зооветеринарлық институтқа түсіп, оқымысты зоотехник деген мамандық алды. Оқу бітірген соң, Түркістан ауданында «Ш-интернационал» колхозында бас зоотехник, Чапаев атындағы колхозға басқарма бастығы болып жұмыс істеді.

1959 жылдың сәуір айынан бастап Сайрам ауданы ауылшаруашылық басқармасының орынбасары, аудандық халық бақылау комитетінің төрағасы, аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары, аудандық ауылшаруашылық бірлестігінің төрағасы қызметтерін жоғары дәрежеде үлкен абыроймен атқарды.

1985 жылы Куйбышев атындағы совхоздың директоры, «Ачполиметал» комбинатының директорының орынбасары.

1998 жылдан Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Сайрам ауданы бойынша төрағасы болып, қазақ тілін ендіруде айрықша еңбек етті. Өмірінің соңына дейін Сайрам ауданы бойынша «Ардагерлер» ұйымының төрағасы болып, қазақ-өзбек арасында үлкен құрметке бөленді. Естеріңізге сала кеткім келеді, Сайрам ауданы тұрғындарының 50 пайызы өзбек ұлты екенін. Бұндай ортада жұмыс істеп, үлкен абырой алып, жоғарғы сенімге жету Ашықбай ағаға оңай келмеген болу керек.

2005 жылдың мамыр айынан, яғни 71 жасында Республикалық «Нұр Отан» саяси партиясы Сайрам аудандық өкілдігі төрағасының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

Ашекең ағаның Отан алдындағы адал еңбегін үкімет пен партияда жоғары бағалап, 1980 жылы «Құрмет белгісі», 1996 жылы «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, бірнеше медалдармен, 1983 жылы облыстық кеңестің грамотасымен, тың игерудің 30-40-50 кеуделік төс белгілерімен марапатталып, 1984 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына айрықша еңбегі сіңген «Еңбек ардагері» деген атақ берілді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің және Конституцияның 10 жылдық медалдарының иегері. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Алғыс хаты» тапсырылды.

Көп жылдар, тұрақты түрде аудандық мәслихат депутаты болып сайланды.

Өзі де, сүйегі де, сөзі де асыл Ашықбай ағаның Отаным, ағайыным деп соққан Үлкен жүрегі 2009 жылдың 25-ші тамызы күні таңғы сағат 5-те, ораза айының үшінші күні тоқтады. Оразаның ішінде, жұма күні ағаны көп халық жиналып, үлкен құрметпен бір Аллаһқа тапсырды.

Ағаның жұбайы Мариям Ысқаққызы Жаулыбаева ауылшаруашылық маманы, кейінірек биология пәнінің мұғалімі, дүниеге 3 ұл, 2 қыз әкеліп, 12 немере өсіріп тәрбиелеуде. Ұл-қыздарының барлығы жоғары білімді. Ерланы ішкі істер полковнигі, доцент. Эльмира жоғары білімді дәрігер.

Мен Ашықбай ағаны 1968 жылы Түркістан индустриалды-педагогикалық техникумында оқып жүргенде қолына практикаға барғанда көрдім. Аға ол жылдары Чапаев атындағы колхоздың төрағасы болатын. Кеңседе өте жақсы қарсы алып, жағдай сұрап, орнынан тұрып, үйді көрсетіп «кешке үйге келіп тамақ іш» деді. Кеңсе терезесінен үй көрініп тұрады екен. Біріншіден үлкен кісі «Тасша інім» деп шақырып отыр, екіншіден, жарым-жартылай аш жүрген студентке үй тағамы, ансап жүрген тағамның бірі. Кешке ол кісі көрсеткен үйге бардым, барсам толық келген сары шал, сары ана мені қарсы алып, жөн

сұрап, орта кесе қымыз құйып берді. Колхоз бастығының үйіндегі қымыз емес пе, күні бүгінге дейін, 40 жылдан астам дәмі әлі таңдайымда тұр. Сол танысқан жылдан бері Ашекең ағамен ара-қатынасымыз үзілген емес. Аға туралы «Ысты» шежіресінің «Белгілі тұлғалар» деген айдарына жазып, тарихта қалдырдым, «Тасша» шежіресіне ағайын-туысқанын, үрім-бұтағын түгел жаздым. Ашықбай ағаның «Жұмабек, мен саған ризамын» деген сөздерін бірнеше мәрте өз аузынан естідім. Әттең жалған дүние жалғандығын істеді. Бұл кісіні өлімге қиятын жан емес еді. Өте жақсы қария болып қартайып келе жатыр еді, 5-10 жыл арамыздан ерте кетті.

Дастархан басында бата беретін батагөй қариямыз, той ашатын бетке тұтар саңлағымыз, ақылгөй арқа тұтар біреуге ата, біреуге аға еді. Ашықбай ағаның әруағы риза болсын деп, 40-күндік асына орай «Аталар сөзі» газетіне өмірбаянын толық жазып қазанама беріп, асқа келген қонақтарға таратып бердім.

ЖАНҒАЛИ МЕЙМАНДОСОВ - ӘНШІ, САЗГЕР, СЫНШЫ



Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озық қызметкері, еңбек ардагері, социалистік жарыстың 2 дүркін жеңімпазы, аудандық, облыстық, республикалық ән-күй байқауларының бірнеше рет жеңімпазы, Қазақстан Республикасының Композиторлар және Жазушылар Одағының мүшесі, Республикаға танымал арқалы ақын, сыршыл сазгер, ұлағатты ұстаз, сайыпқыран сатирик, талантты сықақшы, сегіз қырлы бір сырлы азамат Жанғали Әлімбекұлы Меймандосов 1935 жылы мамыр айының 3-ші жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданына қарасты «Қайнар» колхозында дүниеге келген.

Әкесі Меймандосов Әлімбек Меймандосұлы 1903 жылы туылып, 1933 жылға дейін «Қайнар» колхозында қатардағы колхозшы болып, 1933-39 жылдар аралығында аталған колхоздың председателі болып, 1939-42 жылдар аралығында осы колхоз жанындағы партия ұйымының хатшысы, 1942 жылдан 1943 жылға дейін, яғни Ұлы Отан Соғысына ел қорғауға әскер қатарына шақырылғанға дейін Шаян аудандық Доссан селолық кеңесінің председателі болып қызмет атқарған, соғыстан қайтпай қалды.

Жанғали 7 жасынан домбыра тартуды нағашы атасы Ақбердіден үйреніп, 10 жасында домбыраның құлағында ойнады.

Бастауыш класты «Қайнар» колхозында аяқтап жанұя жағдайына байланысты анасы Құлханым екеуі Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылына көшіп келеді. Осында Б.Алтынсарин атындағы мектепте 7 жылдық білім алған. Мектеп қабырғасында жүрген кезден музыкамен айналысып, көркемөнерпаздар және әдебиет үйірмелеріне қатысқан.

1951 жылы Алматы қаласындағы Чайковский атындағы музыкалық училищесінің хор-дирижерлік факультетіне оқуға түсіп, 1 курсты аяқтаған соң денсаулығына байланысты оқуын жалғастыра алмаған.

1952-53 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық Қаратас аудандық мәдениет бөлімінде инспектор, аудандық комсомол комитетінің мектептегі бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Осы мектептің музыка пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарды.

1955 жылы тырнақалды «Жігіт сыры» әні «Лениншіл жас» газетінде және «Қазақстан пионері» газетінде балаларға арналған бір топ әндері жарық көрді. Осыдан бастап Жанғали Меймандосовтың жазған ән-күйлері, өлеңдері, шымшыма-сықақ, пародиялары республикалық, аудандық, облыстық көлемдердегі газет-журналдарда жарық көре

бастады.

1956 жылы Ташкент қаласындағы педагогикалық шет тілдер институтына оқуға түсіп, 1961 жылы неміс-тілі мамандығы бойынша осы институтты бітіріп шықты.

1961-65 жылдарда «Қайнар» совхозындағы «Бөген» сегіз жылдық мектебінің неміс-тілі пәнінің мұғалімі, 1965-71 жылдар аралығында «Бөген» орта мектебінің директорының орынбасары, оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды.

1971-73 жылдар аралығында Созақ аудандық халыққа білім беру бөлімінде шет-тілі жөніндегі, кадр жөніндегі методисі болып, 1973-75 жылдар аралығында Созақ аудандық сырттан оқу мектебінде директордың орынбасары болып қызмет атқарды.

1975-76 жылдары Созақ ауданындағы А.Жұбанов атындағы балалар музыка мектебінің негізін қалаушы – директор болып қызмет атқарды.

1977 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Созақ аудандық Ә.Молдағұлова атындағы орта мектепте шет тілдер пәнінің мұғалімі, 1958 жылдан осы мектепте директордың орынбасары болып қызмет атқарды.

Жанғали Меймандосов отбасында жұбайы Сазанбекова Тұрсынаймен бірге 5 ұл, 3 қыз өсіріп, оқытып-тәрбиелеген. Қазіргі уақытта ұл-қыздары өз істерінің маманы болып, жанұяларымен Қазақстанның облыстарында және Ресейде тұрып жатыр.

Жанғали Меймандосов 1995 жылы қазан айының 25-ші жұлдызында ауыр науқастан қайтыс болды.

Өмір сүрген жылдарда Ж.Меймандосов:

-балаларға арналған 60-қа тарта ән жазып, «Шаттық әні» деген атпен жинаққа топтастырған,

-ересектерге арналған 130-ға тарта ән жазып «Жұлдызым» деген атпен жинаққа топтастырған,

-4 күй жазған,

-«Сырлы сезім» атты 141 беттен тұратын өлеңдер жинағын,

-«Ой тамшы» атты 98 беттен тұратын өлеңдер жинағын,

-«Сәулең болса» - деген атпен 177 беттен тұратын шымшыма, пародия, мысалдар, терісқақпайлар, өтірік өлеңдер жинағын,

-«Бойтұмар» - атты шымшымалар жинағын жазып, баспаға дайындаған.

Осы баспаға дайындалған дүниелер ішінен «Бойтұмар» - шымшымалар жинағы жеке кітап болып 1995 жылы ақынның өз қаржысымен «Өлке» баспасынан жарық көрді.

Сол сияқты Жанғали Меймандосовтың жазған ән-күй, өлеңдері бірқатар топтамаларға қосылып жарық көрген. Айтар болсақ:

1971 жылы - «Песни самодетельности композиторов области» атты Шымкент облысында шыққан жинаққа «Оңтүстігім нұрлы өлкем», «Жас шопан», «Достық жыры» әндері кірген.

1982 жылы «Ұстаздар» творчествосы айдарымен Созақ аудандық халыққа білім беру бөлімімен шығарылған жинаққа «Туған жерге тарту», «Тентек балапан», «Ботақан», «Мөлдір бұлақ», «Алтын апам» әндері кірді.

1986 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Соны соқпақтар» жинағына бірнеше қол жазбалары енген.

1987 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Жастық шақ әуендері» жинағына «Жұлдызым», «Махаббат болып келші сен», «Алыстасың, арманым» - әндері кірген.

1990 жылы–Халық шығармашылығы мен мәдени-ағарту жұмысының Шымкент облыстық ғылыми-методикалық орталығымен шығарылған әндер жинағына «Аққулардың арманы», «Туған жер» әндері енген.

Халық шығармашылығы мен мәдени демалыс шараларының Шымкент облыстық орталығымен шығарылған «Күйлер» жинағына «Жеңіс көктемі», «Көк жорға» күйлері енген.

1993 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Жастық шақ әуендері» жинағына «Шіркін-ай», «Қалқатай», «Інкәр» әндері кірген.

Сол сияқты «Мереке әні», «Ұлы достық», «Көктем», «Сен түсесің есіме» әндері де топтама жинақтарына енген.

Сондай-ақ «Алыстасаң-армансын», «Жұлдызым» әндері Қазақ радиосының «Алтын қорына» енсе, басқа ән-күйлері «Достық» музыкалық-хореографиялық халық ансамблінің репертуарынан берік орын алып, Республика көлемінде, алыс-жақын шетелдерде орындалып жүр.

Өмірінің соңына дейін аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдардың штаттан тыс тілшісі, 1990-93 жылдар аралығында Созақ аудандық халықтық бақылау комитетінің штаттан тыс инспекторы болып қоғамдық қызметке белсене араласты.

Ел үшін жасаған еңбегі жоғары бағаланып Ж.Меймандосов 1973-74 жылдары екі дүркін «Социалистік жарыс жеңімпазы» төс белгілерімен марапатталған.

1990 жылы «Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, /куәлік № 1977/ марапатталған.

1990 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

1995 жылы Қазақстан Республикасының Жазушылар және Композиторлар Одақтарына мүшелікке өткен.

1953 жылы Облыстық мәдениет басқармасының «Домбырада қазақ сазын орындағаны үшін» құрмет грамотасымен, 1980 жылы ҚЛКЖО-ның құрмет грамотасымен марапатталған.

Жанғали Әлімбекұлы Меймандосовтың ұл-қыздар туралы мәлімет

Жанғали отбасында сегіз ұл-қыз тәрбиелеп өсірді:

1. Ұлы - Әлімбеков Мұхит – 1960 жылы туылған, Түркістан қаласында тұрады, жанұялы, одан 2 ұл, 2 қыз бар: Жанна, Еркебұлан, Жансая, Ерсұлтан.

2. Ұлы – Меймандосов Бақыт – 1961 жылы туылған, Созақ ауданы Таукент елді мекенінде тұрады, жанұялы, одан 1 ұл, 1 қыз бар: Бағлан, Жұлдызай.

3. Қызы – Меймандосова Гүлнар – 1962 жылы туылған, Созақ ауданы Шолаққорған ауылында тұрады, жанұялы, одан 1 қыз, 1 ұл бар: Ақнұр, Роман.

4. Қызы - Әлімбекова Гүлзия – 1964 жылы туылған, Созақ ауданы Таукент елді мекенінде тұрады, жанұялы, одан 1 ұл бар: Абылайхан.

5. Ұлы - Әлімбеков Асқар – 1966 жылы туылған, Ресейде Мәскеу қаласында тұрады, жанұялы, одан 1 қыз бар: Айгүл.

6. Ұлы - Әлімбеков Қуаныш – 1967 жылы туылған, жанұялы, Алматы қаласында тұрады, одан 2 қыз бар: Әйгерім, Милана.

7. Қызы - Әлімбекова Гүлжазира – 1970 жылы туылған, Созақ ауданы Таукент елді мекенінде тұрады, тұрмыс құрмаған.

8. Ұлы - Әлімбеков Ғалымжан – 1973 жылы туылған, жанұялы, Ресейде Мәскеу қаласында тұрады, одан 2 ұл бар: Максим, Жан.

Жанғали ағамен дастархандас болған күндерімді Аллаһтың маған сыйлаған жақсы күндеріне жатқызамын. Соңғы мәрте ол кісі науқастанып жүргенде үйінде, Қызыл көлде бірге болдым. Ол кісі 1995 жылы дүниеден қайтқанда Шымкентте тұрғасын, Аға есте қалсын деп «Оңтүстік Қазақстан» газетіне 1700 теңге төлеп суретімен өмірбаянын жазып қазанама бердім. Ол жылдары бір айлық 300-500 теңге болатын. Қолымнан келгені осы болып, әруағы риза болсын дедім.

ЖҮЛДЫЗЫМ

өлеңі мен әнін жазған Ж.Меймандосов
Жұтсам жұпар аңқыған таң самалын,
Жырға қосып атыңды ән саламын.
Сен түсесің есіме, сүйген сәулем,
Сенсің менің арманым, аңсағаным.

Қайырмасы:
Жұлдызым ең көктегі,
Создым қолым жетпеді.
Күлімдеген күн бейнең,
Көз алдымнан кетпеді.

Араласам көктемде алма бағын,
Құлағыма келеді салған әнің.
Сен түсесің есіме, сүйген сәулем,
Алыстасың, қайтейін, бар ма амалым?

Қайырмасы.

Тереземнен телміріп ай қараса,
Самал лебі бетімді аймаласа,
Сен түсесің есіме, сүйген сәулем,
Кездесетін минуттар қайда онаша?!

Қайырмасы.

АЛЫСТАСЫҢ, АРМАНЫМ

өлеңі мен әнін жазған Ж.Меймандосов
Сәулетай, жауаңдадың, жауаңдадың,
Мен саған бір ауыз сөз айта алмадым.
Байқадым тек әйтеуір жүрегімде,
Махаббат теңізінің шайқалғанын. 2 рет

Сәулетай, қия алмадым, қия алмадым,
Өзіңмен бір болуды қиялдадым.
Армандап алыстасаң, жақын келсең,
Өзіңе сыр ашуға ұяламын. 2 рет

Сәулетай, қарай берем, қарай берем,
Сөйтем де, сені өзіме балай берем.
Махаббат жүрегімді жалындатқан,
Тудырап талай жақсы ән, талай өлең. 2 рет.

АРМАН

Арман, арман сенсің көкке шығарған,
Тәтті армансыз қалай ғана шыдар жан.
Бір арманды басып өтсем құйғытып,
Көңілімде қоздап жатар мың арман.
Арман – менің алға самғар қанатым,
Арман – менің бақ жұлдызым жанатын,
Арман деген болашағым ертеңгі,
Тек армансыз өтпегей бір сағатым.

ТҰРСЫН ҚАЛЫБЕКОВ-ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР.



Техника ғылымдарының докторы, профессор Қалыбеков Тұрсын Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Бөген кентінде 1942 жылдың 18 наурызында дүниеге келді. 1949 жылдан 1959 жылға дейін Шаян орта мектебінде оқып, оны күміс медальмен бітірді.

Мектепті бітіргеннен кейін 1959 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтына түсіп, оны 1965 жылы «Маркшейдерлік іс» мамандығы бойынша ойдағыдай тамамдады.

Институтты бітірген соң 1965 жылы Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинатының №51 шахтасына тау-кен ауданының маркшейдері болып қабылданды. 1967-1972 жылдары №57 шахтада және №31-45 кеншінде бас маркшейдер болып қызмет атқарды. 1972-1975 жылдары Алжир Халық Демократиялық Республикасына техникалық көмек көрсетті. 1975-1976 жылдары Қазақ СС-інің Түсті металлургия министрлігінің бас маманы қызметін атқарды. 1976-1992 жылдары Қазақ политехникалық институтында аға инженер, аға ғылыми қызметкер, аға оқытушы, доцент болып жұмыс істеді. Белсенді атқарылған ғылыми-өндірістік қызметі «Мұнай» ғылыми-өндірістік орталығына ауысуына негіз болды. 1992-2000 жылдары осы Орталықтың вице-президенті қызметін атқара жүріп, «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасындағы педагогикалық қызметінен де қол үзген жоқ. 2001 жылдан Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің кафедрасында профессор қызметін атқарады.

1982 жылы Мәскеу тау-кен институтында кандидаттық диссертация, ал 1993 жылы Санкт-Петербург мемлекеттік тау-кен университетінде докторлық диссертация қорғады. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен, жаңашылдығы көптеген авторлық куәліктерімен расталған, тау-кен жұмыстары барысында бұзылған жерлерді тау-кен техникалық рекультивациялау технологиясының теориялық және практикалық мәселелері шешілді.

Қалыбеков Т. 1996 жылы «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша профессор атағына ие болды. Ол жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауға үлкен үлес қосуда, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіндегі докторлық диссертацияны қорғау бойынша Д 14.13.2004ж. диссертациялық кеңесі төрағасының орынбасары және ДО 14.15.2007ж. біріккен диссертациялық кеңесінің мүшесі болды.

Студент жастар арасында өзінің зор ғылыми-өндірістік тәжірибесін бере отырып, педагогикалық және тәрбие жұмыстарын белсенді жүргізуде, Қазақстан Республикасы тау-кен, металлургия және мұнай өнеркәсіптеріне жоғары білікті тау-кен инженерлерін дайындау ісіне зор үлесін қосты. Университет қабырғасында Т.Қалыбеков көлемді оқу-әдістемелік жұмыс орындады. Ғылым мен техниканың қазіргі жетістіктерін ескере отырып, Қазақстанда алғаш мемлекеттік және орыс тілдерінде, дәріс оқылатын курстар бойынша, тау-кен мамандығы студенттеріне арналған: «Кенді ашық және су асты әдістермен қазу кезіндегі маркшейдерлік жұмыстар», «Геодезия мен топография негіздері», «Ашық тау-кен жұмыстарының процестері», «Кенді ашық әдіспен қазу технологиясы», «Маркшейдерлік іс» оқулықтары мен оқу құралдары жарық көрді. Сөйтіп, мемлекеттік тілдің даму бағдарламасын жүзеге асыруда өз үлесін қосты.

Профессор Т.Қалыбековтың ғылыми зерттеулері пайдалы қазбаларды игеру кезіндегі бұзылған жерлерді техникалық рекультивациялау, ашық және жерасты тау-кен жұмыстарын маркшейдерлік қамтамасыз ету проблемаларына арналған. Оның 160-тан

астам ғылыми жұмыстары жарық көрді, оның ішінде: «Экология және ашық кен», екі бөлімнен тұратын «Интенсификация рекультивации нарушенных открытыми горными работами земель» монографиялары бар. Тұрсын Қалыбеков:

*«Тау-кен ісі және металлургия», «Геодезия, география, геология», «Экология» атты қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктердің;

*Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Тілдерді қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес бекітілген, «Экология және табиғат қорғау» түсіндірме сөздігінің;

*Қазақстандағы Франция Елшілігінің қолдауымен жарық көрген орысша-қазақша-французша және французша-орысша-қазақша тау-кен терминологиялық сөздігінің авторларының бірі.

Оның жетекшілігімен КСРО және ҚазССР ТММ-нің, КСРО ҚММ-нің бағдарламалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Қазіргі кезде Т.Қалыбеков «Қазақстан Республикасы қатты пайдалы қазбалар кен орындарын, көмірсутекті шикізатты және жерасты суларын игеру кезіндегі жер қойнауын қорғаудың бірінғай ережелерін» дайындау бойынша ғылыми жұмыстарға жетекшілік етуде. Ол көптеген халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларды ұйымдастыруға өз үлесін қосып, аспиранттар мен ізденушілердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік етуде, оның жетекшілігімен екі кандидаттық диссертация қорғауға дайындалды.

Тау-кен ісі проблемаларын түпкілікті зерделеуі, жоғары эрудициясы, тиянақтылығы және талаптылығы, зор еңбекқорлығы арқасында, Т.Қалыбеков ғылыми және педагогикалық қауымда лайықты беделге ие болды.

Көпжылдық өндірістік және ғылыми-педагогикалық жемісті қызметі үшін Т.Қалыбеков «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, КСРО Жоғары оқу орны министрлігінің, БЛКЖО ОК-нің және ВСНПО-ның «Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістіктері үшін» мақтау грамотасымен марапатталды.

Тұрсын аға 2002 жылдан Қазақстан-Британ техникалық университетінде профессор болып жұмыс істейді. «Горный журнал Казахстана» журналының редакция мүшесі, докторлық диссертация кеңесінің мүшесі.

Бабасы Бақберген Тасша ауылында Ресей патшасы заманында 18 жыл болыс болған, әкесі Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан. Ұлы Тұрар жақсы азамат болып өсіп келеді.

Тұрсын Қалыбеков 40-жылдан астам Алматы қаласында тұрғанымен ағайын-туыстан қол үзіп кеткен емес, жылма-жыл елге келіп ата-баба әруағына құран оқытып, ағайынның той-жиынынан қалмайды. Мінезі, көңілі жас баладай. Жора-жолдастарына, ағайынға деген қарым-қатынасы адал. Бөтеннің өсек-аяң сөзіне ермейді, өз көз-қарасы, пікірі тұрақты. Дастархан басында өте жақсы көңілді отырады. Біздің Тасша ұрпақтарының мақтанышпен айтуға тұрарлық – біреуге аға, біреуге ата бауырымыз.



БЕКТҰРҒАНОВ РАМАЗАН СЕЙДАХМЕТҰЛЫ – МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР.

1967 жылдың 15 қаңтарында Оңтүстік Қазақстан облысының Бәйдібек ауданы Қайнарбұлақ елді мекенінде дүниеге келген.

1982 жылы Шымкент медицина колледжінің санитарлық-фельдшерлік бөлімін бітірген соң, Бәйдібек аудандық

санитарлық-эпидемиологиялық станциясында санитар дәрігерінің көмекшісі болып еңбек жолын бастаған. 1996-1998 жылдары әскер қатарында санитарлық нұсқаушы болып борышын өтеген. 1998 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтының дайындық бөліміне түсіп, 1989-1995 жылдары осы аталған оқу орнының медико-прафилактикалық ісі факультетінің дәрігер-гигиенист, эпидемиолог мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

1995-2008 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының «Әлеуметтік медицина, қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау» кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы, доцент, декан, профессор т.б. қызметтер атқарды. Сонымен қатар, 1998-1999 оқу жылында академияның жастар ісі комитеті төрағасының қызметін қоса атқарған. Осы жылдан бастап Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің оқу-клиникалық базасының директоры қызметін атқаруда.

2000 жылы 21-қыркүйекте ҚР ДСМ «Денсаулық сақтау медициналық экономикалық мәселелері» Ғылыми орталығына қарасты Диссертациялық кеңесінде 14.00.33 – «Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған. 2003 жылы ҚР ЖАК (ВАК) шешімімен медицина мамандығы бойынша доцент ғылыми атағына ие.

2007 жылы 15 қарашада ҚР ДСМ «Ұлттық Ғылыми медицина орталығына» қарасты БД 09.14.10 диссертациялық кеңесте 14.00.33 – «Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау» мамандығы бойынша докторлық диссертацияны қорғап шыққан.

Бектұрғанов Рамазан Сейдахметұлының 85-тен астам ғылыми еңбектері бар. Оның ішінде 1-оқу құралы, 2 оқулық, 2 әдістемелік ұсыныс, 4 ақпараттық парақ, 2 авторлық куәлік және 2 медицина ғылымдарының кандидатын, 3 магистрант даярлаған. Сонымен қатар 13 ізденушіге, 5 магистрантқа ғылыми жетекшілік жасауда. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласады, академия кәсіподақ ұйымы және теориялық пәндер ғылыми семинар төрағасының орынбасары. 2007 жылы ОҚММА емдеу факультеті бойынша «Үздік оқытушы» атағына ие.

Еңбек жолында ОҚММА және ҚР ДСМ-ның мақтау қағаздарымен алғыс хаттармен, Қазақстан Республикасы «Денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағы үздігі» төс белгісімен марапатталған.

Рамазан Сейдахметұлы өз қызметінде білікті маман ретінде ұжым алдында, студенттер алдында үлкен абыройы бар азамат. Ағайын-туыстардың той-жиынына белсене қатысатын бауырымыздың бірі. Өзінің қарапайым, кішіпейілділігінің арқасында Шымкент қаласы, облыс көлеміндегі медицина қызметкерлерімен жақсы араласып қатысады. Күндіз-түні еткен еңбегінің арқасында уақтылы кандидаттық пен докторлықты қорғап медицина саласында жас мамандар тәрбиелеп-оқытуда жаңа заман талабына сай жемісті еңбек етуде.

Жұбайы Айман – Тасшаның үлгілі, тәрбиелі келіні. Жоғары білімді, медицина академиясында мұғалім. Айман да ағайындардың тірлігіне шын ықыласымен араласып, кішіпейілділік көрсетеді.

Рамазан мен Айман екі қыз өсіріп, қатарларының алды етіп тәрбие беріп келеді. Бұл отбасының биікке шығар таулары, қуанышты күндері алдарында.

МАНАПОВ АЛМАСХАН ЕРЗАҚҰЛЫ – ҚАЗАҚСТАНҒА БЕЛГІЛІ ҚАРЖЫГЕР

Манапов Алмасхан Ерзақұлы 1957 жылы 8 мамырда Кентау қаласы Ащысай елді мекенінде дүниеге келді. Жасынан Манап ата Күләй әженің қолында, Шылбыр ауылында



тәрбиеленді. Ащысайдан 8-шақырым жерде Манап ата – бауы, Манап ата – бұлағы, өзені бүгінгі күндері солай аталады.

Орта мектепті бітіріп шыққан соң 2 жыл Германияда Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын ақтап, онан соң Алматының халық шаруашылығы институтына дайындау бөліміне түсіп, 1982 жылы экономист мамандығын алып шықты. Институттың жолдамасымен 1982 жылдың қыркүйек айында Жаңа-Өзен қаласының Маңғыстау облысы Құрылыс Банк бөлімшесіне аға экономист, қаржыландыру бөлімінің меңгерушісі болып 1984 жылдың қаңтар айына дейін қызмет атқарды.

1984 жылдың қаңтарынан 1988 жылдың қазан айына дейін Қазақ ССР Қаржы министрлігінің Жаңа-Өзен қаласының КРУ аға ревизоры болып қызмет атқарды.

1988 жылдың қазан айынан 1991 жылдың сәуір айына дейін Өзен технологиялық транспорт мекемесінде еңбек және жалақы бөлімінің бастығы және Партия ұйымының хатшысы қызметін атқарды.

1991 жылдың сәуірінен 1993 жылдың қыркүйегіне дейін «ӨзенЭнерго» мекемесінде бухгалтер, бас бухгалтер болып қызмет атқарды.

1993 жылдың қыркүйек айынан 2002 жылдың маусым айына дейін Қазақстанда ең алғаш болып құрылған шет мемлекеттермен бірлескен халықаралық теңізде мұнай барлау ұлттық компания «ҚазақстанКаспийШельф» Ақтау бөлімшесінің бас бухгалтері, 2002 жылдың маусым айынан 2006 жылдың сәуіріне дейін Астанада «ҚазақстанКаспийШельф» компаниясы Бас басқармасында бас бухгалтер болып қызмет атқарды.

2006 жылдың тамыз айынан 2008 жылдың желтоқсанына дейін Ақтау қаласының «Ақтау Реал Естейт» ЖШС, «Каскор-Сервис» АҚ бас бухгалтер болып қызмет атқарды.

2008 жылдың желтоқсан айынан «МұнайГазӨндірісБірлестік-Сервис» мекемесінде Қаржы директоры қызметін атқарып келеді.

1980 жылы отау құрды. Азамат, Самат деген ұлдары бар, 2007 жылы үлкен ұлы үйленіп 2008 жылы Айдын атты немерелі болды.

2001 жылдың 16 желтоқсанында Мұнай саласында және теңіздегі мұнай игеруде қосқан үлесі үшін Президенттің алғыс хатын алды.

«НК «Қазмұнайгаз» АҚ 100 жылдық мұнайшылар медалінің иегері.

«НК «Қазмұнайгаз» АҚ мақтау грамотасымен марапатталған.

2003 жылы «ҚазақстанКаспийШельф» 10 жылдық алтын медалін алды.

«ҚазақстанКаспийШельф» АҚ-да тынбай еңбек еткені үшін 5 және 10 жылдығы грамотасымен марапатталды.

2003 және 2005 жылдары Лондонда дүниежүзілік семинарларға қатысты. Ағылшын тілін еркін меңгерді. 1997 жылдан 2002 жылға дейін Қаржы министрлігінің ұсынысымен Маңғыстау облысы бойынша бухгалтерлер бірлестігінің Басқарма төрағасы болып сайланды.

Алмасхан Ерзақұлы қызмет бабына байланысты 30-жылға тарта тұздәм бұйырып Батыс Қазақстан жерінде жүргенімен туған елден күдерін үзген емес. Мүмкіншілігінше демалыс кездерінде елге келіп, ағайындарды аралап, ата-баба әруағына құран оқытып тұрады. Мерекелерде үзбей сымтетік арқылы хабарласады. Туысқан дегенде Алмасханның да келін Хамиланың да ой-өрістері терең де және кең. Ағайынды қадірлей де, қадірін біледі де. Хамила жоғары білімді инженер-экономист. Батыс Қазақстанның қызы болғанымен барлық уақытта бүгінгі түскен келіндей иіліп тұрады, қолы ашық, дастарханы мол. Алмасхандай бауырымыздың барын, оның отбасы мүшелерінің тәрбиелілігін әр «Тасша» мақтанышпен айта алады.

БАЙБОЛАТОВ ТӨЛЕГЕН ЕРНАЗАРҰЛЫ – БІЛІКТІ ҚҰРЫЛЫСШЫ



Төлеген Ерناзарұлы 1949 жылы 12-ші маусымда Қайнар ауылында дүниеге келген. Әкесі Ерназар 1900 жылы дүниеге келіп 1975 жылы қайтыс болған, сүйегі Қайнарбұлаққа жерленген. Анасы Нұрым Қоңыршұнақ руынан.

Төлеген 1975 жылы Қаратау қаласындағы тау-кен, құрылыс техникумын бітіріп, «өндірістік-азаматтық құрылыс шебері» деген мамандық алған.

1985 жылы В.В.Куйбышев атындағы МИСИ-дің Алматы қаласындағы филиалында құрылысшы басшыларына арналған институтта біліктілігін арттырған. 1986 жылы В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын бітіріп, «инженер-құрылысшы» деген мамандық алған. Төкең 1969-1990 жылдары

«Қаратаухимстрой» тресінде ағаш ұстасынан бастап бөлім бастығына дейін құрылыс жұмыстарында болды. 1990-1997 жылдары «Жұлдыз» коопертивінде басшылық қызмет істеп, 1992-2004 жылдары «Испат-Карма» ОМТС инженері, 2004-2006 жылдары «Каздорсантехстрой» құрылыс басшысы, 2006-2007 жылдары ЖШС «Тілеп»-те аға прораб, 2007-2008 жылдары ЖШС «Жалын»-да аға прораб, 2008 жылдан бастап ЖШС «GBS» құрылыс жоба жетекшісі болып құрылыста жұмыс атқарып келеді. Төлеген ысылған, білікті құрылысшы. Жаңатас, Теміртау, Астана, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан қалаларында үлкен құрылыстарға басшылық жасап, өз қолымен тұрғызып қол таңбасын қалдырды. Астана қаласындағы сол кездегі ең биік ғимарат, биіктігі 176 м, «Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясының» офисі біздің Төлегеннің басшылығымен салынған. Бұл көрікті ғимарат тек Төкеңнің мақтаныш-қуанышы емес, бүкіл «Тасша» бауырларымыздың мақтанышы.

Төкең – білікті маман, сауатты құрылысшы болғанын – сонау Бәйдібек ауданы Қайнарбұлақ ауылындағы орта мектеп мұғалімдері Қошанов Айтбек, Жиенбеков Қуандық т.б. ағайларының математика, сызу, еңбек пәндерінен адал еңбек етіп терең білім беріп оқытқандарын айтып отырады.

Төкең бұл күндері қажырлы еңбегімен қатар үлкен отбасы басшысы. Жанәділ, Жанабіл, Бекәділ атты ұлдарына, Жәмила, Фатима атты қыздарына жақсы тәрбие беріп, бәріне жоғары білім әперіп, төрт немеренің атасы. Екі келіні де жоғарғы білімді мұғалімдер. Төкең «Құрметті құрылысшы» деген атақ берілген.

Төкеңнің өмірлік жолдасы Айтолқын, өзіміздің Қоңыр руынан Қалтай қарияның қызы. Айтолқын да Сланды, Зеріп, Домалақ Аналарға тартқан, қонақ десе есігі ашық, дастарханы мол, «ағайынның біреулері келіп қалар» - деп жақсы тағамдарын «қырық күн» сақтап отырады. Төкеңнің үйіне жазда барсаңыз да «қысқы соғымнан ауыз тиесіз». Ұлдары «қыздай», келіндері бүгін түскендей сәлемін жасап сызылып тұрады. Төлеген Нұржамал әпкесінің жақсы қасиеттерін, білімділігін айтып отырады. Нұржамал әпке математика пәнінен қырық жыл бойы дәріс берген білікті, Құрметті ұстаз. Әлімтаев Итен жезде – Егемен Қазақстанның алғашқы депутаттарының бірі, Жаңатас қаласының бірінші әкімі болған, қазіргі кезде, көптен бері Жамбыл облысы бойынша еңбек қорғау басқармасын басқарып отыр.

Нұржамал әпкенің қызы, жиен қызымыз Жанна. «Ер нағашысына тартады»-деген, Жанна да бірнеше жоғары білімді, компьютер техникасын жетік меңгерген программист, заңгер. ОҚО еңбекті қорғау инспекциясында жетекші маман болып қызмет атқарып жатыр. Жанна – қай салада болмасын терең, жан-жақты білімі бар, ой-өрісі кең, кішіпейіл,

бауырмал біздің ұлтымыздың «Асыл қазынасы» қыздарымыздың бірі.

Байболатов Төлеген Ерназарұлы туған жерден алыста жүрсе де, жылма-жыл елге ат басын бұрып келіп, ағайындарға сәлем беріп, Ата-баба әруағына құран оқытып тұрады. Төкеңнің Астана қаласында көп қабатты үйлерде 2-3 пәтері және жеке жер үйлері бар. От басында шетелдік жеңіл – үш көлігі және «Газель» жүк машиналары бар.

Төлеген алдына мақсат қоя білетін, оған табандылықпен жете білетін жақсы қасиет иесі. Ағайындарға жақын, бәріне бауырмал. Астана қаласының өзінде бірнеше Тасша азаматтарының басын біріктіріп, ағалық кеңесін беріп отырады.

АСҚАР ЖАНҒАЛИҰЛЫ – МӘСКЕУ ТҰРҒЫНЫ



Әлімбаев Асқар Жанғалиұлы 1965 жылы 14-ші желтоқсанда дүниеге келген. 1983 жылы Шолаққорған елді мекенінде Ыбырай Алтынсарин атындағы мектепті үздік бітіріп сол жылы Мәскеу қаласындағы Бауман атындағы мемлекеттік училищеде оқуын жалғастырды. 1986-1988 жылдары Кеңес әскері қатарында азаматтық міндетін атқарды. 1994 жылы Мәскеудің халықшаруашылығын Басқару Академиясының «әлеуметтік экономика және құрылыс өндірісін ұйымдастыру» мамандығы бойынша бітірді.

1989 жылы Райлямен отандасып, Айгүл атты қыздары бар. Айгүл Мәскеу Мемлекеттік Университетінің (МГУ) Халықаралық саясат факультетінде «халықаралық қатынас» мамандығы

бойынша білім алуда.

Асекең қазіргі кезде Мәскеу қаласында Ғалымжан, Қуаныш атты інілерімен тұрады. Өзінің үлкен бизнесі – аяқ-киім тігетін фабрикасы бар.

Мен 2008 жылы маусым айында Мәскеуде болғанымда үйіне шақырып қонақ етіп, жақсылап күтті. Жиырма кісіге жететін дастархан жайылып, дастарханда 5-6 түрлі балық, жердің бетіндегі барлық жеміс-жидектер, 4-түрлі екінші тамақ қойылып, ерекше ықыласпен күтті. Дастархан басында 7 сағат өте жақсы көңілді отырдық. Немерем Есімханға «театрға бар» деп 10000 рубль (50000 тенге) беріп бізді «Метроға» дейін шығарып салды.

Менің ұлым Ербол үйленгенде тойға өзі, келін, қызы Айгүл, інісі Ғалымжан, мамасы Тұрсынай жеңгей келіп қайтты.

«Су аққан жермен ағады, ақпаған жермен ақпайды» - деген. Әкесі Жанғали аға сияқты Асқар да адамгершілігі, кішіпейілділігі, қолының ашықтығы, сауаттылығы және де басқа жақсы қасиеттері көрініп-ақ тұрады. Туысқанға, елге деген сүйіспеншілігі ерекше. 30-жылдай бойы Мәскеу қаласында тұрып, үйінде орыс тілінде сөйлесе де ана тілін жатық, еш «шұбарламай» сөйлейді.

Елге мүмкіндігінше жиі-жиі келіп тұрады. Тойға келгенде ертеңіне құдалықтарға қатысып, Башқұрт қызы Райля келінге қазықтың – елдің салт-дәстүрін, сый-сияпатын, дастарханын көрсетіп қайтты.

Шымкенттегі жолдастарының алдында да үлкен абыройы бар екен, бірнеше достары дастархан жайып үйлеріне шақырды.





Ысты, Тасша бабаларға, әке әруағына сөз келтірмей, мен білетін көптеген ағайынның алды болып тіршілік етіп жатқанын өз көзіммен көріп, ағайындарға мақтанышпен айтып келдім. 26 қазан 2010 жылы әкесі Жанғали Меймандостың 75 жылдығына орай Шолақорғанда ұйымдастырылған «Жанғали әндерін орындаушылардың ән байқауына», «Сырлы сезім» кітабының тұсаукесеріне қатысып, әке рухына құран оқытып келіп қайтты. Асқарды мен, інілерім Серік, Рамазан Шымкентте қонақ етіп жақсылап шығарып салдық.

ШЫНАЛИЕВ БЕЙСЕНБАЙ – ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕС ДЕПУТАТЫ, АТАҚТЫ ШАХТЕР



Шыналиев Бейсенбай көкем 1929 жылы Ащысай кенінде «забойшы» болып жұмыс бастады. 30-жылдай шахтада істеп, 1958 жылы зейнеткерлікке шықты. 1942 жылдан «Ачполиметал» коммунистік партия органдары, кәсіподақ комитеттері Б.Шыналиевтың шеберлік-тәжірибелерін, кен өндірудегі іскерлігін барлық шахтерлер алдында кеңінен таратып, оларға үйретті. 1942 жылы сәуір айында ол кісі бір ауысымда (сменде) 530 пайыз көрсеткішке жетіп бұл көрсеткішті ұзақ уақыт ұстап тұрды. Барлық уақытта «Стаханов»-шылардың алды болды.

Б.Шыналиевтың еңбектегі ерлігі жоғары бағаланып КСРО-ның «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен, көптеген медалдармен, грамоталармен марапатталды. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне екі мәрте депутат болып сайланды.

Бұл кісінің қайратты-қарулылығын, кішіпейіл, ағайынға жақын азамат екенін, бұл кісімен 30 жыл бірге шақтада белдері қайысқан менің әкем Байбатша дастархан басында жиі айтып отыратын. Бейсенбай көкемді Тасшаның Қажымұханы десек те болады, сол сұрапыл соғыс жылдарындағы еңбектегі ерлігі бүкіл КСРО-ға тарап, еңбек тәжірибесі үйретілді. Бейсекеннің арты жақсы, ұл-қыздары Ащысайда, Кентауда өсіп-өніп жатыр.

АБАЕВ БАЙБАТША – ДӘУІТ ТАСШАДАН, АТАҚТЫ КЕНШІ



Абайұлы Байбатша 1894 жылы Ащысай кенінде жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1925 жылы Коммунистік большевиктер партиясына мүше болып кірген. 1928-1953 жылдар аралығында, яғни 25 жыл бойы Ащысай шахтасында «забойшы» болып жұмыс істеген. Еңбек өтілі келгенмен зейнеткерлікке шықпай шахтада жұмысын жалғастыруының себебі, зейнеткерлік жасы Ұлы Отан соғысы мен тұспа-тұс келіп, шахтада жұмысшылар жетпегесін еңбек мүгедегі болғанша «забойшы» жұмысын жалғастырған. 2009 жылдың 21 желтоқсан күнгі «Оңтүстік Қазақстан» және «Аталар сөзі» газетіндегі жарияланған «Аңыз болған Ащысай» атты мақалада Күсей Тасша – Сақ Шалкеев атамыздың 61 жаста болып соғыс жылдары шахтада

«забойшы» болып істегенін жазғанмын.

Әкем жарықтық қара күштің иесі еді. Ашаршылық жылдары (1930) әкем Ташкент қаласына қарындасы Жайнакүлдің артынан іздеп барыпты. Қалада бір бұзақылар жолығып әкемменен әжептеуір төбелесіпті. Таяқ жегендер арызданып милицияға барыпты. Милиция әкемді ұстап тергеуге әкелгенде үш жігіттің мұрындары, езулері қанағанын көрген милиционер: «мына үшеуің бір кісіден таяқ жедіңдер ме?» – деп сұрапты да бәрін босатып жіберіпті, - деп Жайнакүл әпке айтып отыратын.

Әкем сұңғақты да реңді кісі болатын. XX-ғасырдың жиырмасыншы жылдары Тасшаның бір сұлу жесірін Шолаққорған жақтағы орта жүздің біреуі барымталап-зорлап алып қашып кетіпті. Жесір келіншекті барып алып келуге Байекең бес жігітпен теріскей аттаныпты. Барған жерде біраз жекпе-жек күрес, төбелес болып Ащысайлықтар жеңіп Тасшаның жесірін алып қайтыпты. Теріскейде әкеммен бетпе-бет кездескен бір келіншек: «Япырмай адамзатта осындай сұлу болып туылады екен-ау!» - деп тұрып қалған екен. Сіздер көріп отырған әкемнің суреті ол кісінің 60-тан асқан кезі, оның үстіне әкем өз отбасында бір жылда он бір жанды жерлеген. Әкемнің інісі Бекпатша Аллаһтың рахымымен құмалақпен пал ашатын, көріпкел-көреген екен. Бір күндері, қыстың күні Бекпатша көкем «құмалақ» жайыпты, жайған құмалағын жылдам жиып алыпты да жанып тұрған отқа салып жіберіпті де қайтып «құмалақ» ұстамапты. Құдайдың құдіретімен сол жылы әкемнің шешесі Айтолқын әже, інісі Бекпатша науқастанып, кіші інісі Құлпатша көкпарда аттан құлап мойны үзіліп, үлкен анамыз Күләй және тоғыз қызының сегізі қайтыс болыпты. Ауылдағы қариялар шәйді жамбастап жатып ішеді, ал менің әкемнің сонша жыл шахтада істеп, от басында сондай қайғылар көрсе де жамбастап жатып шәй ішкенін көрген емеспін. Көп жағдайда менің жамбастап жатқым-ақ келеді, әкем есіме түседі де жатып шәй іше алмаймын.

Күні бүгінге дейін әкемнің «книжка стаханов» деген кітапшасы сақтаулы. «Стаханов»-шы болу үшін өндірістік жоспарды 300-500 пайыз орындап тұру керек. Атақты шахтерларды Ұлы Отан соғысына жібермей «бронь» болып шахтада қалдырған. Неміс фашистеріне атылған 10-оқтың жетеуі Ащысай қорғасыны екені тарихта жазылған. Әкем Б.Шыналиев інісі сияқты Жоғарғы Кеңестің депутаты болмаса да «Ачполиметал»-дан, Түсті металлургия министрлігінен бірнеше Құрмет грамоталары, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» деген төс белгілері болды. Ащысай шахтасының арқасында әкемнің отбасы жақсы жағдайда болған. Үйдегі неше түрлі жібек-атлас құс жастық, көрпелерден басқа, ашылса қатты шырылдайтын қоңырауы (сигнализация) бар төрт қап бидай сиятын қол өнер-оюы бар «алтын» жалатқан сандық, үш кісі қатар жататын құс жүн-түбітінен жасалған мамық (матрац) болатын. Таза күмістен жасалып-құйылған қант шаққыштар, легендер, шылапшындар, орыс ұсталары жасаған сырлы қасықтар, ожау ыдыстар көп болатын. Әкемнің сонау қиыншылық жылдардың өзінде Қырым курорттарына барып демалғаны туралы «книжка»-лары осы жақынға дейін үйдегі «Архивімізде» жататын. Әкемнің адалдығында еш шек жоқ еді. Ол кісі туралы ағайындар: «Байекеңе мына жердің тесігінен тышқан шығып кетпесін, аяғыңызбен басып тұрыңыз» - десе, «сол жерді күні бойы аяғымен басып тұра береді» - деп, күліп айтып отыратын. Әкемнің адал-ниетіне Аллаһтың рахымы түскен болар, отбасында қанша өлім болса да, артынан біздер – жаққан отын өшірмей, түтінін түтетіп, өмірін біздер жалғастырып келеміз, Аллаһтың мұнысына үлкен тәуба, шүкіршілік!

БАЙМЕНОВ АСҚАР – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ



Байменов Асқар 1920 жылы 23-сәуірде Оңтүстік қазақстан облысының Түркістан ауданында дүниеге келген. 4 сыныптық білімі бар. Ер жеткен соң Шылбыр колхозында есепші қызметін атқарып жүріп, 1942 жылы Ұлы Отан соғысына аттанды. Соғыс жылын Беларусь фронтында бастады. Сол жерде басынан және аяғынан жарақат алып 1945 жылы жеңісті немістердің Трон қаласында қарсы алды. Елге аман-есен оралды. 2-ші топтағы мүгедек. «За отвагу», «Победа над Германией», «30 ление Победы» атты және т.б. медалдары бар. Соғыстан соң Түркістан ауданында Қызыл Ту ауылында есепші жұмысын жалғастырды. 1956 жылы 12 желтоқсан айында Жетімбекова Түймекез атты руы Жиёмбеттің қызымен некеге тұрып 4 ұл мен 4 қыз баланың ата-анасы болды. 1950-1956 жылдар аралығында Түркістан қаласында қалалық қаржы бөлімінде инспектор қызметін атқарды. 1956-1971 жылдар аралығында Кентау қаласында кен орындарында, оқ-дәрі қоймасында таратушы қызметін атқарып, 1971 жылы сол жерден зейнеткерлік демалысқа шықты. 1991 жылы 19 сәуірде ауыр науқастан қайтыс болды.

Ұлдары:

1. Сейітхан – 1963 ж, немерелері Азамат – 1993 ж, Жанболат – 1995 ж.

2. Сейдалы – 1968 ж, немерелері Абзал – 1992 ж, Алмаз – 1996 ж.

3. Бақытжан – 1974 ж, 4. Бахтияр – 1979 ж. дүниеге келген.

Ұлы Отан соғысының ардагері Байменов Асқар атаның өмірін ұл-қыздары, немерелері жалғастыруда.

АБДРАЙМОВ БЕКМЫРЗА – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ



Абдраймов Бекмырза Абдраймұлы 1919 жылы 19 қыркүйекте Бәйдібек ауданы Леонтьевка селосында туылған. Шаруа отбасында дүниеге келген Бекмырза еңбекке ерте араласты. 1939 жылы Кеңес әскері қатарына алынады.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Рыжск маңында Отан қорғау үшін соғысқа араласады. 1942 жылы арнаулы оқу-жаттығудан өткен соң мерген-атқыш ретінде 1945 жылы Ұлы Жеңіс күніне дейін 1-ші гвардиялық НКВД-ның десанттар дивизиясында жауға қарсы ұрыстар жүргізеді. 1942 жылы қараша айында «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады. 1943-44 жылдары Белоруссия шекарасында мерген (снайпер) болып 28 басқыншының көзін жойғаны үшін «Үздік десантшы», «Үздік снайпер» медалдарымен марапатталған. 1944 жылы 20 желтоқсанда III-дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. 1945 жылы неміс басқыншылары тізе бүккеннен кейін Хасан көлі маңында Жапон самурайларына қарсы соғысқа қатысты.

Соғыстан келгесін колхоз жұмысына белсене араласады. 1947-1957 жылдары ферма бастығы, 1957-1964 жылдары бригадир, 1964 жылдан зейнетке шыққанша «Май» фермасының бастығы болып әртүрлі қызметтер атқарады. Ұлы Жеңістің әр жылғы мерекелерінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының наградаларымен марапатталып отырды.

1975 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен мадақталды.

1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығы мерекесінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің

Қаулысымен «I-дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Абдраймов Бекмырза Абдраймұлы жары Әсілбекова Қуанышкүлмен бірге 1 ұл, 5 қыз тәрбиелеп өсірген. Қазіргі таңда сол 1 ұл, 5 қыздан 20 немере, 1 шөбере өрбіген.

Бекмырза Абдраймұлы – Ұлы Отан соғысының ардагерінің осы өмірбаянын жазғанымда менің алдымда «Личный счет снайпера, № 68, Пограничный Рижский полк войск НКВД» деген подполковник Сердобов қол қойған жеке куәлігі жатты. Бұл куәлікте қай күні неше фашист жауынгерін, офицерінің көзін жойғаны көрсетілген. Атқыш-мерген ретінде 6-фашисттің көзін жойғаны туралы соңғы рет 15.03.45ж. деп НКВД-ның мөрі басылып, қолы қойылған.

Бекмырза Абдраймұлы батырдың Отан қорғаудағы ерлігі келешек ұрпақ үшін үлгі-өнеге, жүрегімізде мәңгілік сақталады.

БЕКТАСОВ ҚАЛТАЙ – АТАҚТЫ КЕНШІ, ҚАЗ.ССР-І ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕС ДЕПУТАТЫ



Бектасов Қалтай 1924 жылы 26 желтоқсаны күні Төлеби (Ленгер) ауданы Қызыл-Қанат ауылында дүниеге келген. Ата-анасы: Бектас қария, анасы Күлбибі Кеңес үкіметі, Лениннің саясатын бірден қолдап, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін елді біріктіру кезінде колхозға мүше болып кіріп, ашаршылық жылдары халықты тойдыруда, Кеңес Үкіметінің аяғына тұруда маңдай терлерін төгіп, табан ақысын аямай еңбек еткен. Осы ел үшін еткен еңбектеріне Аллаһтың рахымы түскен болар, бір ғасырдан кейін Бектас баба ұрпақтары үбірлі-шүбірлі болып, ауыл-ауыл болып өсіп-өніп жатыр.

Елдің өте ауыр жағдайына байланысты ерте ер жеткен Қалтай бесінші сыныпты ойдағыдай бітірісімен колхоз жұмысына араласып ересек ағаларымен қатар тұрып колхозшы болды.

1943 жылдың 14-ші ақпанында Қалекен Қызыл әскер қатарына шақырылып, Қызылжар (Петропавловск) қаласына әскери байланысшылар курсына оқуға жіберілді. Оқу аяқталған кезде ол әскери бөлім тарқатылып Қалекен № 44-ші атқыштар дивизиясындағы «автоматчиктер» курсына оқуға жіберіледі. 1944 жылдың аяғында № 38-ші атқыштар дивизиясы құрамына тапсырылып, осы дивизия құрамында әскери полигонда байланысшылар бөлімінде әскери борышын атқарады. 1945 жыл 9 майда неміс-фашистерінің Кеңес әскері алдында тізе бүгуіне байланысты Қалекен Жапон милитаристеріне қарсы Қиыр Шығыс әскер құрамына жіберіледі. Сол Қиыр-Шығысқа жіберілген 4000 – қатардағы сарбаздар, командирлер Кемерово облысына (Ресей) № 4-ші шахтаға жіберіледі. 1947 жылы туған жерге есен-сау оралып 1967 жылға дейін Ленгер кенінде кенші-бригадир болып, бас-аяғы 22 жыл жер астында жұмыс істеді.

«Стахановшы» - атақты кенші Бектасов Қалтайдың ерен еңбегі жоғары бағаланып 1951-ші және 1955 жылдары екі дүркін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі



депутаты болып сайланды. Соңғы жылдары, 1987 жылға дейін Қалекен Сайрам ауданы «Коммунизм» колхозында еңбек етті.

Қалекеннің жұбайы Ұлбосын – он перзенттің анасы, «Алтын алқа» иегері, «Батыр-Ана». Қалтай ата мен Ұлбосын ананың да Отан алдындағы еңбектері жоғары бағаланып, көптеген мемлекет медалдарымен, Құрмет грамоталармен, әр түрлі дипломдармен марапатталған. Қалтай көкемді, ол кісінің ұл-қыздарын көп жылдардан бері білемін. Қалекен Тасша азаматтарының ішіндегі «Біздің Тасшалар осындай» - деп айтып мақтануға тұрарлық үлкен кісі. Бұл күндері 86 жастан асқан қадірлі қария, елдің батагөйі болып, үлкен абыроймен ауылдың бірінші ақсақалы болып отыр. Қалекеннің ағайынға деген бауырмашылығы, кішіпейілдігі, артық сөзінің жоқтығы, дастарханының молдығы – бұл бөлек жазылатын үлкен тақырып. Жақсы денсаулықпен, 100-ге дейін жасай бер, қайырымды Қалтай көке!

ҚЫНАШАҰЛЫ ЖҰМАН – БАБА ЖОЛЫН ҚУҒАН МҰСЫЛМАН ЕДІ



Қынашаұлы Жұман (Жұмаділ) 1905 жылы қазіргі Ордабасы ауданы Қаражантақ ауылында дүниеге келген. Оның мынандай тарихы бар. Құттықтан тараған ұрпақ он екі үй Қаратаудың етегінде Шылбыр өзенінің бойын мекендеп отырған. Ол кезде Қоқан хандығының билеп тұрған кезі болса керек. Өзбектер қазіргі Иқан, Ибата жерлеріне келіп қоныстана бастаған.

Судың басында отырған Құттық балаларының жеріне де қызығып, ауыз сала бастайды да, екі жақта жер дауы пайда болады. Құттық балалары өз жерлерін қорғап, өзбектерге есе бергісі келмеген.

Оңайлықпен жерге ие бола алмайтынын білген өзбектер көп әскермен келіп, Құттықтың балалары тұрған Көлбай ауылын шауып алады. Еркек атаулыны түгел тұтқындап айдап кетеді. Біздің атамыз Алғабай өзбектер тыныштық бермеген соң жер ауыстырып Арыс бойындағы Қаражантақ еліндегі нағашыларын паналап барып, сонда тұрақтап қалады.

Сол жақта орысша-қазақша білім алған Қынашаұлы Жұман 1928 жылы Ташкент қаласында политехникумға түседі. Осы жылдары Ащысайдағы ағайындарына келеді. Осында қоңырат ішіндегі Қоңыршұнақ руының белгілі кісілерінің бірі – Ботабектің қызы Зейнекүлге үйленеді.

Ащысай кенішінде табельщик болып жұмысты бастаған. 1930 жылы Түркістан мақта заводына кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызметке ауысады. 1932 жылы Алматы партия мектебінде оқиды. Осы оқуды бітірген соң, көп жылдар Түркістан, Шаян аудандарының партия комитеттерінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі болып қызметтер атқарады.

1962 жылы зейнеткерлікке шығып ата-мекені Қайнар ауылында, ағайындар арасында тұрды.

Жұман ата домбыраны «таза» тартып халықтың көптеген өлеңдерін, жырларын, термелерді жатқа біліп, отырыс-той жиындарда нәшіне келтіріп айтып жиналғандардың көңілін көтеріп отыратын. Зейнегүл ананың да дауысы керемет болатын, көптеген халық өлеңдерін жатқа білетін, ойынанда сөз құрап айтатын ақындығы болатын.

Мемлекетке істеген қызметтері үшін «Партия қатарында – 50 жыл» медалімен, тағы да бірнеше медальдармен марапатталған. Елге сыйлы, иманды адам еді. Неше жыл партия,

кеңес қызметтерінде болса да, ауызынан Алласын тастамаған, бес уақыт намазын үзбеген, дәретсіз жер баспаған, мұсылманшылықты қатты ұстанған кісі еді.

Қынашаұлы Жұман 1985 жылы 7 наурыз күні 81 жасында Қайнар ауылында дүние салды.

ЫРЫСБЕК АТА – БІРНЕШЕ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ БАҚСЫ-ТӘУІП ҰРПАҒЫ



Ырысбек Нұрлыбай бақсы ұлы 1923 жылы дүниеге келген, 87-жасында Бәйдібек ауданы Алмалы (Орловка) ауылында 2010 жылы дүниеден өтті. 2002 жылы жаз айында Бұғал Ата үрімбұтақтарын түгелдеп Тасша шежіресін жинап жүргенімде Ырысбек ата үйіне тоқтап үш күн жатып шежіре жаздым. Менің не жұмыспен келгеніммен хабардар болысымен – ұлы Мамырханға тез арада бір қойды союды тапсырды, бұл атаның үлкен жұмысқа берген бағасы болу керек. Ол кісінің жоғарғы адамгершілігі, терең ой-өрісі, кісінің бағасын

білетіндігі, шешіліп сөзге араласып, сөзді өте зейін қойып тыңдай алатындығы, жасы келсе де үй шаруашылығына бір азаматтай араласатыны менің өмірімде тек жақсы жағынан із қалдырды. Менімен қатар отырып таңғы сағат 4-ке дейін келешек шежірені талқыласты. Ол кісінің жүзінен: «бітеліп қалған бұлақты тазалап жатқан кісі «міне-міне су шығар» деген қуанышта болады, сол сияқты Ырысбек ата «құдай қаласа Тасша шежіресі кітап болып жарыққа шығатын болды-ау» деген қуаныш жүзінен көрініп-ақ тұрды. Мен зырылдатып жазып отырамын, ол кісі тыңдап отырады, «мына кісінің баласының аты, немересінің аты кім еді?»-десем, тез арада бір немересін шақырып алады да, «пәленшенің үйіне барып кел, баласының, немересінің аттарын қағазға жазып әкел»-деп, жұмсап отырды. Атамен бірге менің қасымда бірнеше күн басқа да ағайын, қариялар отырып шежіре жазуға атсалысты, бұл ағайындар екі дүниеде Аллаһтың ризашылығында болсын.

Ырысбек ата, әшейін ауызбен айтатын жәй бақсы-тәуіп емес еді. Ол кісінің әкесі Нұрлыбай бақсы, атасы Жұмабай әулие, бабасы Есдәулет әулие, үлкен бабасы Бөкен әулие айтулы Ташкент-Түркістан-Шаян өлкесіне белгілі бақсы-әулие, көріпкел тәуіптер болған. Ол кісі тамыр ұстап науқастың қай ағзасының ауру екенін тура айтқанда Қазақстан Республикасының атақты бас терапевті Смағұловтан кем түспейтін. Науқастың «диагнозын» тура тапса оны емдеу, ол схема бойынша, дәрігерлер көбіне сол «диагноз» дегенді қоя алмай дел-сал болады, оны қалай қойды ауруды науқас денесінен қуып шығады. Көктемде, күзде қан қысымы көтеріліп, жүйкелері нашарлап сәл ауытқыған науқастарды, аяқ-қолын баса алмай қалған сал ауруларды бір-екі жетіде ол кісі аяғына тұрғызып, қалпына келтіретін. Бұл кісі «Әруақты, арқалы» бақсы-емші болатын. Қыл қобызды тартып, айқай салып «айтатындарын айтқанда» отырған сырқаттар 2-3 сағат бойы орындарынан тұрып кетіп, қазіргі «Қара жорға» биі сияқты би билеп, аласұрып қара терге түсіп, басалмай жүрген аяқтарын, еңтікпелер еңтіккенін ұмытып сау кісідей билейтін. Дөрекі айтқанда науқастар «көрмегенін көріп, өте бір азапқа» түсетін, есесіне шынымен-ақ жазылып кететін. Тамыр ұстап тыңдаған соң өзі емдейтінін өзі емдеп, басқа да жолдарын айтып отыратын. Ата туралы, атаның бабалары туралы ол кісінің сөзімен аяқтағым келеді: «Баяғыда Есдәулет – Бөкен бақсы-әулие бабалар заманында біздің үйде

бір айда 50-60 қой сойылады екен. Бұл күндері айына 2-3 қой сойылады»-деп сөзін аяқтаған еді. Кеңес Үкіметінің орнауымен халық емшілері көзден ұша бастап Ырысбек бақсы-тәуіп өткен бабалардан қалған ескерткіш сияқты, бабалардың соңғы көзі еді! Сонау көріпкел-жырау Асанқайғыдан бері еске алыңыздар, біздің кең далада «шіркін-ай, ең болмаса солар өлмей, мәңгі өмір сүрсейші»-деп еске алатын не бір бабалар өмірден өтті. Жүздеген адамдарды дертінен айықтырып, көңілін көтеріп, қуанышты күндерін созған, артында енді аңыз қалған әулие-бақсы Ырысбек атаның үлкен жүрегі 87-жасында 2010 жылдың көктемінде мәңгілікке тоқтады.

АХМЕТ ҚАЛЫМБЕТҰЛЫ – ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ, ӘСКЕРИ ҰШАҚ МЕХАНИГІ



Жатқан жері жәйлі, орыны пейіштің төрі болғыр Ахмет көкем менің анам Күлзадамен түйдей жасты еді, яғни 1923 жылы Ащысай руднигінен 12 шақырым жердегі Тасшалардың жазғы жайлауы – көкорай шалғын, бұрқыраған бұлақты, жайқалған мәуелі-баулы Қарабұлақта дүниеге келген. Елдің ауыр жағдайына байланысты 16-жасынан Ащысай руднигінде (кенішінде) слесарь болып еңбек жолын бастаған. 19-жасында Ұлы Отан соғысының ауыр күндері, Сталинград қаласындағы шайқасқа қызыл әскер қатарына шақырылған.

Қатардағы жас жауынгердің талай жан қиярлық ерлігін көрген полк командирі Қалымбетов Ахметті 6-айлық «Авиация механигі» оқуына жібереді.

Аллаһ жар болып, әруақ қолдап Ахмет көкем 1945 жылы Берлинге дейін барып, сол қалада 3-жыл комендант болып 1948 жылы қараша айында туған бауырларына есен-сау оралып, Ащысай кенішіне механик болып бейбіт өмірді бастап кетеді.

Қалымбетов Ахмет қызыл әскер қатарын «әскери ұшақ капитаны» шенінде аяқтаған.

Мен Ахмет көкемнің «жылы алақаны мен елжіреп тұрған жүрегінің рахымын» көп көрдім. Мені «жәкемнің баласы, артымыздан еретін ініміз» - деп өте жақсы көретін. Кейінгі жылдары Кентау қаласында тұрды. Мен есейгеннен кейін Ахмет көкеме сәлем беру үшін Кентауға, Зеления көшесіне талай мәрте іздеп бардым. Бұл кісі Тасшада бірінші болып «Урал» мотоциклын, М-21 «Волга» машинасын мінген.

Әңгімені жақсы айтатын, көрген-білгені көп, адамгершілігі, ой-өрісі өте жоғары Тасшаның асыл азаматының бірі еді. Апам айтып отыратын: «Тасшаның жақсылары өліп, жамандары қалды» деп, сол жақсылардың бірі Ахмет көкеміз еді. Тасшаның «бір бұтағы» Ахмет көкеміз 1987 жылы 3-тамыз күні «сынып» түсті, ұлы Қасеннің қолында қайтыс болып, Жаңатас қаласында жерленді.

Арты жақсы болып ұлдары: Дүйсен, Шырынбек, Қасен, немерелері: Алмас, Мараттар және бірнеше қызбалалар өсіп-өніп Ахмет көкемнің тұтатқан отын өшірмей отыр. Ұл-қыздары қатарының – біраз ағайынның алды.



ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ – ШӘМШІ САЛЫҰЛЫ



Салыұлы Шәмші 1918 жылы туылған. Еңбек жолына ерте араласып Ақтас, Қаңбақты, Қайнар елді мекендерінде бригадирлік жұмыста істеді. 1939 жылы әскер қатарына алынып Закарпатия атты әскер горнизонында әскери міндетін атқарды. Соғыс жылдарында Закарпатия, Украина, Белорусия, Венгрия, Румыния елдерін азат етуде өз үлесін қосып, Ұлы Отан соғысының бірнеше ордендері мен медальдарын алып Отан үшін елін қорғауды абыроймен атқарып 1945 жылы елге оралды. Содан Қайнар колхозында бригадирлік жұмыстан бастап, председатель колхоз болып қызмет атқарды. 1950 жылы Орал қаласындағы колхоз председателдерін даярлайтын орта дәрежелі ауыл шаруашылық мектебінде «агроном» мамандығы бойынша 1953 жылы бітіріп шықты. Ауылға келіп Қайнарбұлақ елді

мекеніне ферма меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1960 жылдары Ақбұлақ елді мекенінің ферма меңгерушісі болды. 1968-1972 жылдар аралығында Мыңбұлақ елді мекенінде ферма меңгерушісі болып халыққа қызмет етті. 1972-1979 жылдар аралығында «Қайнарбұлақ» елді мекенінде ферма меңгерушісі болып абыроймен еліне қызмет етіп, 1979 жылы еңбек демалысына шықты. Еңбекте абыройлы, сыйлы болып бірнеше сыйлықтар, медалдар, мақтау қағаздарымен марапатталды. Еңбек демалысына шықсада ардагерлер ұйымының басшысы болып ауылшаруашылық жұмыстарына араласып жастарға үлгі болу ретінде 1988 жылы Ақтас совхозына жастарды ұйымдастырып ауылдың мал шаруашылығына азық дайындау үшін Ақтас совхозына барып шөп дайындау науқанына қатысып жастарды ұйымшылдыққа шақырып отырды.

Қызмет ете жүріп үлгілі отбасы басшысы бола білді. Бес қыз, бір ұл тәрбиеледі. Қазіргі кезде өзінің ұлы Тамабайда еліне қызмет етіп, 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеуде. Тамабайдан Нұржігіт, Ержігіт, Перизат, Салтанат деген ұл-қыздар өсуде. Оларда жоғарғы оқу орындарында оқуда. Оқуын бітіріп атасының жолын қуып еліне, халқына абыроймен қызмет етсек деуде.

Шәмші Салыұлы Қайнарбұлақ елді мекеніне басшылық жасаған жылдары халықтың әл-аухаты айтарлықтай жоғарғы көрсеткіштерге жетті. Әр жүз саулықтан 105-120 қозы алынды, екі жылдық шөп жиналды, ауылдың жалпы табысы 30-50 пайызға өсіп көптеген жаңа тұрғын үйлер салынды. Ауылда жүгері егісі қолға алынып, нәтижесінде Алғабас ауданы бойынша Қайнарбұлақ жоғарғы көрсеткіштерге жетіп ауданның Құрмет тақтасына жазылды. Бөген совхозы (Мыңбұлақ) мен Қайнарбұлақ арасына тас жол төселді. Ауыл тұрғындарына қауын-дарбыз және басқа көкөністер еккізіліп халық біраз тоқшылыққа жетті. Шәмші Салыұлының ел үшін еткен адал еңбегін көзін көргендер бүгінгі күнде де тек жақсы жағынан айтып отырады.

ТӨРЕХАНОВ ӘБІЛХАН – КЕНТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ «ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ»

Төреханов Әбілхан 1939 жылы 1-ші қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданының Қызыл-Ту елді мекенінде дүниеге келген. Ащысайда 1958 жылы орта мектепті бітірді.

1964 жылы Алматы қаласында Қазақ Мемлекеттік университетінің экономика мамандығы бойынша бітірген. 1964-66 жылдары Шәуілдірде Мемлекеттік банкте инспектор қызметінде болды.



1966-1989 жылдары Ащысай руднигінде, нормировщик, еңбек, жоспарлау бөлімдерінде басшы қызметтерде болып, одан Ащысай парткомының партия хатшысы қызметін атқарды.

1989 жылдан Кентау қаласында, Ачполиметаллда еңбекті ғылыми ұйымдастыру лабораториясы бастығы, қаржы бөлімі бастығы, бас экономист, экономиканы жоспарлау бөлімінің бастығы қызметтерін 2008 жылға дейін атқарды.

Әбілхан Төреханов үлгілі отбасы отағасы. Жұбайы Райханмен 3 бала тәрбиелеп, алып бәйтеректей сүйкімді 12 немере сүйіп отыр. Райхан жеңгей де талай жыл «Ащысай» кенішінде химиялық лабораторияда қызмет атқарса, жұбайымен бірге қалаға қоныс тепкен соң да «Ащысайтүстіметалл» комбинатының химиялық

лабораториясында өз мамандығын жалғастырып, құрметті демалысқа шыққанша мінсіз жұмыс істеді.

Әбекең 1990 жылы қалаға сіңірген еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. Жігерлі де білікті маман 1974 және 1978 жылдары «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгілерімен марапатталса, 1976 жылы «9-бесжылдықтың озаты» атанды. Сол жылы «Ащысайтүстіметалл» комбинатының Құрмет грамотасымен мадақталды. Сондай-ақ қоғамдық-саяси істерге белсене қатысқаны үшін қалалық партия комитетінің Алғыс хатымен марапатталған еді.

Ол екі мәрте Қазақстан КП Кентау комитетінің мүшесі, бір рет тексеру комиссиясының мүшесі, үш мәрте Кентау қалалық еңбекшілердің халық депутаттары кеңесінің депутаты, сондай-ақ үш мәрте Ащысай елді мекені еңбекшілердің халық депутаттары кеңесінің депутаты болып сайланған абзал азамат. 1978-1979 жылдары үздік ОҚО үгіт-насихатшысы ретінде облыстық Құрмет тақтасында суреті ілулі тұрды. 2006 жылдың желтоқсан айынан бастап Кентау қаласының Құрметті азаматы атанды.

Тұңғыш қызы Гүлжахан – жоғары білімді, мектепте мұғалима, 4 балалары бар. Үлкені Айдана Алматыда технологиялық институттың екінші курс студенті. Екіншісі Азамат колледждің 2-ші курс студенті. Үшіншісі Ақерке биыл мектепке барды. Кішкентай Рахат балабақшада.

Екінші қызы Айымхан – жоғары білімді балалар дәрігері. Екі ұл, екі қызы бар. Төртеуі де мектеп оқушылары.

Ұлы Бақытжан, келіні Арысбаева Ғалия Құлмаханқызы жоғары білімді оқытушы, 4 немересімен бірге тұрады. Үшеуі: Нұрасыл, Нұрбақыт, Аружан мектеп оқушылары, кішкентай Ерасыл енді балабақшаға барады, 12 немересі балаусадай өсіп келеді.



ҚҰПИЯ МҚК (КГБ) ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САҢЛАҒЫ ЕДІ

Әлиев Қуаныш Әмірсейітұлы 1955 жылы 25-ші маусымда Шымкент қаласында, әкесі журналист, анасы мектеп мұғалімі отбасында дүниеге келді. 1972 жылы Қ.Сыпатаев атындағы орта мектепті бітіріп, сол жылы Қазақ химия-технологиялық институтына түсіп, оны ойдағыдай аяқтап, «құрылысшы» деген мамандық алды. 1976-1983 жылдары «Үй-құрылыс» комбинатында инженер болып қызмет атқарды. 1979 жылы Зұлпыхарова



Дина Романқызына үйленді. 1984 жылы Минск қаласындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) жоғарғы академиясын бітірді. 1984-1994 жылдары Созақ ауданының Ұлттық қауіпсіздік комитетінде (КНБ) басшы қызметте болып, одан біраз жылдар облыстық Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, одан 1999 жылдың аяғына дейін Мақтарал – Асық-Ата аудандары Ұлттық қауіпсіздік комитетін басқарып 1999 жылдың 11-ші қараша күні күтпеген жерден, кенеттен науқастанып өмірден қайтты. Отанының түтінін Бақтияр, Ғалым атты екі ұлы, екі қызы және үш немересі жалғастыруда.

Қуаныш ініммен Шымкентте, Шолаққорғанда, Қызыл көлде, Асық-Атада бірнеше мәрте дастархандас болдым, әкесі Әмірсейіт көкем сияқты мінезі ауыр болғанымен жүрегі ағайын-туыстар деп соғып, бүйрегі бұрып тұратын. Шолаққорғанда тұратын Жанғали ағамен және Аман ағайлармен өте жақсы қарым-қатынаста болып тұрды. КГБ-ның бастығы оңай басшы емес, сол жердегі «Тасшалар» Қуанышты үлкен арқа тұтып, басқалардың алдында емін-еркін жүрді. Қызметте – өз қызметіне адал, тиянақты болды. Подполковник дәрежесіне дейін көтерілді. Дастархан басында, жолдастары арасында шешіліп, өте көңілді болатын. Дина келін екеуінің де дастарханы жаюлы, мол, кең еді. Алдына өтінішпен барған азаматтардың ісін тез арада шешіп беретін. Біреудің соңына түсіп қазбалағанын естіген емеспін. Шәкең Құлтасов және Жанғали Меймандосов ағалармен мен үшеуіміздің Қызыл көлде алдымызға малдың басын қойып таңғы сағат төртке дейін күтіп, демалдырды. Бұл түн ағайынды үшеуіміз үшін естен кетпес түн болды. Мен өзім он төрт жастан жетім өскенмін. Күйеусіз ананың жағдайын жақсы білемін, оларға «сыншы» көп болады. Қуаныш ініміздің дүниеден өткеніне он жылдан асты Дина келін туралы тек жақсы ойдамыз, екі ұл, екі қыз, үш немересін қатарынан қалдырмай өсіріп, жақсы тәрбие, білім беріп балаусадай өсіруде.

АБДРАЙМОВ ЕРБОЛ БИМЫРЗАҰЛЫ – ЕҢБЕГІ СІҢГЕН, ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУШЫ, ПОЛКОВНИК



Абдраймов Ербол Бимырзаұлы 1958 жылы 28 желтоқсан күні Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданы Алмалы елді мекенінде дүниеге келген. Мектепті сол ауылда Алтын медальмен үздік бітірген. 1982 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін, 1995 жылы Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі Қарағандыдағы Жоғарғы милиция мектебін бітірген.

1982-2001 жылдары Шымкент милиция мектебінде – нұсқаушы, тәрбие бөлімінің басшысы, оқу бөлімінің басшысы және де басқа жауапты қызметтерде болды. 2001 жылдан Б.Момышұлы атындағы Шымкент заң колледжінің әлеуметтік-экономика кафедрасының меңгерушісі. Саясат ғылымдарының кандидаты. Ерекең терең философиялық білімі бар азаматтардың бірі. Дүниежүзілік тарихтан, әдебиеттен хабары бар. Ұжым алдында, студенттер алдында сол білікті маман ретінде үлкен абыройы бар. Колледждің әр жылдары әртүрлі басшылары болды. Қайсы бір бірінші басшы болмасын колледждің оқу-тәрбие жұмыстары туралы Ерекеңмен ақылдасып отырады. Ширек ғасырдан астам уақыт бір орнында жақсы жұмыс істеп жатыр, ғылым кандидаты, білікті маман, бірінші басшы болуға лайықты-ақ жігіт, бірақ,

«Алло» деп бір ауыз айтатын «көкесі» жоқ. Жалпы біздің Тасшаларда «көке» болса да «Алло, мынау біздің бала еді» - деп айтпайды.

Ерекеңнің ағайын арасында да абыройы жақсы. Той-жиыннан қалмайды. Отырыстарда бір-екі өлең айтып дастархандардың көңілін көтеріп отырады. Дастархан басында тілек айтқанда ойының бәрі жинақы, ғылыми тілмен тұжырымдап айтады. Өзі де көңілді отырады, қасындағыларды да шуақ етеді. Ербол Бимырзаұлы біреуге іні, біреуге аға боларлық асыл азамат.

ІШКІ ІСТЕР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТКЕРІ



Дауылбаев Сәбит Арапұлы 1968 жылы Алғабас ауданы Шаян ауылында дүниеге келген. 1985 жылы В.И.Ленин атындағы орта мектепті бітірген.

Жамбыл жеңіл өнеркәсіп технологиялық институтында, Қазақ-араб университетінің заң факультетінде білім алып – бухгалтер, аудитор және заңгер мамандығын алған. Алғабас ауданы тұтынушылар одағында бірнеше жыл бас бухгалтер болып қызмет атқарды.

1996 жылдан ішкі-істер органдарында тексеру-бақылау қызметінде болып, қазіргі кезде подполковник дәрежесіндегі бас бухгалтер, Оңтүстік Қазақстан облысы ішкі істер басқармасы қаржы басқарма бастығы қызметін атқаруда. Аудандық, облыстық қызметтерде өзінің білікті-сауатты маман екенін көрсете біліп ұжым алдында үлкен абыроймен қызметін жалғастыруда. Сәбит – ағайын, жора-жолдас алдында да үлкен абыройы бар азамат. Бәйдібек – Ысты – Тілік бабалардың атын өшірмей ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, оларды жастар алдында насихаттауда және ағайынның той-жиынында бір кісідей ат салысып, жақсы жағынан көрінуде.

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудақент ауылында (Жанатастан 8-шақырым) Ысты – Тілік баба мемориалдық кешенінің құрылысына да өзінің елеулі үлесін қосты.

Әкесі Дауылбаев Арап 1930 жылы дүниеге келген, 22 жыл бойы Алғабас ауданы туб.диспансерінің бас дәрігері қызметін атқарған. 1983 жылы дүниеден өткен. Анасы – Дауылбаева Бекзада Бейсенбайқызы 1938 жылы дүниеге келген, зейнеткерлікке дейін емханада рентген-лаборант қызметін атқарды. Бекзада ана 8 ұл-қызды дүниеге келтіріп, өсіріп-өндіріп, бәріне жоғарғы білім әперіп, олардан немере-шөбере қуанышын көріп отырған бақытты ана.

Сәбиттің жұбайы Алуа Әлішерқызы жоғары білімді, бухгалтер-аудитор мамандығын бітірген, балаларды қорғау және құқығын сақтау департаментінің кадр бөлімінің бастығы, екі ұл, бір қыз дүниеге әкеліп, оларға жақсы тәрбие беруде.

БАЙСЕЙІТ ҚАНСЕЙІТҰЛЫ ТҮЙМЕБАЕВ - өз ісінің маманы



Түймебаев Байсейіт Қансейітұлы 1956 жылдың 17 ақпанында Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келген.

1963 жылы Шолаққорған ауылында Ы.Алтынсарин атындағы мектептің 1 сыныбына барып 1973 жылы аталған мектепті бітіріп, 1973-1976 жылдар аралығында Қазақ Химия-Технологиялық

институтының кешкі бөлімінде оқыған.

Қызмет өтілін 1974 жылдың ақпан айынан бастап Шымкент қалалық Телефондық-телеграфының телеграфтық цехының монтеры болып бастаған.

1979-1987 жылдар аралығында жолдамамен Маңғышлақ облысының Шевченко қаласының Пластикалық масса заводының техникалық қадағалау бөлімінің инженері, мастері және аға инженері болып қызмет атқарды.

1987-1989 жылдар аралығында Маңғышлақ облысполкомда референт, жетекші маман және бөлім бастығы қызмет атқарған.

1989 жылдың ақпан айынан 1989 жылдың қазан айы аралығында “Қаражанбастерминефть” ӨЭНГДУ тұрмыстық пайдалану учаскесінің бастығы болып жұмыс істеді.

1989-1991 жылдар аралығында ауысу тәртібімен Чимкент облысполкомы Төрағасының орынбасарының көмекшісі және экономикалық кеңесшісі болып қызмет атқарды.

1991-1992 жылдар аралығында Чимкент облысполкомы Төрағасының бірінші орынбасарының көмекшісі қызметін атқарды.

1992-1999 жылдар аралығында облыс әкімшілігінде жетекші маман, бас маман, облыс әкімшілігі басшысы орынбасарының референті қызметін атқарған.

1999 жылдың 20 желтоқсанынан Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментіне бөлім бастығы лауазымына тағайындалды.

Түймебаев Байсейіт Қансейітұлы 17.10.2001 жылы ҚР агенттігінің ОҚР бойынша Департаментіне 10 жыл толуына орай монополияға қарсы органдарда атқарған адал еңбегі үшін Департаменттің Құрмет грамотасымен марапатталған.

16.12.2001 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына байланысты қалтқысыз еткен қажырлы еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хаты берілген.

25.08.2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 20 сәуір 2005 жылғы № 1555 Жарлығына сәйкес 2005 жылғы тамыздың 25-тегі Жарлық бойынша “Қазақстан Конституциясына 10 жыл” мерекелік медалімен наградталған.

Ұлдары Сұлтанберді, Нұрсан, қыздары - Әлия, Ақмарал, немересі - Нұрила қатарларының алды болып өсіп келеді. Байсейіт Қансейітұлы Бәйдібек ауданы әкімі қызметін атқарып одан Алматы облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агенттігінің төрағасы қызметін атқарды. Байсейіт бауырымыз өмірінде адал, қолы ашық, әңгіменің бәрін тіке айтатын, ойы “ұшқыр”, бауырмал, елгезек болатын. Үкіметтің қай қызметінде болмасын өзінің сауатты маман екенін, жан-жақты, әр-түрлі сала бойынша ой-өрісінің кең де, терең екенін көрсете білді. Бұл қасиеттері үшін қызметтес жолдастары, ағайын-туыстар Байсейіт бауырымызды жоғары дәрежеде сыйлайтын. Байсейіттің Ата-анаға, отбасы мүшелеріне жылы жүзділігі мен кең пейілін, адами жақсы қасиеттерін Ұлмекен ана да айтып отыратын. Байсейіт “Антимонополияда” қызметте болғанда біздің үйдің қасында болды, 8 жылдай аптасына бірнеше рет жолығып тұратынбыз. Түскі тамаққа жиі келіп, Дәметкен жеңгесінің “мантысы” мен “бесбармақ” қамыр тамағын мақтай-мақтай сүйсіне тамақтанатын. Байсейіт қатысқан дастарқан басында бәріміз көңілді отыратынбыз. Көпшіл, ағайынға жақын, жолдастары алдында үлкен абыройлы бар асыл азаматтың жүрегі кенеттен 2011 жылдың 28-ші жұлдызы күні тоқтады.

ТҰРСАЕВ ДИХАНБАЙ АЛДАБЕРГЕНҰЛЫ - тоңазытқыштар техникасы бойынша бірінші инженер



Тұрсаев Диханбай Алдабергенұлы 1946 жылы мамыр айының 26-күні Ащысай кенінің Серго станциясында дүниеге келген. 1965 жылы № 8 М.Горкий атындағы мектепті “жақсы - өте жақсы” деген бағалармен бітіріп, бір жыл еңбек етіп қаражат жиып, Қазақ химия-технологиялық институтына түсіп, 1971 жылы осы оқу орнын “Тоңазытқыштар және компрессорлы машиналар мен қондырғылар” мамандығы бойынша бітіріп, инженер-механик деген квалификация алды. Сөздің еріт келгенде айта кетейін, бұл мамандықта оқу үшін математика, сызу, физика, химия пәндерін жақсы білу керек. Диханбай ағадан кейін бұл мамандық бойынша мен бітірдім. Біздің топта бірінші курста 29-студент болатын, дипломды сол 29-дан 11-ақ студент алдық, 18 студент 2-4 курстарда оқудан шығып қалды, қазақ балалардан тек мен диплом алдым, біздің топтағы кілең еврей, немістер (Шкут, Шульц, Вильгельм) болатын.

1971 жылы Дәкең инженер-механик мамандығын алып Кентау қаласындағы Экскаватор зауытына жұмысқа орналасып, арасын үзбей 25-жыл адал жұмыс атқарып, қатардағы инженерден цех бастығы қызметіне дейін көтерілді. Ширек ғасыр қызметінде Диханбай Алдабергенұлы өзінің білікті де білімді инженер-екенін көрсете білді. Қай бөлімшеде, қай цехта болмасын тіпті зауыт көлемінде еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыра біліп, мемлекетке мыңдаған рубль кіріс пайда түсірді. Дәкең барлық уақытта зауыттың, Кентау қаласының өнертапқыштар (рационализатор) қатарында болып, экскаватор шығару технологиясын жетілдіру, сапасын арттыруда, металл үнемдеуде түн ұйқысын бөліп, тер төгіп, сызу сызып есеп шығарып ерекше еңбек етті. Дәкеңнің білімдігі мен адал еңбегі жоғары бағаланып, зауыт, қала басшылары атынан және машина жасау министрлігінен бірнеше марапаттардың иесі болды.

1996 жылдан 2007 жылдың аяғына дейін ОҚО еңбекті қорғау департаментінде, аға инспектор болып қызмет атқарды. Диханбай Алдабергенұлы ақ көңіл, ашық-жарқын, адал, ағайынға, силы азамат болды. Жәудір жеңгеміз екеуінің дастарқаны да мол болатын, сонау 90-шы жылдары, қиыншылық заманда менің үлкен ұлым үйленгенде, дастарқанда “саусақ сиятын” жер жоқ дастарқан жасап 30-кісіні шақырып, құдаларымды күтті.

Экскаватор зауытының жұмысы, ол соттың, бухгалтер-ревизордың, салық комитетіндегі жігіттердің жұмысы емес “түске дейін оңға қарай жазып, түс қайта солға қарай жазатын” ол өндіріс жұмысы, өте жауапты жұмыс, әр бұранда, әр тетік адам өмірі. Өзі жауапты жұмыста болғасын, Дәкең басқалардың да еңбегін бағалай білетін. Ағайындар отырғанда: ... “біздің Жұмабекті ғалым десек болады, Тасша шежіресін жаңылмай жазып шықты, мен “Ысты” шежіресіндегі Тасша үрім-бұтағын оқығанша 5-атаман ары білмейтінмін, қазір 17-атамды білемін” - деп айтып отыратын. Адал да асыл азамат, отбасының берекесі, ағайынның жарық жұлдызының бірі Диханбай Алдабергенұлы ауыр науқастан 2007 жылы қараша айының 16-күні бұл дүниеден өтті. Асыл аға қайтыс болған күні мен Астана қаласында Рамазан Бектұрғанов ініміздің докторлық қорғауында жүрген болатынмын, менен басқа ағайындар “Докторлықты” тойлап қалды, мен, әйтеуір жылдам қайтқым келді де тұрды, 17 қараша күні пойыздан түсіп үйге келіп, ағаның қайтыс болғанын естідім. Мен дүниеге келгенде менің шешем қатты ауырып, сәби кезімде Дәкеңнің анасы Торқа шешемнің сүтімен қоректенген екенмін, (Торқа ана негізінен менің жеңгем болатын, сүтін емген соң “шеше” деп кеткенмін) бір емшек емген бауырым болғасын ба, Диханбай ағаны жерлегенде менен де

бір “күрек” топырақ бұйырып, қабір басында құран бағыштадым. Ағаның алды өзіне жақсы болсын, арты жаман емес, Айдар атты ұлы және қыздары, немерелері, көптеген бауырлары шаңырағын құлатпай, түтінін түтетіп, әкелеріне уақытылы Құран оқытып отыр.

ЖОЛДАСОВ СЕРІК ҚҰРАЛБЕКҰЛЫ – БІЛІКТІ ХИРУРГ



Жолдасов Серік Құралбекұлы Бәйдібек ауданы Алмалы елді мекенінде, әкесі Жолдасов Құралбек пен анасы Тотыкүлдің төртінші перзенті болып 1969 жылы 10 ақпанда дүниеге келген.

Атасы Дүйсенқұлов Жолдас пен әжесі Станбекова Айсұлу, әкесі Жолдасов Құралбек көп жылдар бойы шопан болды.

1976-1986 жылдары Алмалы ауыл округіндегі Қ.Сәтпаев мектебінде білім алып, күміс медалімен бітірген. Мектеп қабырғасында ол кішкентайынан өзінің сыныбында ең тәртіпті және өзгеге үлгі бола білген, оқуда озат оқушы болған. Өзінің озаттылығымен 1982 жылы облыстағы ең үздік оқушылар тізіміне ілініп, бүкілодақтық «Артек» пионер лагеріне барған. Мектеп бітіргенге дейін Комсорг болып қоғамдық жұмыстарға белсене

қатысты. 1 сыныптан 10 сыныпқа дейін көптеген грамоталар, алғыс хаттар мен марапаттауларға ие болған.

Мектеп қабырғасында білім берген алғашқы ұстазы Жақсыбаева Феруза апайына, тарих пәнінің мұғалімі Тұрғанбеков Избасар, химия пәнінің мұғалімі Бердалиев Мақұл, орыс тілі пәнінің мұғалімі Дүйсенбеков Пернебек, биология пәнінің мұғалімі Бекқараева Гүлнар және т.б. ұстаздарына әлі күнге дейін рахметін айтады.

Мектепті үздік бітіріп, 1 емтихан тапсырып Алматыдағы С.Асфандияров атындағы мемлекеттік медициналық институтқа емдеу факультетіне оқуға түседі.

Азаматтық борышын 1987-1990 жылдар аралығында Қара теңіздегі әскери-теңіз флотында атқарып, институтқа оралды.

1992 жылы отбасы құрды. Жұбайы Қоңыраттың Құлшығаш руынан Қанаева Гүлнар Тастанбекқызы. Мамандығы мұғалім.

Балалары: тұңғышы үлкен қызы Самал мектепте 10сыныпта оқып жүр, ұлдары Асыл мен Арман және Аңсаған (қызы).

1995 жылы медициналық институтты тәмамдап, Шымкент қаласындағы жедел-жәрдем ауруханасына хирург (оташы) болып жұмысқа орналасады.

Біліктілігін жетілдіру үшін Астана және Мәскеу қалаларында медициналық мекемелерде өз білімін тереңдетті.

Оңтүстік Қазақстан облыстық Денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазіргі кезде №2 ауруханада бөлім меңгерушісі.

Жолдасов Серік Құралбекұлы екі ұл, екі қыздың әкесі, жора-жолдастарына адал дос, ұжым арасында беделі жоғары дәрежелі қызметкер.

Шымкент қаласындағы Самал-1 мөлтекауданында тұрады.

ЕЛАҒАСЫ – ТҰРҒАНБЕК ИЗБАСАР

Тұрғанбеков Избасар 1934 жылы 10 қазанда Бәйдібек ауданы Қызылбұлақ колхозында дүниеге келген. Орта мектепті Байжансай кенінде бітірген. Әскери борышын Ресейдің Томск қаласында өтеген. 1963 жылы Қызылорда педагогика институтының тарих



факультетіне түсіп, жанұя жағдайына байланысты Шымкент педагогика институтына ауысып, 1968 жылы бітірді. Бұрынғы Орловка (қазіргі Алмалы) ауылында өз мамандығы бойынша 40 жылдан астам уақыт ұстаздық етті. Аудандағы ең алғашқы спорт залы осы туған ауылында осы Избасар ағаның бастамасымен салынды. Оның жобасын сызып, құрылысына белсене араласты.

Алғашқы әскери дайындық мұғалімі (военрук) болып та бірнеше жыл абыройлы еңбек етті.

Ұлы Жеңістің 40 жылдығына орай, өзі қызмет атқарып жүрген Қ.И.Сәтпаев атындағы орта мектебінің ауласына соғыста қаза болған жерлестерінің есімдерін жазып «ескерткіш тақта» орнатты, жас ұрпақты ерлікке тағзым етуге, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиеледі.

Республикалық оқу конференцияларында бірнеше рет құнды баяндамалары оқылып, Республикалық, облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. В.И.Лениннің 100 жылдық медалімен, «Қазақ ССР-інің Халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Жас ұрпақты тәрбиелеудегі ересен еңбектерін жерлестері бағалап, 1997 жылы кенеттен қайтыс болғаннан кейін Избасар Тұрғанбековке қызмет еткен мектебінің бір сыныбына құрметтеп есімін берді.

Избасар ата мен Несіпкүл әже жанұяда 5 ұл, 6 қыз тәрбиелеп өсірді. Екі ұлы мен үш қызы еке жолын қуып, ағарту саласында, қалғандары басқа салада еңбек етуде.

Жұбайы Несіпкүл Сіргелі елінің Тутамғалы руының қызы. Әкесі Досмағамбет 30 жыл Байжансай кенінде шахтада істеп, Ұлы Жеңісті жақындатуға атсалысқан ардагер шахтер болған. Несіпкүл әже Досмағамбет атаның жалғыз еді. Несіпкүл әже жолдасымен бірге Қ.И.Сәтпаев орта мектебінің мектеп кітапханасында 28 жыл еңбек етіп, 11 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген. Ардақты Ана – Алтын медалінің иегері, ақыл-парасаттылығының арқасында елі қадірлеген бақытты әже.

ӘБДІҚАСЫМ ЖАҚСЫБЕК – ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ОҚЫТУШЫ ЖӘНЕ ЖАТТЫҚТЫРУШЫ



Әбдіқасым Жақсыбек (Жақсан) – 1950 жылы туылған. 1968 жылы Кентаудағы №1 Ыбырай Алтынсарин атындағы мектепті бітірген. 1969-1971 жылдары Кеңес Одағы әскер құрамында Польша елінде әскери борышын өтеді. 1969 жылы қараша айында Алмания, Мадияр, Польша және Кеңес армиясы біріккен «ОДРА-69» халықаралық әскери оқу жаттығуында көзге түскені үшін «Варшава келісім шарты елдері (8 ел) әскерінің қолбасшысы, Кеңес Одағының маршалы И.Якубовский және Польша елінің Бірінші хатшысы Войск Ярузельскийден алғыс хат алған. Келесі 1970 жылы «Кеңес Одағы әскерінің үздігі» төс белгісімен марапатталды. 12 жылдан астам «Мырғалымсай» Тау Кенде жұмыс істеді. 26 жылдан астам Кентау қаласы Хантағы елді мекеніндегі №6 мектепте қызмет атқарып келеді. 20 жыл әскери жетекші, қазіргі кезде мектеп директоры тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметінде.

Сонымен қатар ұлттық ойын тоғызқұмалақтан 1992 жылдан жаттықтырушы болып қызмет атқарады. Бұрынғы шәкірті Ғалымжан Темірбаев мектеп қабырғасында спорт

шебері болды, қазір ол Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның 3 және Қырғызстан республикасының 2 дүркін чемпионы. Интеллектуалды ойындардың Чехияда 2008 жылы өткен дүниежүзілік фестивалдің жеңімпазы.

Әбдіқасым Жақсыбектің 2001 жылы туылған немересі Нұрсат 2010 жылы жасөспірімдер арасында шапшаң ойнаудан Қазақстан Республикасының чемпионы, сонымен қатар Жандарбеков Саят Республикадан III-орын.

Әбдіқасым Жақсыбек Қазақстан мектеп журналына «Хантағы» сайысы деген ұлттық жаңа жарыс түрін шығарды. Республикалық «Sport g kz» газетінде бірінші рет тоғызқұмалақ көрсетпелі тақтасының үлгісін жариялады.

Облыстық Әскери комиссариаттың, облыстық спорт, облыстық білім департаменттерінің, облыстық кәсіподақтың мақтау грамоталары және қала әкімі, «Ачполиметалл» комбинатының директорының, қалалық білім беру бөлімінің, қалалық әскери комиссариаттың және қалалық спорт бөлімінің мақтау грамоталарымен марапатталған.

Үш баласының екеуі үйленген. Үшеуі де жоғары білімді. 4-немересі бар.

Жақсыбектің әкесі Әбдіқасым 1900 жылы туылған. Ащысай маңындағы «Шылбыр» өзенінің бойында және Ойық ауылында өмір сүрген. 60-жастан асқанша той-жиындарда күресіп бәйге алып жүрген. Егін, көкөніс, тал екенді жақсы көрген. 1913 жылы Шылбыр өзенінің бойында «Тесіктас» ауылындағы Бәйіш (Тасша) диірмені жанында еккен талдар күні бүгінге дейін өсіп тұр. Бұл Иманқұл (Тасша) бұлағының Шылбыр өзеніне құятын жерде. Жақсыбектің анасы 1906 жылы дүниеге келіп, 1979 жылы қайтыс болған.

Жақсыбек Тасша ішіндегі білімді, іскер, терең ойлы, барлық ісі тиянақты азаматтың бірі. Кентау қаласы оқушыларының қалааралық, облыстық, республикалық жарыстарда алдыңғы қатардан жүлде алуы, шәкірттерінің Республика дәрежесіндегі жаттықтырушы шебері атаққа ие болулары Жақанның уақытпен санаспай жаздай-қыстай, жылдап ерінбей еткен адал еңбегінің нәтижесі. Жақан туысқанға деген бауырмашылықтың, адамгершіліктің де ең жоғарғы үлгісінде тұрған азамат. Бұл күндері Жақсыбек Кентау қаласы №6 мектептің тәрбие ісі басшылығын үлкен абыроймен атқарып келеді. Жақсыбектің қаламынан туындаған шағын мақалалар қалалық, облыстық, республикалық газет-журналдарда жиі-жиі жарияланып тұрады. «Спорт» №35, 2009 ж, «Қазақстан мектебі» №1, 2007 ж. т.б. Жақанның жұбайы Зеркүл Майлыбайқызы дүниеге Қанат, Мақсат, Азамат атты жігіттерді және қыздарды әкеліп, Нұрсат, Нұрсұлтан, Қарақат, Инжу атты немерелерді тәрбиелеуде. Зеркүлдің де көңілі, дастарханы мол, кішіпейіл, Тасшаның алдыңғы қатардағы келіндерінің бірі.

Жақсыбектің білімділігі, шеберлігі, адал ұстаздығы, отбасында асыл әке, немерелерге сүйікті аталығы, ағайын-туыс алдында үлкен абыройлы, келешекте өсіп келе жатқан барлық Тасша жасөспірімдеріне үлгі, өнеге.

2011 жылдың сәуір айында Әбдіқасым Жақсыбекке “Спортқа еңбегі сіңген жаттықтырушы” атағы беріліп, оқушысы Темірбаев Ғалымжан әлем чемпионы болды.

АҚТАС ШИПАЛЫ СУЫНЫҢ ИЕСІ СЕРАЛИЕВ ОМАРХАН

Сералиев Омархан 1947 жылы мамыр айының 17-ші жұлдызында Жамбыл баба жырға қосқан атақты Ащысай руднигінде (кенішінде) Сералы ата мен Сейсенкүл апаның бесінші ұлы болып дүниеге келген. 1966 жылы М.Горький атындағы мектепті жақсы бітіріп 1967-1969 жылдары Шығыс Германияда СССР әскері құрамында болып қызмет атқарды. 1968 жылы Чехословакиядағы “дүмпуді” басуға қатысты. 1972 жылы Талғар қаласында



техникумды бітіріп “Ауылшаруашылығын электрлендіру” бөлімі бойынша техник-электрик мамандығын алды.

1983 жылы Алматы ауылшаруашылық институтын бітіріп инженер-электрик мамандығын алды. 1972-75 жылдары “Казсельхозтехника” басқармасында өз мамандығымен қызмет атқарып 1975-1983 жылдары “ЮжКазЭнерго”-да әртүрлі инженерлік қызметте болып, 1983 жылдан 1998 жылға дейін ЧПРЭС (шымкентсвет)-те директордың орынбасары болып жұмыс атқарды. 1998 жылы “Энергонадзорда” директордың орынбасары қызметінде болды. 1999-2000 жылдары ЖШС “Ақбидай”-да басқарма бастығы болып, 2000 жылдан кәсіпкер және ЖШС “NScompany”-да директор.

2005 жылдан бастап Ақтас шипалы суында жеке кәсіпкер, Ақтас суындағы “Ата бұлақ”, “Ана бұлақ” орналасқан 500 га жер осы Омархан бауырымыздың жекеменшігінде.

Омарханмен менің кіндік қандарымыз бір төбеге тамған. Екі үйдің арасында үй жоқ болатын, сондықтан қалт-құлт етіп жер басып жүргеннен бастап күні бүгінге дейін арамыз ажыраған емес. Омекең жасынан ширақ, көп қатарының алды болып өсті. Менен екі жасы үлкен болғасын сонау мектеп қабырғасында жүргенде менің сыныптас қыздарыма жазған хаттарын, сыйлықтарын мен арқылы беріп жіберетін. Менің есімде қалғанының бірі менің сыныптасым Мінәйім деген қызға ағылшын жазушысы болу керек Дин Ридтің “Дүниені дүр сілкіндірген 10-күн” атты кітабы. Омекең жастайынан қыздарға жақын болғанынан болу керек бүгінгі күні Тасшаның “алды” болып жұрт көзіне көрсетіп 3-4 әйелдің иесі. Бірінші бәйбішесі, Шаяндық Зәуреден - Марат, Бақыт, Ақмарал, ортаншы жеңгеміз Катядан - Айдос, кіші жеңгеміз Раушаннан екі қыз. Омекең төрт немеренің атасы.

Омархан ағайын-туысқа, жора-жолдасқа адал, қолы ашық, қонақжай азамат.

Шымкент қаласындағы Тасшалардың көсемідері десек болады: Әмірсейіт пен Шалабай ағаларды, бұл екі кісінің де Омарханның жақсы істерін жиі айтып отырғандарының талай мәрте куәсі болдым. Бұл азаматтың көңілі бала сияқты, қасында 40 жыл бірге жүріп Омарханның біреуге сыртынан “тісін қайрағанын” көрген емеспін. Адал көңіліне Аллаһ Тағала берген болар, барлық уақытта табысы жақсы. Шымкент қаласында ең алдындағылардың бірі болып өте жақсы екі қабатты үй салды, ол үйде Зауре мен Марат отыр. Уәлиханов көшесіндегі үлкен үйде Катямен тұрып жатыр. Ортаншы ұлы да үй-жайлы Астана қаласында. Ақмарал мен Айдос та Астанада. Ағайын-туыстың тойларынан, іс-шараларынан қалмай қатысады. Өзінің аға-інілеріне барлық уақытта “қолқабыс” жасап отырады. Ақтас шипалы су басында да майда-шүйде жұмыстарда жақын інілері, Диханбайдың бауырлары. Суға барған ағайындарды да өте жақсы күтеді. малын сойып, қуырдағын пірісіп, ыстық бауырсағы мен дәмді сары майымен, бөлек ғимаратқа жатқызып қолынан келген жақсы тірліктерін барынша жасайды. Судың басында намаз оқуға әжептеуір мешіт те тұрғызды. Ақтас шипалы суы басындағы мешітке мен бір қой, бір кілем апардым.

Мен Шымкент қаласына Омарханнан бұрын келген болатынмын. Келген замат ол менің квартирама келді. Шалабай ағамен таныстырып, жақын туысқанымыз екенін айттым. Аманов Жаңабай көкеміз Омарханға: “Қалада күн көру қиын, сен Ащысайға қайт”, - депті. Көп кешікпей Зауреге үйленді. Бұл кездері менің 3-4 костюм-шалбарым болатын, Омекең тек оқуды жаңа бітіріп келіп жұмыс істеп жүрген, сол жаңа бір қара костюмді ол киіп, тортор ақ костюмді мен киіп және біраз адамдармен ЗАГС-ке барып, одан соң ағайындардың қатысуымен әжептеуір беташар жасадық. Бір басы екеу болғасын ары қарай өз арбасын өзі сүйреп кетті. СССР тарарда мен облыстық атқару комитетінде болатынмын. СССР тарасымен мен үкімет жұмысын тастап бизнеске кеттім. 1993 жылы қазан айында менің қорамда 10 “Волга” ГАЗ-31029, 5 - ГАЗ-3307 жүк машинасы тұрды. Бәрі су жаңа. Базарда



“Волга” 40-45 млн.руб. жүк машинасы 30-35 млн.руб. болатын. Жасымыздан бірге өскен, туысқаным болғасын екі есе арзан бағаға 25 млн.руб. “Волга”, я болмаса 15 млн.руб. жүк машинасын ал деп біраз ұстап отырдым, қаражаттың ыңғайы болмаған болу керек алалмады.

Кейін мен Омарханға бес комплект “Новгорец” деген стенка-жиһазды 24 млн.руб-ға беретін болдым, бұның да 10 млн.руб ғана төленді. Бұл стенкаларды Горький (Нижний-Новгород) қаласынан әкелінген өте сапалы

“стенка” болатын, қазір Зауренің үйінде тұр. 10 млн.руб. екі аптадан кейін 20 000 теңге болып қалды. 1993 қарашаның 15 күні теңге дүниеге келді. Соңында 5-6 айдан кейін менің есеп шотыма 5000 теңге аударып, 5 комплект “стенканы” алып кетті. Мен жаңа бағамен қайта есептемей (перерасчет) “жағдайы осылай болған шығар” - деп басқа қаражат сұрамадым. Теңге ауысқан алдыңғы 3-4 айда “Волга” жеңіл машиналарды 70-90 мың теңгеден сатып, тек бір машинаны 1994 жылдың шілде айында 340 мың теңгеге С.Сейітжановтың Отырардағы әпкесіне саттым. Мен еш уақытта “көп дүние жинайын, көп пайда табайын” - деп мақсат қойған емеспін. осы “машина операциясынан” үш машина таза кіріс қалды, соған қанағат жасадым. Омархан маған 5000 теңге аударғанда “”Баян-Сұлу дүкенінде одан нашар “Стенкалар” 80-120 мыңнан тұрған. Менің жақсылық сөз жәрдемімді, іс-әрекеттерімді Омекең шын көңілімен ағайындар алдында айтып отырады, оған көп рахмет! Тоқсан жасқа келіп дүниеден қайтқан, СССР халық әншісі, халық Қаһарманы Роза Бағланова апамыз айтқан: “Ең өкінішті нәрсе - зұлымдармен жақсылықты түсінбейтін надан - жамандарға жақсылық жасау, қайтесің, адамгершілік тұрғыдан өмірде көп жақсылық жасауға тура келеді” - деп.

Омархан бауырымыз бұл күндері Пайғбар жасынан асқан, жақсы қария болып келе жатқан іскерлігі, адамгершілік сапасы жағынан өсіп келе жатқан жастарымызға үлгі боларлық азамат!

ТАСШАНЫҢ МЕТАЛЛУРГИ



Дүйсен Ахметұлы 1951 жылы 1 наурызда Ащысай руднигінде дүниеге келген. 1968 жылы Кентау қаласында орта мектепті бітіріп, сол жылы Алматы қаласындағы политехникалық институтқа түсіп, 1974 жылы инженер-металлург мамандығы бойынша диплом алды.

1974-1976 жылдары Кентау қаласының эксковатор зауытында өндіріс шебері (мастер участка), технолог лауазымдарында инженерлік қызмет атқарды. 1976-1981 жылдары «Алма-Ата эксперименталь» зауытында «жаңа техника-технология» инженері, «инженер-конструктор»

болып қызмет атқарды. 1982 жылдан 1993 жылдар арасында «Қарағандыкөмір»-де балқыту цехында қатардағы шеберліктен өндіріс бастығы, цех бастығы, инженерлік қызметтер атқарған. 1993-2003 жылдары Оңтүстік Кореяның «Самсунг» фирмасында цех бастығы болып жұмыс істеді. 2003 жылдан бері Қарағанды қаласында КГКП «Центр подготовки олимпийского резерва» мектебінде директордың орынбасары.

Дүйсекеңнің әкесі Ахмет көкеміз соғыс басталмай тұрып әскерге кетіп, Ұлы Отан соғысының бірінші күнінен қатысып, соғыс аяқталғасын әскери тапсырмаларды орындап 1948 жылдың қараша айында бірақ туған жерге оралған, офицер – ұшқыш. Біздің Тасшада бірінші «Урал» мотоциклін, «Волга» машина мінген азамат. Ақ көңіл, ашық-жарқын, ойындағысының бәрін айтып отыратын өте бір жақсы кісі еді.

Дүйсен Ахметұлы біздің Тасша азаматтарының ішіндегі бірден-бір сауатты инженер. Ағайынға бауырмал, жылма-жыл елге келіп оншақты күн болып Кентау, Шымкент, Жаңатас, Төрткүлдегі ағайындардың көңілін көтеріп кетеді. Арасын үзбей телефон соғып ағайындардың есен-саулығын сұрап отырады. Үш қызы, екі немересі бар. Өз ретіне қарай мен де Дүйсекеңді Қарағандыға арнайы барып іздеп барғанымда қона жатқызып өз үйінде және Кентаулық Ақжарқын қарындастың үйінде құда күткендей күткендерін мен ұмытуға тиіс емеспін.

Жолдасы Қанатта өте кішіпейіл, дастарханы мол, қонақжай. Көп жылдар бойы есеп-қисап қызметінде, бас бухгалтер. 2005 жылы мен Астана қаласы А.Бараев көшесінен үй алып, жаңа үйге қоныс той жасап, 2005-тің Жаңа Жылын қарсы алғанда Дүйсен Ахметұлы менің туысқаным болып қатысты.

Дүйсен Ахметұлымен болған әр жүздесу-отырыс әр адамның өмірін біраз уақытқа ұзартады – десем қателік болмайды.

АХМЕТОВ ЕРКІНБЕК – ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА БЕЛГІЛІ РЕВИЗОР



Ахметов Еркінбек Сейтбекұлы 1947 жылы 10 қыркүйекте Шымкент облысы Шаян ауданы Мыңбұлақ ауылдық кеңесіне қарасты «Ақтас» колхозында дүниеге келген. 6 жасында әкесінен ерте айырылған.

1954 жылы 11 жылдық мектепке барып 1965 жылы бітірген. 1965-1967 жылдар аралығында Шымкент кооперативті техникумының бухгалтерлік мамандығы бойынша бітіріп, Бөген совхозында тұтыну кооперациясының бухгалтері болып еңбек жолын бастады (1967-1969 жж.).

1969-1976 жылдар аралығында Бөген совхозында түрлі салада бухгалтер жұмысын істеген. 1972 жылы Алматы халық шаруашылық институтында оқып, бухгалтер-экономист мамандығын игеріп, барлық өмірін есеп жұмысына арнады. 1976-1986 жылдар ішінде Оңтүстік Қазақстан облыстық ауылшаруашылық басқармасында «тексеруші» қызметін атқарды.

1986-1992 жылдары Облыстық қаржы саласының тексерушісі, 1992-2001 жылдары Оңтүстік Қазақстан қаржы бақылау комитетінің тексерушісі. 2003 жылдан 2010 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанша Шымкент қалалық мәслихатының бас ревизор қызметін атқарды.


Қай салада болмасын өзіне тиесілі жұмысын іскерлікпен атқарды.

Саясатқа араласпаса да Ерекең барлық уақытта Жоғарғы Үкімет тіршілігінен бастап күнделікті облыс, қала, аудан тіршілігіне дейін әр түрлі ақпараттар арқылы біліп – оларды дастархан басында айтып отыратын және барлық ауылдағы, қалалардағы Тасшаларды жақсы танитын ерекше қасиеті бар. Дастарханы мол, қонақжай, кісіні сыйлай да, сыйласа да білетін азамат. 2005 жылы Астана қаласы Бараев көшесінен үй алғанымда, туысқан-ағалық жолымен Шымкенттен Астанаға әдейілеп барып менің қуанышыммен бірге

болды. 2005 жылдың Жаңа Жылын Астананың минус 27 градус суығында қарсы алдық. Дастархан басында Сәбира жеңгіміз, бауырымыз Дүйсен (Қарағандыдан) және жолдастардан Мелдебек, Бекзада, Полина т.б. азаматтар болды.

Ерекең ағайындардың той-жиынына шешіліп кірісіп, абыроймен өтуіне өзінің кенесін аямайды.

ТАСШАНЫҢ БАС СӘУЛЕТШІСІ



Наханов Ниязбек Нұрмаханбетұлы 1960 жылы қаңтар айының 30-шы жұлдызында Созақ ауданы Шолаққорғанда Ы.Алтынсарин атындағы мектепті “өте жақсы-жақсы” деген бағалармен бітірді. 1982 жылы Алматы Архитектура-құрылыс институтының архитектура факультетін бітірген.

1982-1983 жылдары Алматы ГГПИ “Казгипроград” мекемесінде архитектор, 1983-1989 ж. Талдықорған облысында бас архитектордың орынбасары, ЖБИ-да цех бастығы, 1990-1994 ж. Кентау қаласында бас архитектордың орынбасары, ГАСК бастығы қызметтерінде болды. 1995-2000 ж. ЖШС “Имаммагзум” құрылыс мекемесінде кәсіпкер.

2000 жылдан бері Созақ ауданы “Казатомпром” ЦРУ-да құрылыс басқармасы басқарма бастығының орынбасары.

Отбасында 3 ұл, 2 қызы үлгілі, тәрбие алып, қатарларының алды болып өсіп келеді. Ниязбек қызметте сауатты инженер-құрылысшы, ұжым, жора-жолдас, ағайын алдында үлкен абыройы бар азамат. Туысқан-бауырларымен барлық уақытта тығыз байланыста, қарым-қатынаста тұрады. Осы шежіре жазуда да Шолаққорған мен Абай (Сарыағаш ауданы) ауылындағы Тасшалардың мүмкіндігінше толық шежіреге жазылуына уақытын бөліп еңбек етті. Әлеуметтік тұрмыс-жағдайы да ағайындарға үлгі боларлық. Шымкент қаласы, Самал мөлтек ауданынан үлкен үй тұрғызды.

Ниязбек бауырымздың қуанышты күндері мен, үлкен тойлары, шығар биіктіктері әлі адды!

Ниязбектің көптеген жетістіктерінің сүйеніші, ағайын, жолдастар алдында үлкен абыройы - ол келініміз Ақтолықынның кішіпейіл, ақ көңіл жақсы адамгершілік қасиеттерінің да нәтижесі.



ТАСШАНЫҢ САЯТШЫ, ӘНШІ-КОМПОЗИТОР, ҚОЛ ӨНЕР ШЕБЕРІ - БЕКЕТ ЕСЕНТАЕВ

Бекет Есентаев 1958 жылы желтоқсан айының 8-ші жұлдызында Қайнарбұлақ ауылында (Бәйдібек ауданы Мыңбұлақ округі) Ұлы Отан соғысы ардагері, I, II-дәрежелі “Даңқ”, I-дәрежелі Отан соғысы ордендері мен “Берлин қаласын алғаны үшін” т.б. көптеген медалдар иегері, он саусағынан өнер тамған ұста, аңшы-мергенші Ташкенбай Есентайұлының үшінші ұлы болып дүниеге келді.



Орта мектепті жақсы бітіріп, азаматтық борышын Совет Әскері қатарында адал қызметпен атқарып келіп “шаттық” ансамблінде қызмет етті. Бұл ансамбль құрамында Бекет бауырымыз өзінің “сегіз қырлы бір сырлы” азамат екенін көрсетіп, өзін де “шаттық”-ты да халыққа көрсете біліп, көрермен-тыңдаушылардың сүйіктісіне айналды. Аллаһтың берген тума талантының арқасында гитарада, домбырада, қобызда т.б. музыкалық аспаптарда өзінің бір ырғақты қоңыр даусымен өз әндерін және басқа да композиторлардың әндерін өте шебер орындады. Бекет барлық уақытта дастарқанның “түлі”, тыңдап отырған ағаларының шаршағанда көңіл көтерер тірегі болды. Бүркітті бағып-баптап біліп, тазы иттердің неше түрлерін ұстап аңшылық серуенді жаны сүйді. 1988 жылы Москва қаласында өткен дүниежүзілік жастар

фестивалін қолына қыран бүркіт ұстап тұрып ашты. 1990 жылы Жезқазған облыстық ақындар айтысында алдыңғы жүлде иегері. 1991 жылы Қазақстан Республикасында тұңғыш өткен “жігіттің сұлтаны” байқауында алдыңғы жүлделі болды. Ерекше таланты Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың да құлағына жетіп, Бекет бауырымыз Елбасының қабылдауында болып, Алғыс алды. Австрияда өткен халықаралық көрмеде қазақ халқының киіз үй жабдықтары мен әкесінен қалған мұраларды дәріптеп алдыңғы жүлдеге ие болды. Қазақтың ұлттық киімімен қолөнерінің қадір-қасиеттерін дәріптеуде бірнеше кітаптардың мұқабасына шықты. “қазақ толқыны” фирмасынан Бекет Есентаевтың орындауында өз әндерімен басқа да қазақ композиторларының әндер жинағы дискісі шықты. Тасшаның, қазақ халқының жоғары тұрған жарық жұлдызы, асыл азамат, сегіз қырлы бір сырлы, патриот, әнші-композитор, қазақ халқының ұлттық қол өнер шебері өмір жолы, іс-әрекеті, еңбекқорлығы жастарға үлгі боларлық Бекет Есентаев Ташкенбайұлының Асыл жүрегі 2011 жылы 6-шы қаңтар күні 53-жасында тоқтады. Астана, Алматы, Шымкент, Кентау қалаларынан, Бәйдібек ауданындағы ағайын-туыстар, жолдастар Бекет бауырымызды Қайнарбұлақ ауылындағы Ақтас-Әулие мазыратына мәңгілік дүниеге бір Аллаһқа тапсырдық. Аллаһ алдында пенде еш шарасыз, 100 жасайтын бауырымыз еді, қимастықпен шығарып салдық.

Отбасында Сүйіндік, Сұлтансері ұлдары, Айгерім, Сая, Зерделі атты қыздары, келіміз Фарида-Бекет көтерген шаңырақты құлатпай, отын өшірмей, түтінін түтетіп көп ағайынның, жолдастарының алды болып өмірді жалғастыруда. Фарида да Тасша келіндерінің алды, көңілі ашық, қонақжай, дастарқаны мол, ағайынға бауырмал. Өсіріп-тәрбиелеп отырған ұл-қыздары да “менің балаларым осындай болса екен” - деп, халық сүйсінерлік болып өсіп келеді.

Бекет Есентаев көптеген әндердің сөзі мен әндерінің авторы, солардың бірі
“Өмірге сауал” әні:

Табам деп әділдікті,
Соғылды тасқа маңдай.
Арылтар ауыр жүкті,
Сенделдім дос таба алмай.

Қайырмасы:

Ебін тапқандарға,
Жылмың қаққандарға,
Арын сатқандарға,
Сен өмір, оңай ма едің?
Жала жапқандарға,
Судай аққандарға,
Дәуге жакқандарға,
Неге, өмір, қолайлы едің?

Тура айтсаң туғанына,
жақпайсың деген халық.
Сондықтан менің “сақам”,
Алшы боп түспесі анық.

Адамдық арын сатпай,
Өлсем де тірі есебі.
Тірлікте дамып таппай,
Сол үшін күресемін.

САУАТТЫ ИНЖЕНЕР-ПРОГРАММИСТ, ҚҰРЫЛЫСШЫ – АБАЕВ ЕДІГЕ ЖҰМАБЕКҰЛЫ



Абаев Едіге Жұмабекұлы 1979 жылы 26-шы шілде күні Шымкент қаласында дүниеге келді. 1996 жылы № 25-ші Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектепті алтын медальмен үздік бітірді.

Сол жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2001 жылы «Есептеу техникасы мен автоматтандырылған желілерді бағдарламалармен қамтамасыз ету» мамандығы бойынша жоғарғы білімді инженер мамандығын алды.

2007 жылы осы университеттің экономика саласы бойынша бітіріп «Қаржы – бакалавері» деген мамандық алды. 2001-2003 жылдары «Қазақтелекомда» инженер-программист болып қызмет атқарды. 2003 жылдан жеке бизнеске кетіп, халықаралық сөйлесу бөлімшелерін ашып, 2004 жылдан жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ТОО) «Люкс Строй» көпсалалы мекеме ашып, осы мекеменің бас директоры болып қызмет атқарып жатыр. Шымкент қаласында «Нұрсәт» мөлтек ауданында бірнеше екі қабатты коттеждер салып, Бәйдібек, Сайрам, жетісай аудандарында, Шымкент қаласында үлкен мекемелерді күрделі жөндеуден өткізді және Едігенің басшылығымен бір мектеп бой көтерді. Атқарған жұмыстарының сапасы «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының жоғарғы бағасына ие болды.

Едігенің жұбайы Динара Нұрханқызы Абаева жоғары білімді дәрігер. Есімхан, Диана, Дилназ атты ұл-қыздар тәрбиелеп өсіріп жатыр. Есімхан, Диана оқу озаттары, тек «5»-тік бағаға оқиды.

Едіге жасынан математика сабақтарын өте үздік оқыды. Төменгі сыныпта кейін жоғарғы сыныпта кез-келген есептерді тез арада шығаратын қабілеті болды. Балабақшада жүргеннің өзінде «кубик-рубик» атты төрт бұрышты ойыншықтың кез-келген жағын әп-сәтте жиятын. Едігенің достары «қалай бұндай ақылды болуға болады» - деп таңырқап отыратын. Бастауыш сыныпта жүргеннің өзінде «Көшпенділер», «Анна Каренина» тағы басқа дүниежүзілік әдебиеттерді көп оқитын. Қазіргі кездері де 50-60 мың теңгеге газет-журналдар жазғызып алып, интернетпен жұмыс істейді. Он жасқа толғанда Мәскеу қаласында екі апта болып барлық тарихи мұражайларды және көрікті жерлерін аралап қайтты.

Ұл-қыздары тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Қайырымдылықты жиі-жиі жасайды. Табиғатқа шығып демалуды, балық аулауды, аңшылықты ұнатады. Арманшыл, қиялшыл, алдына мақсат қойып оны орындай біледі.

ЕРБОЛ АБАЙ ЖҰМАБЕКҰЛЫ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАС- ЗАҢГЕР МАМАНЫ



Абай Ербол Жұмабекұлы 1980 жылы 11 қараша күні Шымкент қаласында дүниеге келді.

1997 жылы Қазақ-Түрік лицейін үздік бітіріп сол жылы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне түсіп, 2002 жылы «Халықаралық қатынастар, референт-аудармашы» деген мамандық бойынша қызыл дипломмен үздік бітірді.

2007 жылы Мәскеу қаласында Ресей Федерациясының Сыртқы Істер Министрлігінің Дипломатиялық академиясының

тыңдаушысы, 2010 жылы Қазақ инновациялық-гуманитарлық-заң университетін, құқықтану мамандығы бойынша үздік бітірді, 2002 жылдың тамыз айынан Қазақстан республикасының консульдық қызметінің маманы, 2003 жылы сол министрлікте ТМД қызметі бойынша референт, 2004 жылы осы министрлікте ТМД қызметі бойынша Атташе, 2005-2006 жылдары Стамбул қаласындағы бас консульдықта Атташе, 2006-2007 жылдары Түрік Республикасының Анкара қаласында Қазақстан Республикасының елшілігінде хатшы, 2007 жылы Сыртқы Істер министрлігінде халықаралық қатынастар хабарламасында екінші хатшысы, 2008 жылы Стамбул қаласында Қазақстан Республикасының Бас консульдығында – консуль, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Аппаратының халықаралық-құқық бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

2010 жылдың қараша айынан бизнес саласында.

Ерболдың ерекше қасиеттері: елгезек, естіген, оқығанын тез арада ойда сақтай алады. Кішіпейіл, көп жолдасты, қолы ашық. Жолдастарына қолындағының бәрін таратып беруге дайын. Көңілі ақ-жарқын, еш уақытта кек сақтамайды. Ағайын-туысқанға жақын, бауырмал. Кез-келген адаммен тіл табысады. Алдына мақсат қойып, оны орындау қабілеті жоғары. Қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде емін-еркін сөйлейді. Араб, испан тілдерін түсінеді. Балық аулауды, аңға шығуды жаңы сүйеді. Стамбул, Анкарадан басқа, Пекинде, Афинада, Каирде, Дубайда, Болгарияда, Измирде, Антальяда, Бішкекте, Мәскеуде іссапарлармен және демалыста болған. Дүниежүзілік тарихтан, діннен жақсы хабары бар, Құранды таза оқиды.

Қазіргі дүние жүзіндегі екінші адам, О.О.Н-да директор - Қасымжомарт Тоқаев мемлекеттік хатшы, Министр болып тұрғанда «Құрмет грамотамен» және қымбат естелік сыйлықтармен марапатталған. Малайзия королі ризашылығын білдіріп өзінің аты-жөні, мөрі бар алтын сағат тапсырған.



Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің

Алыс хаты

Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы
президенттерінің Қазақстан
Республикасына ресми сапарын дайындауға және өткізуге қосқан
белсенді үлесі үшін

Ербол Жұмабекұлы Абайға

алғыс жариялаймын.



Тоқмаев

Қасымжомарт Тоқаев

Астана - 2004 жыл



Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің

Құрмет грамотасы

Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын
іске асыруға қосқан үлесі және өзіне жүктелген
қызметтік міндеттерін үлгілі атқарғаны үшін

Ербол Жұмабекұлы Абай


марапатталады.

Тоқмаев

Қасымжомарт Тоқаев

Астана - 2005

МҮТӘЛІПҰЛЫ НҮРЛАН – АЩЫСАЙ КЕНІНІҢ ИНЖЕНЕРІ



Мүтәліпұлы Нұрлан Байлартегі 1935 жылы Түркістан ауданы Қызыл-Ту колхозында дүниеге келген. Ащысайда 7 сыныпты бітірген соң, Шымкент қаласындағы Тау-кен техникумына түсіп, оны 1956 жылы бітіріп «Тау-кен шебері-механигі» деген мамандық алған. Сол жылы Ащысай кенішіне Тау-кен шебері (мастері) болып жұмысқа шыққан. Шахта жұмысында өзін іскер, жұмысты ұйымдастыра білетін жас маман екенін көрсете білуінің арқасында қадірлі Нұрекең бөлім бастығы, тау қопару ісінің бастығы (начальник горно-взрывных работ), шахтаның вентиляция бастығы және Ащысай руднигі бас инженерінің қауіпсіздік техникасы жөніндегі көмекшісі сияқты т.б. жауапты қызметтерді үлкен шеберлікпен, абыроймен орындап жеке суреті Рудниктің Құрмет тақтасына бірнеше мәрте ілініп, рудник

басшыларының «Ачполиметаллдың», «Цветметтің» бірнеше грамоталарымен, төс белгілерімен марапатталады. Нұрекеңнің жұбайы Саңғылдың қызы Күлшат – Бауыржан, Бақтияр, Мұрат, Гүлнұр атты ұл-қыздарды дүниеге әкеліп, Сержан, Мадияр, Мирас, Анар, Айгерім, Жанар атты немерелер тәрбиелеуде.

КӨЛБАЙ ЖАНТАЕВ - ТАСША “САҒАНАСЫН” САЛУДА ЕҢБЕК ЕТКЕН АЗАМАТ



Көлбай Жантаев Керімбайұлы 1954 жылы Кентау қаласында Ы.Алтынсарин атындағы мектептің 8-ші сыныбын бітіріп, Кентау Тау-кен металлургия техникумына түсіп 1973 жылы “Техник-құрылысшы” мамандығын алған. 1973-1976 жылдары Байқоңырда құрылысшы, одан Кеңес әскері қатарында болды.

1976 жылы Кентау экскаватор зауытында құрылыс жөндеу цехында “цех шебері”. 1983-1986 жылдары Бәйдібек, Отырар аудандарында құрылысшы 1988-1991 ж. “Ачполиметалл” комбинатында куратор, прораб, бөлімше бастығы, жабдықтау бөлімінің бастығы, 2003-2005 ж. “Южполиметалл”-да құрылысшы. Соңғы жылдары “Беркут-8” фирмасында күзет қызметінде.

Жұбайы Тәттіқыз, Саңғыл руының қызы. Көлбай мен Тәттіқыз ағайындар ішінде үлгілі де өнегелі отбасы, 3-ұл, 2-қыз тәрбиелеп өсіріп жатыр. Ұл-қыздары жоғарғы білімді. Нұрлан - мұнайгаз маманы, Нұржан - “мемлекет басқару” мамандығын алған, Ерлан - кәсіпкерлікте. Екі қыздары “құтты” жеріне ұзартылған. Көлбай Керімбайұлы ағайын-туыстың тірліктеріне, Тасша бабаның атына сөз келтірмей еңбек етіп жүрген азамат. Көп қызметтерінің бірі Жаңа-Иқан елді-мекеніндегі еңсесін көтерген құрылыс “Тасша сағанасы”. Тасшалардың шоғырланып, “қаймағы бұзылмай” отырған жерден Тасша бабаға “Сағана” соғу - Кентау экскаватор зауытының “электр құралдарын жөндеу” цехының бастығы Сүлейменов Шырынбек аға сонау 1987 жылы ағайындарға сөз тастаған еді. Түркістан өңірінің тасшалары бас қосып “Сағана” бұрынғы “Қызыл-Ту” колхозынан Ащысай бағытында 10-шақырым жердегі “Намазғой” төбесіне салу ұйғарылды. Құрылысқа басшылық Қуандық бауырымызға жүктелді. Қуандықтың кенеттен қайтыс болуына байланысты “Сағана” құрылысы 1993 ж. Жантаев Көлбайға тапсырылған.

Небір ақ қар, көк-мұзда, нөсер жауында, үілдеген “Арыстанды - қара таудың” желінде, күндіз-түні жүріп, талай тер төгіліп, жан қиналып, көптеген жақсы азаматтардың жәрдемімен 2005 жылдың шілде айының 5-ші жұлдызы күні “Сағана” басында Тасша баба рухына, өмірден өткен үрім-бұтағына құран оқылып ас беріліп, бүгінгі ұрпаққа Аллаһтан бақытты өмір тіледі. Тасша бабаға “Сағана” соғып, ас беруде адал еңбек еткен азаматтарды Ата-баба рухтары қолдап, қорғап жүрсін, екі дүниеде Аллаһтың рахымында болсын!

(“Сағана” құрылысы қысқартылып жазылды)

ЖАМБЫЛ МАМЫРХАНҰЛЫ - ӘНШІ, САЗГЕР, КОНКУРСТАР ЛАУРЕАТЫ



Нұрлыбай Жамбыл Мамырханұлы 1986 жылы 25-ақпанда Тараз қаласында дүниеге келген. Жастайынан теледидар арқылы берілген ойын-сауықтарды, әндерді, тартылған күйлерді өте зейін қойып тыңдайтын, көбіне қосылып айтып отыратын, «көрсем, білсем, үйренсем» деген ерекше талантпен өсті. Сонау 7-жасында қалада өткен «Қоңыраулы қошақан» атты жасөспірімдер арасындағы ән байқауының лауреаты болды.

Жамбыл, сыбызғы, домбыра, қобызда өте таза ойнайды. Талай-талай келген қонақтар, жолдастары алдында музыка аспаптарымен қазақ және жақын-алыс шетел халықтарының әндерін орындап отырғандардың көңілін паш ететін. 10-жасында «Балауса», 14-жасында «Арай», 18-жасында «Қазақстан жас әншілерінің байқауында» бас жүлдені жеңіп алды. 21-жасында «Ш.Қалдаяқов конкурсының», 22-жасында «Республикалық Шабыт», 23-жасында «Е.Хасанғалиев атындағы» конкурстарға қатысып бас жүлделерге ие болды.

Нұрлыбай Жамбыл Мамырханұлы Шымкент қаласында музыка колледжін, Астана қаласындағы Мемлекеттік музыка Академиясын бітірген білікті, талантты, келешегі мол, бірнеше музыка аспаптарында ойнап, сахнаны жаңғыртып, дауысы тыңдармандардың құлағында көпке дейін сақталатын біртуар әнші баламыз.

АБАЕВ ЖҰМАБЕК БАЙБАТШАҰЛЫ - ӘСКЕРИ ТЕХНИКА ИНЖЕНЕРІ



Абаев Жұмабек 1949 жылы 12-ші ақпан күні Оңтүстік Қазақстан облысы Ащысай руднигінде шахтер-«забойшы»-ның от басында дүниеге келген. 1966 жылы №8 М.Горький атындағы орта мектепті Мақтау грамотасымен бітіріп, сол жылы Түркістан индустриалды-педагогикалық техникумына түсіп, 1969 жылы «техник-механик, педагог» деген мамандық алған. 1969-1971 жылдары Түркімен ССР-і Небит-Даг қаласы маңында «өте құпия» ракета әскерлері қатарында, бөлімше командирі, механик, электр станция бастығы болып Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеді. 1979 жылы Қазақ химия-технологиялық институтының кешкі бөлімін бітіріп, инженер-механик мамандығын алды. 1978-1985 жылдары Марксизм-ленинизм

университетін бітіріп жоғарғы саяси білімді болды. 1984 жылы Москва қаласындағы «Химия өнеркәсібі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру» институтының тыңдаушысы болып «Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірісті ғылыми тұрғыда ұйымдастыру» курсы бітірді. 1992 жылы КазХТИ-да «өндіріс бухгалтері» мамандығын алды.

1971-1991 жылдары «Фосфор» өндірістік бірлестігінде әртүрлі инженерлік қызметтерде болды. 1980-1990 жылдары «Фосфор» зауытының құпия цехы «Пирофосфатта» бас технолог болды. Бұл цехта 120 мм фосфорлы түтінді снарядтар және авиациялық бомбалардың элементтерін шығаруды басқарып Кеңес Үкіметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әскери күшін нығайтуда, дүниежүзінде бейбітшілікті сақтауда ерекше еңбек етті. Өндірісте 30-дан астам жаңалықтар енгізді.

1975-1988 жылдары бастауыш партия ұйымына жетекшілік етіп, бастауыш партия ұйымының хатшысы қызметін қатар жүргізіп келді. 1985-1990 жылдары облыстық партия комитетінде резервте болып, 1987 жылы химия бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарды. 1991 жылы облыстық атқару комитетінің еңбекті басқару бөлімінде бас сарапшы болды. 1992-1998 жылдары кіші кәсіпорын «Қызмет»-тің директоры болып Қазақстан Республикасының ауыр жылдары миллиондаған рубль, 100 мың теңгелеп салық төлеп алдыңғы қатарлы адал бизнесте болды.

Жұмекең қоғамдық жұмыстарға да аянбай ат салысады. Ол облыстық Д.А.Қонаев қоғамдық қорының алқа мүшесі. Қалалық, облыстық газеттерге арасын суытпай материалдар жариялап тұрады. 2009 жылдың 21 желтоқсан күнгі «Оңтүстік Қазақстан» газетіне Ұлы Жеңістің 65 жылдығына орай «Аңыз болған Ащысай» аты тарихи фактілерге толы Ащысай шахтерлерінің Кеңес әскерін қорғасын оқтармен қамтамасыз етудегі жан қиярлық еңбектері жарияланып, 1943 жылдың қаңтар айында Д.А.Қонаевтың Ащысайда 2-ай болғаны тұңғыш рет жарияланды.

Жұмекең бүгінгі күндері де алдыңғы қатарлы кәсіпкер. Жұбайы Дәметкен Жүнісәліқызымен бірге еткен еңбектері Республика алдында жоғары бағаланып Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Үлкен ұлы Едіге көп салалы «Люкс Софт» фирмасының бас директоры, бірнеше тендерлерге қатысып, үлкен абыроймен көптеген істерді атқарып жатыр. Немерелері Есімхан, Диана, Дильназ оқу озаттары. Кіші ұлы Ербол Сыртқы істер Министрлігінде хатшылықтан бастап Стамбул қаласында Консуль қызметін атқарып, Республика жоғарғы сотында халықаралық құқық бөлімінің басшысы жұмысында болып қазір ол да бизнесте.

Жұмекең «Ысты» шежіресінің бір бөлігі 4-ата Тасша шежіресін өте жауапкершілікпен жазып шыққан шежіреші. Тасша шежіресімен қатар Таздар шежіресінің де біраз ұрпақтарын толтырған.

2010 жылы Ұлы жеңістің 65 жылдығына орай Ресей Үкіметінің Қазақстандағы елшісі Н.М.Бочарниковтың салтанатты қабылдауында Оңтүстік Қазақстан облысынан бір өзі болды. Жұмекең – адал еңбегі үшін аудандық, облыстық, республикалық, одақтық дәрежеде көптеген марапаттар иесі.

ТАСША – САҢҒЫЛДЫҢ МАЛ ДӘРІГЕР ҚЫЗЫ

Абаева – Таукеева Жақсан 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Ащысай кенішінде дүниеге келді. Орта мектепті 1954 жылы Шаян елді мекенінде «өте жақсы» деген бағалармен аяқтап, сол жылы Алматы медицина институтына түсіп, кейін денсаулығына байланысты Алматы малдәрігерлік институтына (Зоовет.) ауысып, бұл институтты 1959 жылы бітіріп мал дәрігері мамандығын алды. Мәскеу қаласындағы Тимирязев Академиясында тыңдаушы болып біліктілігін-білімін толықтырған.



1962 жылы Сайрамда малдәрігерлік зертхана меңгерушісі, 1965 жылдан зейнеткерлікке шыққанша Түркістан малдәрігерлік зертхана меңгерушісі болып істеді. Жолдасы Байқоңыров Әріпхан Крупская атындағы педагогика институтын, Мәскеудегі КПСС жоғарғы партия мектебін үздік бітірген, экономика ғылымының кандидаты. Ұлы Отан соғысына қатысқан «Курская дуга» шайқасында болған, көп жылдар партия қызметкері болып 20-жылдан астам Түркістан индустриалды педагогикалық техникумының директоры болды. Ұлдары Бақтияр – инженер-құрылысшы, механик мамандығын алып, соңғы жылдары «ҚазТрансГаз Аймақ»-та бас инженер, Достияр – жоғарғы білімді заң қызметкері болды, Темірхан – техник-механик, инженер-механик мамандығын алып, бизнес саласында қызмет етуде.

Жақсан өмірінде абысын-ағайынға, бауырларына мейірімді болып, олардың алдында өте жоғары абыройға ие болды. Жолдасы Әріпханның інілерін және өз бауырларының жоғарғы оқу орындарына түсуіне жағдай жасап, оларды тәрбиелеуде ерекше еңбек сіңірді. 1994 жылы мамыр айында кенеттен қайтыс болды. Арты жақсы болып – үш ұлынан сегіз немере ержетіп өсіп келеді.

ТАСШАНЫҢ МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ ҚЫЗЫ



Бектұрғанова Рабиға Беласарқызы 1962 жылы дүниеге келді. Әкесі Беласар – ауыл-аймаққа сыйлы, аузынан Алласы түспеген, тақуа кісі болды. Беласар қария дүниеден өткен кезде рабиға он тоғыз жаста болатын. Анасы Ізікүл апа өмірінің соңына дейін қызының бар тілеуін тілеп, аналық ақылын, өмірден алған тәжірибесін айтып отырудан әсте жалыққан емес.

Осындай көнекөз қариялардың отбасында жетілген Рабиға қай сәтте болсын ата-анадан алған өнегелі тәрбиесін өз өмірінің басты ұстанымы етіп келеді.

Ауылдағы «Қайнар» сегіз жылдық мектебін бітірген соң білімін «Бөген» орта мектебінде жалғастырды. Орта мектепті алтын медальмен тәмамдап, Шымкент пединститутына оқуға түседі.

Жоғары оқу орнын физика-математика мамандығы бойынша үздік бітіріп шықты.

Еңбек жолын Қосбұлақ ауылындағы мектепте мұғалім болып бастады. Бұдан соң Бәйдібек аудандық білім бөлімінде әдіскерлік қызметте болды. 1988 жылы «Қайнар» орталау мектебіне директордың орынбасары қызметіне жіберілді.

Білім саласындағы өзінің ұйымдастырушылық, ізденгіштік қабілетін көрсете білген Рабиға Беласарқызы 1993 жылы аталған мектептің директоры қызметіне тағайындалды. Сол уақыттан бері қарай мектеп ұжымын табандылықпен басқарып келеді. Ұжым алдында беделді, сыйлы.

Тек мектеп ұжымы емес, бүкіл ауыл – аймақтың сеніміне ие болып, 1999 жылы 10 қазанда өткен Қазақстан Республикасының мәслихаттар депутаттарының сайлауында № 11 Мыңбұлақ сайлау округінен Бәйдібек аудандық мәслихатына депутаттығына сайланды. Ел сенімін жоғары қоя білген депутат қыз ауыл халқының аманат – тілегін ақтап шықты.

Қазіргі кезде жаңадан пайдалануға берілген «Қайнар» жалпы орта мектебіндегі қызметін абыроймен атқаруда.

ТАСШАНЫҢ БУХГАЛТЕР ҚЫЗЫ



Абаева Жәмила Байбатшақызы Оңтүстік Қазақстан облысы Ащысай кенішінде 1951 жылы дүниеге келді. 1968 жылы орта мектепті «жақсы», «өте жақсы» деген бағалармен бітіріп, сол жылы Кентау қаласы тау-кен техникумына түсіп 1970 жылы «өндіріс бухгалтері» мамандығын алып, Кентау қаласында еңбек жолын бастады. 1973 жылдан Шымкент қаласында облыстық машинамен есептеу орталығында аға есепші болып қызмет атқарды. 1979 жылы өндірістен қол үзбей (кешкі бөлім) оқып Алматы халықшаруашылығы институтын бітіріп, «экономист-бухгалтер» мамандығын алды.

1976 жылы Жамбыл облысы Луговой ауданының азаматы Сұлтанов Кәлібайға (инженер-механик, педагог) тұрмысқа шығып, Перизат, Алмагүль, Жақсыгүл, Ұлдана атты қыздарын, Әдихан деген ұлын өсіріп, тәрбиелеп, он бір немерелі, құрметті ана болып, отыз бес жыл өз мамандығымен қызмет атқарып 2006 жылы зейнеткерлікке шығып, көп жылғы еткен еңбегінің жемісін көріп отыр.

Қызмет атқарған барлық жұмыс орындарында өзінің білікті маман екенін көрсете білді. Сонау 1990 жылы жаппай қысқарту кезінде де Жәмилаға қоймашы, есепші, экономист жұмыстары қоса жүктеліп, бұл жұмыстың бәрін зейнеткерлікке шыққанша абыроймен атқарды. Өзінің адалдығы, бір сөздігі, өсек-аяннан аулақтығының арқасында ағайын-абысын, төркіндері, жора-жолдастары, күйеу балдары, қыздары алдында үлкен абыройлы. Қыздары, ұлдары жоғары білімді, әр салада қызмет етуде.

ТЫҢДАУШЫСЫН ӘНИМЕН ТАҢДАНДЫРҒАН - ӘНИПА



Қанашаева Әнипа 1958 жылы Ащысай кенішінде дүниеге келген. 1980 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар институтының музыка пәні бойынша бітіріп жоғары білім алған. 30 жыл бойы мектеп қабырғасында ән-күй және көркем-өнер үйірмелерінде жастарды тәрбиелеуде табысты еңбек етіп келеді. Соңғы 25 жыл бойы Т.Рысқұлов атындағы №25 гуманитарлық-этнопедагогикалық мектеп-гимназиясында технология, бейнелеу, музыка пәндері кафедрасының жоғарғы санатты мұғалімі. Жас өспірімдерді тәрбиелеуде адал да нәтижелі еткен еңбегі үшін Әнипа мектеп дирекциясының бірнеше алғыстарымен, мақтау қағаздарымен марапатталған. Ән сабағында халық әндері мен күйлерін насихаттауда – қалалық, облыстық байқауларда алдыңғы қатарлы

көрсеткіштерге жетіп қала басшылығының – 4, облыс басшылығының – 2 мақтау грамоталарымен марапатталған.

Әнипаның әкесі Жұман ата мен анасы Зейнегүл апа домбырамен ән-жырларды айтқанда дастархан басындағы отырыстар көп адамның құлағында тамаша үндері мен бейнелері көпке дейін сақталатын. «Су аққан жермен ағады»-деген, Әнипа да, ағалары Аманбай, Есенбайда домбыраға «тіл бітіріп» тартады да және тыңдаушыларын тамсандырып өлең де айтады.

Ұлы Абай айтқандай «Әнді сүйсең менше сүй!»-деп Әнипаның айтқан біраз өлеңдері менде ұнтаспаға жазылған, олардың күй табаққа (дискілерге) көшірілгендері жеңіл

автокөлігімде жиі-жиі қоюлы тұрады. Менің үйімде, саяжайымда 4-5 радиоқабылдағышым бар, мен қай бөлмеде болсам сол бөлмеде таңғы 6-00 ден түнгі 12-00 ге дейін Қазақ радиосы «Шалқар» қосулы тұрады. Ұзақ күн бойы не бір өмірге деген құштарлығыңды, әнге деген сүйіспеншілігіңді арттырып, ой-өрісіңе қатты әсер ететін ұлтымыздың небір тамаша әндерін, не бір жезтандай әншілер орындап жатады, біздің Әнипа олардың ешқайсысынан кем емес, қайта көп жерде жоғары тұрады. Біздің үйдегі отырыстар ұнтаспаға жазулы, оның көбісінде 5-6 сағат бойы қонақтар дастарханнан нәр тартпай, тырп етпей отырып Әнипаның әндерін тыңдап отырады, ал дастархан үсті саусак қоятын жер болмай неше түрлі дәмге толып тұрғанына қарамай!



Біздің облыстың бірінші басшыларының бірі айтқан еді: «Шымкент қаласында мен білетін дастарханды жайнатып тұрып жасайтын, құстың сүтінен басқаның бәрі болатын 2-3 ақ отбасының дастарханын білемін, соның бірі Дәметкеннің дастарханы» - деп. Осындай дастарханның өзінде біздің үйге келген қонақтармен Әнипа отырғанда, қонақтардың көзі де, ойы да дастархандағы дәмде емес менің қарындасым Әнипаның домбырасы мен шырқап айтқан әнінде болады. Әнипа туралы көп мақтап, көп жазуға болады, бір ауыз сөзбен аяқтағанда, өзімен бірге ширек ғасыр қызметтес болған кафедра меңгерушісі Ерекең Мақановтың сөзімен айтқанда: «Әнипа Аллаһтың шын рахымымен жаралған, барлық жағынан өте дарынды қазақ қызы».

НӘДІРБЕКОВА АЙША ОЙЫҚБАЙҚЫЗЫ



Нәдірбекова Айша Ойықбайқызы 1969 жылдың қараша айының 29 жұлдызында Алматы қаласында дүниеге келген.

1977-1987 ж.ж. Алматы қаласындағы № 120 орта мектебін орыс тілінде бітірген.

1988-1993 ж.ж. Алматы қаласындағы Абай атындағы Мемлекеттік Университетінің «Дефектология» факультетін қызыл дипломмен бітірген.

1993-1998 ж.ж. Алматы қаласындағы «Балалардың клиникалық ауруханасында» жоғарғы категориялы – «Психолог» қызметін атқарған.

1998-2000 ж.ж. Алматы қаласындағы Республикалық балаларды сауықтандыру орталығында «Бөбек» жоғарғы категориялы «Психолог» қызметін атқарған.

2000 жылдан бастап Алматыдағы Абай атындағы Мемлекеттік Университетіне шақырылып «жалпы психология» кафедрасының аға оқытушысы болып қызмет еткен.

2008 жылы Диссертация қорғап «ғылым кандидаты психологиядан» деген атаққа ие болған.

Қазіргі уақытта Айша Ойықбайқызы Нәдірбековаға Алматы қаласындағы Абай атындағы Ұлттық Педогогикалық Университеттің «Жалпы психология» кафедрасының доцентінің міндетін атқарушы қызметін атқарып жүр.

ҚЫНАТОВА АМАНКҮЛ НҰРМАХАНҚЫЗЫ - медицина ғылымының кандидаты, бас дәрігер



Қынатова Аманкүл Нұрмаханқызы - 1962 жылы ақпан айының 2 күні дүниеге келген. 1989 жылы Алматы медицина институтын бітірген. 1996 жылы Кентау қаласында терапевт, кардиоорталық бастығының орынбасары, Таукент қаласында Терапия бөлімшелері бастығы, бас дәрігер қызметтерін атқарды. 2005-2008 жылдары Созақ ауданында бас дәрігер, аудандық денсаулық бөлімінің бастығы. 2008 жылы Семей қаласында “Жүрек-қан тамырлары” тақырыбы бойынша кандидаттық қорғаған. 2010 жылдан Алматы қаласында “Интертич” мекемесінде бас дәрігер.

Мирас, Дина атты ұл-қыздары өнегелі тәрбие алып, қатарының алды болып өсіп келеді. Жолдасы Бекет, өзіміздің Ысты баба Қоңыр ата ұрпағынан. Аманкүл ағайынға бауырмал, барлық іс-әрекеттерге белсенді атсалысып араласады. Өте жоғары білімді де білікті дәрігер. Ағайын-туыс, жолдастары арасында үлкен абыройлы Тасшаның қызы. Өмір жолы, іс-әрекеттері келешек жастарға үлгі-өнеге.

Қандай ұжымда қызмет атқармасын, ұжым мүшелері алдында үлкен абыроймен қызмет атқарып, басшылық қызметтерде қол астындағы азаматтардың мұң-мұқтажын уақытылы көре білді және қолынан келгенінше жақсы жәрдемін аямайды. Аманкүлді жоғарғы білікті маман ретінде сыйлағанынан басқа және адамгершілік жақсы қасиеттері үшін де барлық уақытта жора-жолдастары, ағайындары, ұжым мүшелері де құрметпен сыйлайды. Аманкүл қызметті өте жауапкершілікпен атқарып келеді. Өзіне де, қасындағыларға да талап қойып, оның орындалуын қатаң қадағалап отыратын қасиеттері бар. Аманкүлдің келешегі, жақсы-бақытты күндері шығар “шыңдары” көптеген қуанышты тойлары әлі алда!

ТАСШАНЫҢ ТӨРТ АРЫСЫ



Қансейіт қажы Түймебайұлы



Әмірсейіт Әліұлы



Шакен Құлтасұлы



Ашықбай Абдіқасымұлы

Ел ішіндегі ағайындар



*Шымкенттік Тасшалар
жаңа жыл дастарқанында*



Алмалыдағы Тасшалар



Қайнарбұлақтық Тасшалар



Дархан мейрамханасы 6.10.10

Кентаулық Тасшалар



*Шымкенттік Тасшалар
Жаңа жыл дастарқанында*

15. Dec. 2008



*Москвалық Тасшалар -
Асқар, Ғалымжан, Қуаныш,
Мұхит, Максим.
Келін Рәйля, қызымыз Айгүл,
2008 жыл*



Тұрсын, Ойықбай ағалар
Алматы



Кентау - Ибаталық, Тасшалар



Ғалымжан, Жұмабек, Разан



Дархан мейрамханасы 6.10.10






Астаналық Тасшалар -
ортада Төлеген Ернарұлы



Кентаулық Тасшалар



Ташкенттік Жұбай ата,
ұл-қыздары Бүргілікте





Кентаулық Тасшалар



Ащысайлық Тасшалар





Қансейіт қажы ата Ұлмекен ана
немере-шеберелерімен



Ащысайлық Тасшалар:
Тілеуберген, Тұрлықұл, Қалмақан

Ақкөңілді, қолы ашық -
Сағындық бауырымыз





Төлеген, Жұмабек



Елқонды, Тілеқабыл



Алмасхан ұлдары және немересімен





Сабыр, Өсербай Қайнарлықтар



Ашықбай ағамен соңғы сурет

Ташкенттік Тасша Қамбар бауырымыз.
Ортада Әжібеков Бақтияр ата







Шымкенттік Тасшаның келіндері



*Ыстының екі Ғылым докторлары:
Тұрыстай, Оралбай*



*Шымкенттік Тасшалар
2010 - Жаңа жылды бірге
қарсы алды*



ТАСША бауырларымның тұрмыс жағдайы

Осы Тасша шежіресін бастағанда әр Атаның ұрпақтарына өздерінің ағайындарына, отбасыларына, экономикалық жағдайы туралы, “мәліметтер беріңіздер” - деп, 15-сұрақтан тұратын екі парақ қағаз таратып берген болатынмын. Осы кітаптың кіріспесінде жауапкершілікпен ат салысқан ағайындардың атын атап өттім. Бұл жазылып отырған кітаптың бірінші нұсқасы 300-беттен асқан болатын, көптеген ағайындардың өтініш-ескертпелерін ескіріп кітап беті 100-бетке қысқартылды. Мен 27 жыл КПСС мүшесі болып, оның ішінде 15-жыл Партбюро хатшысы болып, әбден “демократиялық централизм”, “азшылық көпшілікке бағынады” - деген устав миыма сіңген және жасымнан жетім өсіп “жалтақ” болған болуым керек, кітапты дайындау барысында бір жерін “өте жақсы” десе, екінші бір жерін “осыларды алып тастағаның дұрыс” - дейді, олардың көбісін тыңдадым. Халықтың аузына қақпақ бола алмайсың, тіпті әдеби кітап, газет оқымайтындар, үйлерінде шкаф сөрелерінде бір кітабы жоқтар да сын айтып жатты. Біздің үйде 2000-нан астам кітап бар, оған қоса үлкен ұлым Едіге 50 000 теңгеге, мен 10 000 теңгеге газет-журналға жылма-жыл жазыламыз, және айына аптасына бір кітап оқимыз. Осы кітапты жазып отырып, кейде бір сөйлемді құрау үшін 2-3 кітапты қарап шығып отырдым. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз аталарының көптеген бөлек-бөлек шежірелері менің столымда жатады. кейбіреулердің жазғанына қарасаң тіпті масқара, бас-аяғы жоқ, тақырыптар, біреулер 150-беттен артық кіріспе жазған...?

Осы, ағайындардың әлеуметтік жағдайы туралы тақырыпты да біреулер “керегі не?” - десе біразы “бұл дұрыс” - дегендер де болды. Неге керегі болмайды? Бұл сұраққа мен өзім жауап жазып көрейін: бұрынғы СССР кезінде де, қазіргі кезде де жастары 40-50 келгенше 4-соттық жер, ең болмаса 30 м2 квартира ала алмай 3-4 бала-шағасын сандалтып квартирде айлыққа тұрып жатқандар қанша, 20 жас пен 50 жастың арасындағы не бір азаматтар ешқандай тұрмысқа сай келмейтін “Времянка” дегендер де тұрып жатқан жоқ па?

Құдайға шүкір! Біздің Тасша баба ұрпақтарының жалпы “жағдайы жақсы” - деп айтуға болады. Шымкент қаласының маңдай алды көшесі Тәуке хан даңғылынан қалада ең біріншілердің бірі болып сонау 1996 жылдан асты “Сауна”, “офис” үсті тұрғын үй етіп 400 м2 екі қабат үй соқтым, сонау Москва қаласында, қарасаң құрылысына көз тоймайтын Жанғали көкеміздің ұлы Асқардың 3 қабатты үйі, Шымкент қаласындағы Тағайдулла, Есенбай, Мұса, Рамазан, Лес, Ербол, Нұрлан, Қуаныштың, Омарханның Астана қаласындағы Төлеген және Кентау қаласындағы, көптеген ауылдағы ағайындардың көрікті үйлері біріншіден өздерінің көз қуанышы болса, екіншіден бүкіл ағайынның мақтанышы емес пе? Біздің көптеген Тасша бауырларымының алды 3-4 үй және 3-4-тен ең алдыңғы шетелдік жеңіл көліктері бар.

Кейбір ағайын, “бұл тақырыпты жазба” - десе де, ұлы Абай Құнанбайұлының “Отыз жетінші” қара сөзінде: “Сокртақа у ішкізген Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаныдарға асқан, Пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? - Ол көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал” - деген өсиет сөзін негізге алып, бұл тақырыпқа тоқтала кетіп, біраз ағайындардың үйлерінің фото суреттерін бердім. Менің, замандас, көптеген бауырларымның адал еңбекпенен отбасында, ағайын арасында тұрмыс-жағдайларының жақсарып, қатарларының алды болып өсіп-өніп жатқанына өте қуанамын, мақтанышпен айтып отырамын. Аллаһ оларға денсаулық пен тапқан дүниелеріне береке берсін!

Тасшалардың тұрмыс-жағдайынан бейне суреттер



*Есенбай Жұманұлының
Шымкент қаласындағы үйі*



*Асқар Жанғалиұлының
Москва қаласындағы үйі*



*Мұса Бектасовтың
Шымкент қаласындағы үйі*



*Тағайдулла Исбекұлының
Шымкенттегі үйі*



*Абаев Жұмабектің
200м² жаңа пәтері
Шымкент қаласы*



*Абаев Едігенің офисі,
өндірістік ғимараты (цех)*



Абаевтар отбасының саяжайы



Абаев Жұмабектің
Шымкент қаласындағы
Тауке хан даңғылындағы
1998-2005 ж.ж. тұрған үйі,
қазіргі кезде офис, сауна,
кафе "Керемет"



Абаев Ерболдың
80 м² пәтері
Астана қаласы,
А.Бараев көшесі

ҮЛГІ-ТҮТАР АҒАЛАР, АРҚА ТҮТАР ІНІЛЕР – ЫСТЫЛАР

Бұрынғы Қазақ шежіресінде көбіне кездеспейтін кездесе де ары қарай таратылмайтын Тасша шежіресін ағайын аралап жүріп 100-беттің шамасына жеткіздім. 2003 жылы баспадан шыққан Ысты шежіресінде Тасшалар 40-бетті алып тұр. Қай ауылға, қай қалаға бармайын осы өтіп бара жатқан 10-жыл бойы қағаздарымды арқалап жүріп Тасшаларды толықтырумен болдым, бұныма көптеген бауырларым куә болады.

Тасша шежіресін жаза отырып жалпы Ыстыға тоқтамай өтуге болмайды. Тасшалар Ыстының бір бұтағынан өрбіген түбі бір бауырлары. Бүгінгі бауырларымның, келешек ұрпақтарының ой-өрісі кең болуына, жалпы Ысты бабаның Ойық-Тілік ұрпақтарының басты аталарын оқырманға таныстыруды және бүгінгі араласып жүрген Ысты-аға, іні бауырларымның бірәзінің жақсы жақтарын, жетістіктерін, жоғарғы жақсы қасиеттерін деректер келтіруді жөн көрдім.

ЫСТЫ

ОЙЫҚ

Қызылқұрт
Шоғайдар
Бегісей
Жайылмас
Жайылсын
Алдамұрат
Қаракемпір
Есболдытеке
Сарымырза
Көзіжаман
Мырзабике
Есмұрат
Жарықбас
Ұлан
Көкшекөз
Дәуім
Жәдік
Бөрібай
Бақтымбет
Тілеу
Аузысүген
Мұзды
Қара
Бәйтiк
Қалжан
Досай, Қожан
Есім
Бошай
Кемеш
Бименбет
Құланшы

ТІЛІК

Тасшалар
Күсей
Сырымбет (Дәуіт, Досалы)
Бұғал
Қоңқас
Сүлгетайлар
Ожырау
Байтығай
Бокмұрын
Шелек
Есеншора
Құжығыр
Төртсары
Мырзақоңыр
Қожақұл
Шотан
Сартақ
Құлсауық
Айдарбек
Қожамсүгір
Өтес
Шүйіш Байтүгел
Жәдік
Есіркеп
Қозықырған
Жырымсызқоңыр
Қарақұл
Құлжан
Сарыкемпір
Шақан
Құлтай

Сәтек
Қаракөз сәтек
Орыс сәтек
Солтанқұл
Есен
Сексен
Асанқараған
Қадам

Собан
Монданақ
Кедей
Құдайсүгір
Таңат
Досайби
Қожағұл
Қоралай Қоныр
Аққойлы
Қарақойлы
Әжі
Томай
Қораз
Үрістем

Адам өмірінде кездейсоқ жағдайлардан басқа жақсылық нәрсе көп болады. Сол көп жақсы тірліктің бірі Ата-баба, ұрпақ тарихын келешекке мұра етіп тапсыру. Бұндай ұлы жұмысты біздің **Бақтияр Әжібекұлы** атадан үйренуге болады. Бақтияр Әжібекұлы 1927 жылы қаңтардың 25-де Шардара ауданында дүниеге келген. 1950-1987 жылдары КПСС-партия қызметкері, Оңтүстік Қазақстан облысының, Сарыағаш, Бәйдібек, аудандарының Құрметті азаматы. Бәкең үлкен партия қызметкері ретінде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Қазақстан Республикасы үшін, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысы халқының әл-ауқатын көтеруде ерекше еңбегін жақсы білетін, сондықтан «Шымкент қаласының бір көрнекті жеріне Д.А.Қонаевқа ескерткіш қойылса» - деген ой барлық уақытта мазалайтын. Қазақстан Егемендігін алғасын, жоғарыда айтылған мақсатын іске асыруға Бәкең бел шешіп кірісті. Сонау Сарыағаш қаласынан талай «ат терлетіп» келіп, бірінші – ағайындардың, екінші – Шымкент қаласының зиялы азаматтарының басын қосып өз ойын ортаға салды. Ағайындар, қала тұрғындары және облыстың түкпір-түкпірінен «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» Д.А.Қонаевқа ескерткіш қоюға бір кісідей қаражат жиюға кірісіп кетті.

1998 жылдың 19 қыркүйегінде Бақтияр Әжібекұлы көкеміздің тікелей басшылығымен қазақ халқының ардақты ұлдарының бірі, ұлы тұлға, халықаралық дәрежедегі мемлекеттік қайраткер Д.А.Қонаевты мәңгі есте қалдыру мақсатында Шымкент қаласының ең көрікті де көрнекті жері, №1 көше, Тәуке-хан даңғылының бойында Д.А.Қонаевтың қолдан құйылған ескерткіш-мүсіні орнатылып, оның салтанатты ашылуы болды. Бақтияр көке бастаған игілі істі Аллаһ-та қолдап, кішкентай көше, Степная өткелі бүгінгі күндері Шымкент қаласының маңдай алды көшесіне айналып – Д.А.Қонаев даңғылы болып жарқырап тұр!

Бәкеңнің ағайындардың басын біріктіруге ұйытқы болуының арқасында 2003 жылы 22 наурызда Шымкент қаласы «Наурыз» тойханасында, Қазақстанның түкпір-түкпірінен 400 кісі қатысқан, Ысты бабадан тараған, үш буын өкілдерінің алғашқы танысу, бас қосқан жиыны өтті.

Бақтияр Әжібекұлы көкеміздің ұйымдастыруымен, тікелей тапсырыс – қадағалауымен 2003 жылдың аяғында ұлы «Ысты» шіржіресі Алматы қаласында баспадан шығып, 2004 жылы 24-ші қаңтарда тұсаукесері болды. Д.А.Қонаевтың өмір-тарихын халық, жастар арасында кеңінен насихаттап, таныстыру мақсатында, Д.А.Қонаев даңғылының бойында 2005 жылы 24 маусымда – үш қабатты Д.А.Қонаевтың мұражайы ашылды. Бұл құрылысқа жер бөлінуінен бастап ашылуына дейін Бақтияр Әжібекұлы көкеміздің күндіз-түнгі адал еңбегін «Тасша» бауырларымның алдында атап өтуді өзімнің азаматтық борышым деп

есептеймін. Бәкеңнің ағайындарды біріктіруінің арқасында, Д.А.Қонаев қорының төңірегінде «Ысты» туысқандардың 20-отбасы 10 жылдан астам уақыт «бір қазаннан тамақ, бір шәйнектен шәй» ішіп келеміз. Үлкен жеңгелер, кіші келіндер «Сырласу клубының» мүшелері, қатаң түрде айма-ай үлкен дастархан басында отырыстар өткізеді.

Абайды жазған Мұхтар Әуезовты бүкіл дүние танығанын жақсы білесіздер. Бақтияр көкені жаза отырып өзім туралы да айта кетейін. Бақтияр көкеге жолыққан бірінші күннен – «Тасшадан кім бар?» - дегенде мен, Абаев Жұмабекпін деп, бүгінгі күнге дейін Д.А.Қонаев қорының қасында жүгіріп жүрмін. Бәкең Д.А.Қонаев қорын Т.Назарбековтен қабылдаған күні қалалық салық комитетінің басшысы Асқарға барып «бюджетке салықтан қарызы жоқ» деген құжат әпердім. Төкеңнің кезінде қорға бірнеше миллион теңге түскен екен, бірақ орны жоқ, «осы қалғаны деп – 145 мың теңге мен жүрмейтін ескі «Волга» машинасын берді. Іс-қағаздарын, есеп-қисапты жүргізуге Айдаркүлова Тұрсынқұлді қорға шақырдым. Бүгінгі күндері көптеген құжаттарды, кітаптарды баспаға дайындауда Тұрсынқұл қызы Айжан екеуі үлкен жауапкершілікпен жұмыс атқарып отыр. Сонымен қатар олар «Аталар сөзі» газетін компьютерде дайындайды. Газет демекші, біз Дәметкен екеуіміз ширек ғасыр бойы газет-журналмен айналысып отырғасын ең бірінші болып «Бақтияр көке, қордың атынан газет шығарайық, біріншіден үгіт-насихат, екіншіден 5 мың газет шығарсақ азды-көпті осындағылар айлық алып отырады» - дедім. Министр Құл-Мұхаммедке дайындаған, Бәкең қол қойған бірінші вариант хат менде әлі сақтаулы. Д.А.Қонаев ескерткіші – теңгенің құны бар кезде 800 мыңға тұрғызылса, мұражай 18,5 млн. теңге болды. Барлық қаражат Д.А.Қонаевты сыйлаған азаматтардың арқасында жиналды. Қаражат жинағанда «Тасшалар» не істеп жатыр» дегенде көп жағдайда 10-20 мыңдап Тасшалардың атынан қаражатты мен қосып отырдым. «Аталар сөзі» газеті «аяғына тұрғанша» облыстың 9-ауданына, қала ішіндегі мекемелерге 6-ай бойы тегін жеткізіп тұрдық. Бір кг. газетті жеткізу 55 теңге тұрады, 7000 газет x 15 гр. = 105 кг. x 55 тн = 5775 теңге x 24 басылым = 140000 теңге.

Д.А.Қонаевқа ескерткіш, мұражай салуда және де басқа жақсы тірліктерге атсалысқан азаматтардың есімдері Бақтияр Әжібекұлының «Естен кетпес ұлы есім», «Кемеңгер Қонаев», «Қаратау түлектері» кітаптарында аталып және тізіммен берілген. Менің тілегім: Бәкеңе жақсы денсаулық, ұзақ өмір, Ыстының әр перзенті Бақтияр Әжібекұлындай халыққа қызмет етсін!

Есімі алтын әріптермен жазылатын, үлгі тұтар аға, үлкен ғалым **Шаяхмет Молдабеков** – Техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, мемлекеттік сыйлықтың және «Жоғарғы оқу орындарының үздік оқытушысы» грантының иегері, 1939 жылы 10-қаңтар күні Ордабасы ауданы Шұбар аулында дүниеге келген. 1961 жылы Москваның химия өндірісі машина жасау институтын бітірген. 1968 жылы осы қалада кандидаттық, 1984 жылы докторлық диссертация қорғаған. 1975-1988 жылдары Қазақ химия-технология институтында проректор, ректор болып қызмет атқарды. Көптеген қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады, соның ішінде Д.А.Қонаев қоры отырысына да мүмкіншілігінше қатысып, көп тыңдап, аз сөйлеп өте құнды ұсыныстар жасайды. Ағайындардың да іс-шараларынан қалмайды. Асыл аға туралы «Қаратау түлектері» кітабының 31-35 беттерінен толық таныса аласыз.

Шымкент қаласындағы ағайындардың бүгінгі күнгі «батагөйі», той ашатын ақсақалы Мырзабек Мелдебекұлы Әтенов көкеміз – медицина қызметінің полковнигі, жоғарғы санатты врач-уролог, «СССР денсаулық сақтау үздігі». 1935 жылдың қаңтар айында Созақ ауданы «Жартытөбе»-де дүниеге келген. Біздің сазгер, сыншы, сықақшы Жанғали Меймандосов көкеміздің жан досы. Мырзакеңнің соншалықты жоғарғы білікті маман, күйші, әнші, жазушы, көптеген өлеңдердің авторы, ой-өрісі өте жоғары бола тұрып – қарапайымдылығына, кішіпейілділігіне, адал азаматтығына, үлкенді де, кішіні де өз дәрежесінде сыйлай білетіндігіне қайран қаламын. «Ұлық болсаң кіші бол»-деген.

Мырзекеннің 2008 жылы жарық көрген «Аманат» атты кітабын мен 3-күнде оқып бітіріп, бұндай қызықты-тартымды кітапты дүниеге келтіргені үшін ризашылығымды білдіріп телефон соқтым. Барлық қазаққа Мырзекеннің «Аманат» кітабын оқындар дер едім.

Жоғарыда аттары аталған ағалармен қатар тұратын, мен үшін әрқайсысының ерекше бөлек-бөлек орны бар, мен жоғары дәрежеде сыйлайтын, әрқайсысы туралы бір-бір том жазуға болатын асыл ағалар: **Іләшев Әшір, Тойжанов Ділдәбек, Егізбаев Кеңесбек, Ботанов Балтабек, Шардарбеков Әбілдәбек, Аханов Тұрсын, Болатбек Абай, Мықтыбаев Сейдулла – полковник, Афган соғысының ардагері, Байдулла Қонысбек, Серікбек Еркінбекұлы, Жанысбеков Аманкелді, Ойшиев Арынбек, Пернеев Ерназар, Әліпбеков Сиез, Әбубәкіров Пернебай, Күлекеев Оңласбек, Махатов Елубай** және де басқа ағалар туралы «Қаратау түлектері» кітабынан толық таныса аласыздар.

Мен өз қатарларымның ішінде **Шәріпбек Жамалбек** туралы бір ауыз сөз айта кетуді өзімнің азаматтық борышым деп есептеймін. Шәкең Шаян ауданы Орловкада 1949 жылы мамыр айында дүниеге келген. Қарағандыдағы кооператив институтын бітірген. Бүкіл саналы өмірін аудандық, облыстық «Потребсоюз» қызметінде болды. Облыс көлемінде білікті маман, іскер басшы ретінде көптеген жаңалықтарға, экономикалық өрлеуге қол жеткізді. Соңғы жылдары «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, партияның бақылау комитетінің төрағасы қызметінде.

Д.А.Қонаев қорының және ағайындардың іс-шараларына белсене араласып, көп жағдайда дәйекті дәлелдер келтіріп, құнды ұсыныстар жасайтын бауырымыздың бірі Шәріпбек Жамалбек. Шәкеңді жиналыстарда көріп отырып – анау футбол жанкүйерлері есіме түсіп отырады. Футболдың да небір жанкүйерлері бар, теледидар ішіне кіріп кетуге дайын, Шәкең де барлық тірлікке шын пейілімен беріліп қызмет етеді. Ал көптеген ағайындар «келдің бе келдің, кеттің бе кеттіңмен» отырады. Шәкең Д.А.Қонаев ескерткішіне, мұражайға және басқа да іс-шараларға барлық уақытта қомақты қаржылай жәрдем беріп келеді, еш уақытта «сен аз қостың, мен көп қостым» деп міндет еткен емес. Шәкең жора-жолдаспен, ағайынмен араласудың, патриоттық сезімнің үлгі – эталлоны! Шәкең туралы толығырақ Байдулла Қонысбектің «Асыл жүрек» кітабын оқып шығыңыздар.

Біздің жастардың көп нәрсені үйренуге болатын ініміз – **Абдулла Әшір**. Мамандығы экономист болып, құрылыс бизнесін алдына мақсат етіп қойған. Облыс көлемінде, біраз аудандарда сапалы мектептер соғып іске қосты. Шымкент қаласы «Нұрсәт»-та және басқа да қала ішінде бірнеше зәулім үйлер Абдулла ініміздің қолымен бой көтерді. «Өлі риза болмай, тірі байымайды»-деген. 2010 жылы 12 қаңтарда Д.А.Қонаевтың туған күніне үлкен дастархан жасап, құран оқытты. Еш уақытта ол туралы біреудің «салқын сөз» айтқанын естіген емеспіз. Д.А.Қонаев қорының маңында «не жәрдем керек»-деп, ат терлетіп шауып жүретін азаматтың бірі.

Ысты - бауырлар



*Молдабеков Шаяхмет аға -
мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
атағын алды*



Нұралы, Мырзақерім, Жұмабек, Нұржан



*Ысты ағалармен Жаңа жылды
қарсы алдық.
Аяз ата - Жұмабек.*



*Ысты ағайындар -
Жаңа жыл дастарқанында*



*Бауырымыз Абдулла Әшір -
Д.А.Қонаевтың туған күніне,
рухына арнап дастарқан
жайып, Құран оқытты.
Жоғарғы қатар ортада,
2010 жыл*



*Ысты ағайындар - тойда.
Облыстық мәслихаттың
депутаты "Нұр-Отан" ХДП
бақылау төрағасы -
Шәріпбек Жамалбек
жақсы тілек айтуда*

*Бас шежіреші -
Серікбек аға*



*Ысты ағайындар.
Жаңа жылды қарсы алдық*

*Ысты келіндерінің
"Сырласу клубы" мүшелері*



Шымкент қаласы 15 мамыр 2010ж.



Солдан оңға қарай:

Бірінші қатарда: Сапарбеков Ә., Сұлтанов Ж., Қолбаев О., Әлипова К.Т., Молдабеков Ш., Махатов Е., Ержанов І.

Екінші қатарда: Мықтыбаев С., Ережелов У., Тайбеков Т., Абасов Ж., Ойшиев А., Ахметов Е., Өтемісов Қ.

Үшінші қатарда: Аширов А., Омаров Ә., Бұралиев И., Бектурганов Р., Пернеев Е., Дүйсенбі Т., Әлір А., Әбжанов Б., Қожабеков М.



Шымкент қаласы 15 мамыр 2010ж.

ҰЛЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ (1845-1904) АҚЫЛ СӨЗДЕРІ ӘРДАЙЫМ ЕСІНДЕ ЖҮРСІН!

**«Менің балаларым мен ертеңгі
ұрпағыма Абайдан артық,
Абайдан ұлы, Абайдан киелі
ұғым болмауға тиіс».**

*Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Ә.Назарбаев.*

«...Ақыры ойладым – осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі...»

«...Әрбір келешегін ойлаған кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жинақырақ болса керек. Әрбір жинақылықтың түбі – молшылық».

Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, жамандап... есіл өмірді ескерусіз, босқа қор етіп өткізеді де, күні таусыларда бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды!

«Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.»

«...Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес».

«Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары»

Біреуі – білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен дейді. Бұл – жан құмары. Баланы бесіктен жан құмарлығына тәрбиелеңіз. Хайуан білмейді, білемін деп талпынып, таласпайды.»

«Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды? Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді.»

«Ерінбей еңбек қылса, түңілмей ізденсе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?»

«...үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды.»

«Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздықтан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, байлаулықтың жоқтығынан азады.»

«Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады.»

«Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім. Есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады.

Егер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып өткізіп алса, кейін өкінгеннен пайда болмайды».

«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!»

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен озам ғой демектің бәрі де – ақымақшылдық».

«Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады».

«Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі».

«Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, я жұртқа рахат көрсете ме?»

«Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек

қолға түседі».

«Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? – Ол көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал».

«Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?»

«Білімсіздік – хайуандық болады».

«Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Ертеңге ісінді қалдырма – ішетін асынды қалдыр».

ҚАЙҚАУС ПАТШАНЫҢ 63 ЖАСЫНДА ӨЗІНІҢ ҰЛЫ ГИЛАНШАХҚА АРНАП ЖАЗҒАН (1082-1083 Ж.) «ҚАБУСНАМА» АҚЫЛ, ӨСИЕТ КІТАБЫНАН ҮЗІНДІЛЕР:

«Ей, перзентім, саған замана тұрмыс-тауқиметінің құрықты қолы жетпей тұрған шақта менің айтқан сөзімді оң құлағыңмен тыңдап, өсиетімнен үлгі алып, жақсы атағыңды шығаруға тартынбай талаптан».

«Аллахтың бірлігін, барлығын мойындауға ықылас-сенімің берік болсын. Көп адамдар Аллаһты мойындамау салдарынан көңілі қараңғыланып азғындайды. Көңілі пәк, таза жандар адаспайды».

«Сақ болғын, қу-зымияндардың айла-шарасына иланып, айтқандарын жандүниенмен ұйып тыңдап, азғындық жолына түсіп кетуші болма».

«Ата-ананы құрметтеудің қажет екенін ақыл-ой, парасат тұғырынан байқап білгейсің. Әрбір перзенттің тегі ата-ана. Не үшін ата-анама құрмет жасаймын деп ойыңа алма.

Ата-ананды ешқашан ренжітуші болма... Олардың көңіл-күйіне қаяу салып, капаландырмағын».

Егер сен «өз перзентім құрмет қылсын» десең, сен де ата-ананды құрметте.

Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі – сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен.

Егер ағайын-туғандарыңның саған ісі түсе қалса, жұмысын жедел бітіріп жіберуге тырыс. Қолыңнан келген жақсылығыңды аяма. Кісінің көңіліне тиме, аяғы өкініш.

Сырыңды дұшпаның білмесін десең досыңа айтпа. Егер масқара болғың келсе – істемеген істі істедім де.

Барлық ілімді жас шағыңда оқып білгін.

Өсиет, ақылды ойыңда сақта.

Үмітсіздіктен сақтан, жақсылықтан үмітінді үзбе.

Жақсылармен бір жүрсең, жақсы атың шығар.

Ашулы, ызақор болма. Ашу-ыза әрдайым пәле шақырады.

Қарияларға әрдайым мейірімді бол, қарттық бір кесел сипаттас, өлгенше оның азабынан құтыла алмайды.

Шарап ішу – шексіз арамдық. Ол ақылға зиян, денеңе нұқсан келтіреді. Шарап ішу – ақымақтыққа барардағы жаттығу. Егер шарап ішпесең, екі дүниеде де қор болмайсың.

Шарап құмарлықтың кесір-салдары екеу: бірі – кеселдену, науқас болып қалу, екіншісі – диуаналық.

Мезгілді-мезгілсіз, ойыңа түскен кез-келген жерде жыныс қатынасын жасай беру – хайуанның ісі. Адам мен хайуанның артықшылығы – адамның адамгершілік қасиеттерінде.

Көп ұйықтау – жаман әдеттің бірі. Денеңді ауырлатып, табиғатыңды талқандап, жүзіңді кесел адамға ұқсатады.

Терең қартайғанша денсаулығым жақсы болсын десең – қандай жағдайда жүрсең де 15-20 минут денешынықтыру жаса, я болмаса күніне бір сағат терлеп қара жұмыс істе, ол болмаса 1-1,5 сағат кешкі тамақтан соң жаяу жүр! Бұны мәңгілік әдетке айналдыр!

Барлық уақытта отбасың үшін, өзің үшін адал қаржы жинау үшін әрекет істе. Тапқан қаржыңды сақтай біл, арзымайтын іс үшін қаржыны шаша берме. Дүние – қаржың көп болса, оны қадірлеп, есеппен бір қалыпта іске жаратқын. Ысырапшылдықты Аллаһ жақтырмайды, оның түбі тапшылық. Дәрет алғанда артық кеткен әр тамшы суға жауап бересің, - дейді хадистерде.

Дүниенің рақаты – алдына мақсат қойып, сол мақсатына жету үшін еңбек ете білуде. Бүгінгі рақатың – кешегі еңбегіңнің жемісі.

Патша мен әкім әділетсіз болса бұл дүниеде халықтың наразылығын туғызады, ал ол дүниеде тозақтан орын алады.

Дос адамдарыңа қарыз беріп, оны сұрап алудан – бермегенің жақсы.

Ұлы дәрежелі ғалымдармен, адал адамдармен көрші бол. Үлкен қалада бол, онда жақсы өмір сүруге болады.

Кімде-кім біреудің сыртынан жаман сөз айтса, жаман іс қылса, сол жағдай өзінің басына келеді. Біреудің екінші біреуді жамандаған өсегіне сенбе, өз көзің жеткенше.

Қаншылықты жиған қаражатың қадірлі болса да ата-анаңнан, перзентіңнен, әйеліңнен аямағын.

Білімді әйеліңнің іс-әрекетіне тыйым салушы болма. Егер сен қызғаншақтық жасамасаң, кемсінбесең, әйелің саған да мейірімді болады.

Әйеліңе тәуелді болудан сақтан. Кейбір азаматтар бар жиған-терген дүниесін қатынының қолына салады. Ол әдетті дұрыс деуге болмайды. Сенің тапқан дүниеңе қатының ие болса, өз тапқан дүниеңді өзің жұмсауға мүмкіндігің болмай, қатыныңның қолына қарайсың. Есінде болсын, әйел адам дүниеге жақын. Әйел адамның қолына қарау – қайратсыздық, шарасыздықтың белгісі. Әйел адамның төркініне берген дүниесін Аллаһ, оны ерінің пайдасына жазады.

Әруақытта дос-жаранды болуға әдеттен. Жақсы дос – ол да бір үлкен дәулет.

Бірде-бір жанды өзіңе дұшпан етпегін.

Егер бір кісі «бәлендей жерге жеткізгің» деп хат тапсырса, әуелі хатты оқып көргін, егер зат тапсырса оны көріп, санап алғын.

Егер бір адам айыпты іс істеп, жағдайын айтып өкінсе, айыбын кешір. Күнәні бәрінен бұрын Адам ата жасаған.

Өзің ата-анаң алдында, жора-жолдас алдында, қызметте кешірім сұрайтындай дәрежеде айыпты болудан сақтан! Егер айып істесең, кешірім сұраудан ұялма.

Қайсібір адамға ісің түсіп, өтініш жасап барғаныңда жақсы қабылдаса оған шүкіршілік қыл, ал жақсы қабылдамай, сөзінді атүсті тыңдаса оны өз бақытыңнан көргін де оған өкпелеуші болма.

Ісің түскен адам жоғары адамдар қатарында болса, оның дені сау уақытында қажетінді сұрама, өйткені олар дені сау кезінде Аллаһты ойлап, бауырмашыл болып, сенің қажеттіңді ойына да алмайды.

Адам – үш түрлі, сөз – төрт түрлі болады.

Адамның бірінші түрі – біледі және білген сайын білгісі келеді, бұлар ғалымдар, көкірегі-көзі ашық даналар, сауатты азаматтар. Жауырының жөргекке тиген күннен, сол жауырының табытқа тигенше оқы, оқы, үйрен деген.

Екінші түрі – біледі, біле тұра «білмеймін» дейді, бұлар залымдар.

Үшіншісі – білмейді және білуге талаптанбайды, білгеннің тілін алмайды. Бұлар – ессіз, надандар.

Сөздің біріншісі – білуге де, айтуға да қажеті жоқ сөздер.

Екіншісі – білуге де, айтуға да қажетті сөздер.

Үшіншісі – білуге қажеті жоқ, бірақ айтуға болатын сөздер.

Төртіншісі – білу қажет, бірақ айтуға мүмкін емес сөздер. Бұларды орнымен пайдалан.

Аллаһ жоғары дәрежеде қызмет бұйыртса еш уақытта еркінсіме. Әрқалай қадірлі болсаң да, өз әлінді біліп, тура жолдан көз жазбағын.

Лауазымды, жоғары мәртебелілердің не мақсат-мұраты болса, содан басқа сөзді айтпа, әрбір сөздің үстінде онымен жарысып сөз таластырма. Падишамен пікір таластырған адам – ажалынан бұрынырақ өледі.

Ырыс, дәулетке ие болсаң ағайын-туысқа, халыққа пайдаң тисін.

Ақыл екі түрлі болады, біріншісі – тума ақыл, екіншісі – кәсіптік ақыл, яғни еңбекпен, оқумен, көрген-білгенді ойға тоқумен табылған ақыл.

Егер ақылды болғың келсе көп оқып, көп үйрен. Сенің білгенің үрім-бұтағына да керек болады.

* * * * *

Бүкіл әлемде адам баласы қаншалықты мол болса, соншалықты жалғыз – оны жалғызсыратпайтын айырылмас адал досы - өзінің **ойы** ғана.

Оралхан Бөкей.

Егер балалар бірдемені түсінбей отырса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс.

Ыбырай Алтынсарин.

Әйел ашуланса жеңіледі, еркелесе – женеді.

Ғаби Мүсірепов.

Өмір ешқашан шешуі табылмас жұмбақ, Ешкім шығара алмас қиын есеп.

Оралхан Бөкей.

**ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВТЫҢ
ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ.**

**«... Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері
Д.А.Қонаевтың да тарихтың төрінен орын алары дау тудырмайды... Димекен өз
заманының перзенті болған
ірі тұлға...Қонаев есімі Қазақстан халқымен бірге жасары
анық ақиқат. Ол кісі бәрімізге ұстаз болған ұлы адам».**

*Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.*

**«Кемеңгер көсеміңіз ту ұстаған,
Елінің ертеңімен тыныстаған.
Өзінді, Димаш аға, кім мақтаса,
Дүниеде соның бәрі туыс маған».**

*Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,
Қазақстан халық жазушысы.*

-Өмір де ай сияқты ғой. Бірде толып, бірде тұтқадай ғана болады.

-Бақ деген көшпелі, қыз алған күйеуге де кетеді, қыздан туған жиенге де кетеді.

-Қанмен дарығанды қасиеттесемсең, қадірің болмайды. Өнер де тәрбиені сүйеді. Оқи жүрмесен, тоқығаныңды ұмытып қаласың.

-Өмірге сергек қарау от басынан, оның түтін түтетері – сүйген жарыңды сыйлаудан басталады.

-Кім болса да халықтан үлкен емес.

-Адамға өзі сүйген ісінің сүйінішін сезінуден асқан бақыт бар ма!

-Жақсылықты көре білген кісі жамандық атаулыға төзімсіз болады.

-Көргені жақсы көш бастайды.

-Құдай қондырмаған баққа жармасқанмен болмайды.

-Қайрақсыз пышақ өткір болмайды. Ел іші болған соң жүрегіне түк байлаған ер де табылады, жауын-жаумай су-су боп жүретін ез де табылады.

-Әр кәсіптің өз қиындығы мен қызығы бар. Өңгіме сүйген істен сүйініш табуда ғой.

-Көз өзіне сенеді, құлақ басқаның сөзіне сенеді.

-Жақсының жақсылығын көре білу бар да, оны айта жүру, үлгі ете білу бар.

-Өз басым мұрат тұтқан мынадай бес сыйпатқа тоқтала кеткім келеді. Сол бес сыйпаттың бірі – біреуге тіл тигізуден сақтану... Екіншісі - әдептілік. Қазақ әдептен

аспай, кішілік көрсету арқылы кісілік танытқан. Үшіншісі - өзің өзгеге күдіктенбе, өзге өзіңе күдіктенбесін. Иман жиям десең, пиғылыңды таза ұста. Күпірліктен азасың. Төртіншісі – не істесең де зеректікпен тындыра біл, аяғына жеткізе біл. Ырысың осы. Ал, ең соңғысы - өз басыңа тілемейтін істі, біреуге істеме. Қиянаттан асқан қылмыс болмайды... Сақтансақ, осыдан сақтанайық.

-Қай нәрсенің болмасын екі ұшы бар. Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара, адалдық пен арамдық

-Өмір – өзен. Асып та, тасып та жатады. Сабасына түсіп, бір қалыппен де ағады. Бірақ онда тоқтау жоқ.

-Тілден бал да, зәр де тамады.

-Басыннан бақ ауса, алпыс күн тасыған дария алты күнге жетпей таусылады.

-Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорыққан.

-Бір қалыпты өмір жоқ. Дүниенің түске дейін киіз түстен кейін мүйіз болуы әп-сәтте.

-Қиындықсыз (жан қиналмай) іс тынбайды. Оған ердің ері ерлікпен төтеп береді.

-Кісі еңбегін көре білмегеннен әділдікті күтуге де болмайды.

-Жаралау оңай, сол жараны жазу қиын.

-Тіршіліктің түзу жолы болмайды.

-Жақсы адам – ел ырысы.

-Үлкен іс ірілі-кішілі кемшіліксіз болмай тұрмайды.

-Сұлулыққа сұқтанбас, одан ләззәт алуға ұмтылмас тірі пенде табылмас.

-Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, сосын үйретуден аянбау.

-Биік мансапты жігіттің жігіті көтереді. Баққа да бап керек, тәубе керек.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҮРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ
ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ.**

- Кімде-кім бірлікті бұзса, халыққа қас.
- Бірлігі бірдің – білегі бір, жүрегі бір.
- Ең асыл қазына – бірлік.
- Түркістан – біздің тарихымыз.
- Түркістан – біздің намысымыз.
- Қазақ даласы – Ұлы түркі елінің қара шаңырағы.
- Өз тарихын сыйламаған өзін де сыйламайды.
- Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ.
- Тәуелсіздік – бүгінгі ұрпақтың бақыты, оны қастерлей білуіміз жөн.
- Адамзаттың арманы – рухани бостандық пен сөз еркіндігі.
- Бүгін біз зор мүмкіндіктер табалдырығында тұрмыз.
- Қазақ халқы – тамырын тереңге жіберген, осынау қасиетті даласынан табан аудармаған халық.
- Құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұланғайыр жер берген, астын-үстін толтырып кен берген, мейірман, ақкөңіл, адал ел берген, жаны үшін малын садақа ететін ер берген.
- Өркениетке бастайтын жол – білімде.
- Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін.
- Ана тілін қадірлеу – әр азаматтың перзенттік парызы.
- Ұлттық сана ұлттық тілмен қалыптасады.
- Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.
- Қазақтың болашағы – қазақ тілінде.
- Еңбек ет, өзіңді, отбасыңды асыра, бала-шағаңның қамын ойла – міне, үкіметке істеген ең үлкен көмегің осы болмақ, өзіңе де жақсы, үкіметке де жақсы.
- Өз ісіңе жауапкершілікпен қара.
- Өзімізді жамандай бергенде, бізге жақсылықты кім әкеледі.
- Өсер елдің баласы арманшыл болса, өшер елдің баласы жанжалшыл болады.
- Қазақ алдымен қариясын сыйлаған.
- Қариясы бар елдің қазынасы бар.
- Үдеудің сыры – бірлікте, жүдеудің сыры – алауыздықта.
- Қазақтың бәрі де бір-біріне ағайын.
- Әйел – бесік иесі. Демек, әйелдің жайы түзелмей – бесігіміз түзелмейді, бесігіміз түзелмей – еліміз толық түзелмейді.
- Әйелдің жағдайы қандай болса, қоғамның жағдайы сондай болады.
- Біз тегіміз түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек, ол үшін қасиетті кітап Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек.
- Исламның киелі орындарын барып көру – менің осы заманғы процестерде діннің алатын орны мен қызметі жайында көзқарасымды өзгертуге мәжбүр етті.
- Қағбаға кіргенде: «Егеменді еліме бақытты болашақ бер», - деп тіледім.
- Дін достыққа, бірлікке, болашаққа бағыттайды.
- Дініміз – Ислам, кітабымыз – Құран Кәрім, пайғамбарымыз – Мұхаммед.
- Ру шежіресін білу – сахара төсінде көшіп-қонған қазақтар үшін, ...ғасырлар бойы бүкіл қазақ – бір атаның ұрпағы бір ағаштың бұтағы деген ұстаным бойынша өсіп-өркендеп отырған.
- Қазақта жеті атасын білмеу – мүлде ұят.
- Елдің бетінде желдің өтінде жүрген адамға сынақ көп.
- Мемлекетіміздің діңгегі – қазақ халқы. Елде, жерде – қазақтікі.

ХАДИСТЕРДЕН ҮЗІНДІЛЕР

Дініміз – Ислам,
Кітабымыз – Құран Кәрім,
Пайғамбарымыз – Мұхаммед.

*Нұрсұлтан Назарбаев,
Қазақстан Республикасының
Президенті.*

Он сегіз мың ғаламды жаратқан Аллаһтың адамды жаратқанына талас жоқ. Ең алғашқы адам, ол Аллаһтың саздан жасаған алғашқы адамы – Адам Ата. Адам Ата мен Хауа Ана бірге көкте ұжымақта өмір сүріп жүрген кезінде оларда бәрі болды, тек бір ағаштың жемісін жеуге, татуға болмайды деп Аллаһтан ескертілгенімен, Ібіліс періште ұжымаққа жасырын еніп, оларды азғырып жемісін жегізген. Бұл күнәлары үшін Адам Ата мен Хауа Ана екеуі жерге қуылды.

Аллаһтан: «Үрім-бұтағыңмен мәңгі еңбек етіп өмір сүріңдер» деп бұйыртылған.

Бүкіл адамзаттың «өмір бойы азапты еңбек етіп» бұл дүниеден кетіп жатқаны сол бұйрықтың әсері болса керек. Адамның шаршауынан бастап, ауру-сырқаудың, жаманшылықтың, тағы басқа да ауыртпашылықтың көп болуы да соған байланысты көрінеді. Бұл дүниеде кедей де, бай да бастарынан көптеген өмірдің ауыртпалығын, жақсы мен жаман жағын өткізеді. Бай адам уайымсыз-қайғысыз дейін десең, сонау 1996 жылы қолында бірнеше жүз мың АҚШ-тың доллары бар Шымкенттік бір азамат маған бір себептермен: «Жүмеке, мен сенің құлыңмын» деп 3-4 кісінің көзінше бірнеше рет қайталағанын еш уақытта ұмытуға болмайды! Бұл күндері дүние жүзіндегі қазақтар 44-елде өмір сүруде, бұл да басқа түскен таукіметтен болуы керек, енді, әлқисса, хадистерді оқып, есте сақтап жүрейік:

1. «Қайда жүрсен де, Аллаһтан қорық! Күнәларыңның артынан оны өшіретіндей жақсылық жаса. Елмен араласқанда, көркем мінезділіктен тайма!»

2. Дүниеге қаныққандар теңіз суын жұтқанға ұқсайды. Ішкен сайын шөлдейді, шөлдеген сайын сіміреді.

3. Қиямет күні сіздер өз есімдеріңізбен әрі әкелеріңіздің есімімен шақырыласыздар! Сондықтан әдемі ат қойыңыздар!

4. «Құдайдан қорқу – адамды о дүниенің азабынан сақтайтын қалқан, әрі Жаратушы Иенің разылығына бөленудің дәнекері».

5. «Күн сайын адал сауда жасау түні бойы құлшылық жасап, ораза ұстағаннан да қайырлы».

6. Адамдар қадірін білмейтін екі нәрсе бар: бірі – денсаулық, екіншісі – бос уақыт.

7. Құран оқылатын үйден Аршынға дейін нұрлы сәуле көтеріліп тұрады.

8. «Екі мұсылман бір-бірімен кездесіп, қол алысса, сол жерден кетпей тұрып, күнәлары кешіріледі».

9. Әйелдерге қаталдық танытпаңдар! Олар Аллаһ тағаланың сендерге берген аманаты! Оларға жұмсақ мәміле көрсетіп, жақсылық жасаңдар!

10. Жылы жүзбен сәлемдескен адамға садақаның сауабы жазылады.

11. Ең хайырлы кісі бала-шағасына және әйеліне көп пайдасын тигізетін кісі.

12. Бес уақыт парыз намазынан кейін жасалған дұға қабыл болады.

13. Екіжүздінің үш белгісі болады: сөз айтса, өтірік соғады, уәде берсе орындамайды, аманатқа қиянат жасайды.

14. «Жақсылық жасай алмасаң, жамандық жасама, ол да – садақа.

15. «Екі нәрсе ақылдың кемшілігін көрсетеді: сөйлейтін кезде үндемеу, үндемейтін

кезде сөйлеу».

16. Адам үшін өте жаман бес нәрсе бар – дінсіздік, тәкәппарлық, қайырымсыздық, жаман мінез, сарандық.

17. Мүмин намаз оқыған кезде, оған жұмақтың есіктері ашылады. Аллаһ пен оның алдындағы перде түріледі. Бұл сәт намаз аяқталғанға дейін жалғасады.

18. Үш нәрсе жүректі өлтіреді: көп сөйлеу, көп ұйықтау және көп жеу.

19. Кімде-кім рамазанда ораза тұтқан адамға ауызашар берсе, күнәлары кешіріледі. Хақ Тағала оны тозақтан босатады.

20. Кімде-кім Шаъбан айының 15-түнін (барат) құлшылық жасаумен өткізсе, өлген кезде жүрегі тірі болады.

21. Жұма намазынан кейін Ихлас, Фалақ және Нас сүрелерін 7 рет оқыған адамды Аллаһу Тағала келесі жұмаға дейін жамандықтан қорғайды.

22. Қасында Ясин сүресі оқылған науқас суға тойып қайтыс болады және қабірге тоқ болып кіреді.

23. Нәпсісіне бағынған адамның шаруасы бітті. Енді жатса да, тұрса да оның жолдасы шайтан.

24. Жұма күні тырнағын алған адам бір апта бойы бәле-жаладан аман болады.

25. Жүрегінде нохаттай иманы болған кісі тозақта мәңгі қалмайды, ол жерден шығарылады.

26. Дененің рахаты аз жеуде, рухтың рахаты аз күнә істеуде.

27. Ақша сарандарда, қару қорқақтарда, билік әлсіздерде болғанда, тұрмыс бұзылады.

28. Ата-анасының немесе екеуінің бірінің қабіріне әр жұма күндері барып тұратын адамның күнәлары кешіріледі. Олардың ақысын өтеген болып саналады.

29. Адамдардың ең төмені – дін атын жамылып, дүниелік пайданы көздейтіндер.

30. Кімде-кім шаъбан айында үш күн ораза тұтса, Аллаһ ең жоғары жәннатта оған орын дайындайды.

31. Соңғы сөзі «Лә илаһә илләллаһ» болған адамдар жәннатқа барады.

32. Арапа түні ғибадат жасағандар тозақтан босатылады.

33. Мұсылман болып қартайған адамға азап шектіруден ұяламын.

34. Адамдардың ең жақсысы – басқаларға пайдасы тигені.

35. «Кешірімді бол және жақсылыққа шақыр...»

36. «Егер сіздерге біреу амандасса, сәлемін одан да асыра не дәл солай қабыл алыңыздар!»

37. «Бұл дүние – істегенің қайта өзіңе дәл солай жаңғыратын тау сияқты».

38. «Бір қиындыққа тап болсаң, сабыр ет. Өйткені артынша жеңілдігі келмейтін ешқандай қиын іс болмайды».

39. «Кешегің өтті, ертенің белгісіз, ендеше бүгінді жақсы өткізуге тырыс».

40. «Ілім іздену - әрбір мұсылманға парыз».

41. «Туыстық қарым-қатынаста болу рызық-несібені арттырып, адам өмірін берекеттендіреді».

42. «Іс-әрекеттер ниетке байланысты».

43. «Жарты құрма болса да, садақа беріндер».

44. «Кімде-кім Аллаһтан қорықса, Аллаһ оған қиындықтан құтылар жол ашады және күтпеген жерден ризық жібереді».

45. «Сөз тасушы жәннатқа кіре алмайды».

46. «Көз жұмарда міндетті түрде Аллаһ жайлы жақсы ойда болып жан тапсырыңдар».

47. «Адам баласының барлығы қателеседі. Қателескендердің ең жақсысы – қатесін түсініп, тәубәға келгендері».

48. «Аллаһтан қорыққан адамның жүрегі жібіп, Оған деген сүйіспеншілігі көбейеді. Ой-ниеті түзу болады».

49. «Танның атысы мен күннің батысында мешітке барған адамның әрбір қадамы үшін Аллаһ Тағала жәннатта бір сыбаға дайындатады».

50. «Адамдардың ең бақыттысы - өмірі ұзақ, амалы жақсы болғаны».

51. «Адамдарға кешірім жасамаған адамға Аллаһ Тағала да кешірім жасамайды».

52. «Адамдарға мейірімділік танытпағандарға Аллаһ та мейірімділік жасамайды».

53. «Мен үшін сіздердің ең сүйіктілеріңіз, сондай-ақ қиямет күні маған ең жақын болатындарыңыз – ең көркем мінезділеріңіз».

54. «Раббың тек қана өзіне құлдық жасауды, әке-шешеніңге жақсы қарауды бұйырды».

55. «Қияметте таразыны ауыр басатын амал: Аллаһтан қорқу мен көркем мінез».

56. «Перзент әкесінің құнын әкесін құлдықтан сатып алып, азат еткен жағдайда ғана өтей алады».

57. «Көлікте отырған адам – жаяуға, жаяу адам – отырғанға, аз адамдар – көпшілікке, жасы кіші – жасы үлкенге сәлем берсін».

58. «Адамдармен жақсы қарым-қатынаста бол».

59. «Ей, Мұхаммед! Сенің ғасырыңда тумағаныма қатты өкінемін... Адамзат сен сияқты ерекше тұлғаны бір-ақ рет көрді, бұдан кейін көре алмайды. Сенің алдында құрметпен бас иемін». /Бисмарк/

60. Әке-шешесіне қайырымды болған жанға, қажылыққа барып келгендей сауап жазылады.

61. «Үлкенді құрметтеу – Аллаһ Тағалаға көрсетілген құрметтердің санына жатады».

62. «Жолға шығар алдында жолсерікті сұра, үй алар алдында көршіні сұра».

63. «Әлжуаз жандарға, кәрілер мен сәбилерге мейірімді болыңыздар!»

64. «Дін – Құдіретті Жаратушының мәңгілік бақытқа апарар жолы».

65. «Балаларына Исламның негіздерін үйретпегендер тозаққа аттанады».

66. «Баланы адамдыққа, ғылым-білім және кәсіпке үйрету - әке үшін сол парыз».

67. «Кәпір болса да, біреуді ренжіту Жаратушыны ренжіту деген сөз».

68. Сіздердің ең құрметтілеріңіз - әйелдеріңізге құрметпен қарағандарыңыз.

69. Киінсеңдер де, дәрет алсаңдар да, оң қолдан, оң аяқтан бастап, тамақ жесеңде оң қолмен жендер. Сол қолмен пысқырып, төменгі мүшелерді жуыңдар. Оң қол саусақтарыңда Пайғамбарлар нұры».

70. «Жәннаттың кілті – намаз. Ал, намаздың кілті – дәрет».

71. Адамның сәні - өнер, білім, ақылы,

Жердің сәні – жеміс, өнім дақылы,

Сөздің сәні - өнегелі нақылы.

Пікірдің сәні – ойландыра мақұлы.

72. Бәледен өзің қашып жүрсең,

Бәленің сенде несі бар?!

Бәлеге өзің жақын жүрсең,

Бәленің сенен басқа несі бар?!

73. «Үйіңе кірерде сәлем бер, өзіңе де, отбасыңдағыларға да берекет әкеледі».

ӘДЕТ-ҒҰРЫП, САЛТ-ДӘСТҮРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ

Кішкентай торғай да,
Өз ұясын қорғайды.

Маленький воробей и тот,
свое гнездо оберегает.

Туған жердің қадірін
Шетте жүрсен білерсің.

На чужбину попав,
поймешь, как дорога Родина.

Ит тойған жеріне,
Ер туған жеріне.

Собака хорошо, где сытно,
а джигиту – на Родине.

Өзін-өзі білген ер бақытты,
Өзін-өзі билеген ел бақытты.

Счастлив джигит, себе цену знающий,
счастлив народ, сам собой правящий.

Көп іздеген көмбе үстінен шығады.

Что миром ищется-мигом сыщется.

Көл толқыса жар құлайды,
Көп толқыса хан құлайды.

Озеро разбушется – берега смочет,
народ поднимется – хана свергнет.

Күйесіз қазан жоқ.
Қайғысыз адам жоқ.

Нет котла без сажи,
а человека – без думы

Әркімнің өзі шығар биігі бар.

У каждого человека есть своя высота.

Адам көркі шүберек,
Ағаш көркі жапырақ.

Дерево листья украшают,
человека одежда.

Қорқақтың қатыны болғанша,
Батырдың жесірі бол.

Чем быть женой труса,
лучше быть вдовой храбреца.

Қара бет болып қашқаннан,
Қайрат көрсетіп өлген артық.

Чем с позором бежать,
лучше геройски умереть.

Ер жігіттің екі сөйлегені - өлгені.

Джигиту чем дважды обещать,
лучше раз умереть.

Алыссаң атаң да болса жық.

Если схватился, и отца родного вали с ног.

Ер жолдасы – тәуекел.

Риск – спутник героя.

Тату үйдің бақыты тасыр,
Ұрыс-керіс үйдің ырысы қашар.

Дружный дом – счастья полон.
дружбу потерял – счастья расплескал.

Жолдасы көптің – олжасы көп.

Друзей много – шире дорога.

Сыйласу екі кісіге бірдей.

Дружба крепка взаимностью.

Досыңа ат берме,
Ат берсең, ақырын жүр деме.

Если другу дал коня,
не проси ехать шагом (тихо).

Мыңның түсін танығанша,
Бірдің атын біл.

Чем сотно человек знать по наельнике,
Лучше одного знать в лице.

Заттың жаңасы жақсы,
Достың ескісі жақсы.

Одежда хороша новая,
а друг – старый.

Жақсымен жүрсен,
Жақсы боларсың.
Жаманмен жүрсен,
Жынұрып, бақсы боларсың.

С хорошим дружить – самому хорошим быть,
С глупым водиться – с пути сбиться.

Жаман ағайын бар болсаң көре алмайды,
Жоқ болсаң бере алмайды.

Некудышная родня успехом завидует,
а в нужде помочь не может.

Ағайын тату болса ат көп,
Абысын тату болса ас көп.

Братья в ладу – коней много,

Мал қонысын іздейді,
Ер туысын іздейді.

Скотина ищет свой хлеб,
Джигит – свою родину.

Саусақ бірікпей,
Ине ілікпейді.

Пока пальцы не сойдутся
и иголку не ухватишь.

Ер дәулеті – еңбек.

Богатство джигита – труд.

Сен істі сүйсең, іс саған бас иеді.

Дело покоряется тому – кто его любит.

Бейнетің қатты болса,
Татқаның тәтті болар.

До пота поработаешь – с аппетитом поешь.

Жылай-жылай арық қазсаң,
Күле-күле су ішерсің.

Плача будешь арық рыть,
смеясь будешь воду пить.

Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық,
Ерте тұрған еркектің ырысы артық.

Рано встающая женщина на одно дело больше успевает,
рано встающему джигиту – счастья больше.

Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,
Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады.

Рано встанешь – солнце навстречу,
поздно встанешь – ночь навстречу.

Бір кісі қазған құдықтан мың кісі су ішеді.

Колодец роет одан человек, воду из него пьют тысячи.

Терең құдықтың суы тәтті.

Чем глубже колодец, тем слаще вода из него.

Көз қорқақ, қол батыр.

Глазам боязно, рукам страх неведом.

Жалқаулық жаман ауру.

Лень – скверная болезнь.

Жаман болатын жігіт шегіншек келер.

Джигит, от которого проку не будет,
решительностью не обладает.

Білімнің басы – бейнет,
соңы зейнет.

В учении трудно,
да плоды учения сладки.

Кітап – алтын қазына.

Книга – кладовая золота.

Оқусыз білім жоқ,
Білімсіз күнің жоқ.

Нет жизни без знания,
нет знания без учения.

Кітап-ғылым – тілсіз мұғалім.

Ученая книга – учитель без языка.

Жаста оқыған оқуың – тасқа жазғанмен бірдей,
Егде тартқанда оқыған оқуың – мұзға жазғанмен бірдей.

В молодости полученные знания – на камне высеченная надпись,
В старости полученные знания на льду вырубленная надпись.

Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла.

Учителя почитай, как отца родного.

Бай атқа мінсе құтты болсын дейді.
Кедей атқа мінсе қайдан алдын дейді.

Бай на коня сядет – доброго пути желают,
Бедняк на коня сядет – где взял спрашивают.

Шығасы шықпай кіресі кірмейді.

Без затрат не будет и прибыли.

Саудада достық жоқ.

Торговля не делает скидку на дружбу.

Сақ жүрсен, сау жүресің.

Бережного и беда обходит.

Итпен жолдас болсаң,
Таяғыңды тастама.

Если сдружился с собакой,
Палку из рук не выпускай.

Бір күндік жолға шықсаң,
Үш күндік жол азық ал.

Отправляясь в путь на день,
бери запасы на три дня.

Бір күн тұзын татқанға,
Қырық күн сәлем.

Сорок дней приветствуй того,
Кто один раз накормил тебя.

Су ішкен құдығына түкірме.

Не плюнь в колодезь, из которого воду пил.

Өлім байдың малын шашады,
Жоқтың артын ашады.

Похороны истребляют скот богача
и оголяют нужду бедняка.

Көзің ауырса қолыңды тый.
Ішің ауырса тамағыңды тый.

Глаза болят – рукам воли не давай,
живот болит – пищу не принимай.

Бала тәрбиесі – бесіктен.

Воспитание ребенка начинается в колибели.

Заманына қарай заңы,
Тоғайына қарай аңы.

По лесу и звери,
по времени и законы.

Заманың қалай болса, бөркінді солай ки.

И шапку, как время велит, надевай.

Түйе алтын артып жүрсе де, жантақ жеуін қоймайды.

И золото везущий верблюду колючку жуёт.

Қайтып кірер есікті қатты жаппа.

Не хлопай сильно дверью, в которую снова входить.

Бүргеге өкпелеп тоныңды отқа тастама.

Озловившись на блоху, шубу в огонь не бросай.
Жазым болса, быламықтан тіс сынар.
Коли суждено быть несчастьем, и от кашу зубы сломаешь.
Бақ қонатын адамның, ұлы епті, қызы көрікті болады.
У удачного человека сын ловок, а дочь красива.
Бұл дүниенің құсасы, ол дүниеге кетпейді.
Печали этого мира не переселятся в мир иной.
Жалқау қатынның төсегі тал түске дейін жиналмас.
У ленивой женщины постель до полудня не убирается.
Құсты қанат ұшырар,
Ерді талап ұшырар.
Птица в небо на крыльях поднимается,
Человека мечта окрыляет.
Жақсы ниет – жарым ырыс.
Доброе намерение – половина счастья.
Бәле қуған бәлеге жолығады.
Жала қуған жалаға жолығады.
Кто ищет беду – беду накладает,
Кто ищет ссору – ссору накладает.
Таспен ұрғанды, аспен ұр.
Бьют тебя камнем, ты бей хлебом.
Желмен жарыспа,
Көлеңкенді қума.
За тенью свой не гонись,
с ветром в быстроте не спорь.
Қолың көтермейтін шокпарды беліңе байлама.
Не суй за пояс дубинку, которую руками не поднять.
Ұлық болсаң, кішік бол.

Если умен, будь еще и прост.

Екі жақсы қосылса,
Бірін-бірі қиыспайды.
Екі жаман қосылса,
Кең дүниеге сыйыспайды.

Двое умных сойдутся – в разлуке им места нет,
Два дурака сойдутся – просторном мире им места нет.

Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады,
Жақсымен сөйлессең, көңілің ашылады.

На высокую гору взойдешь – мир откроется взору,
С хорошим человеком поговоришь – душа откроется миру.

Ақылсыз бас – аяқтың соры.

От дурной головы ногам покоя нет.

Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді.

Умного слова и после его смерти живет.

Ақымақ бұзуға бар, түзеуге жоқ.

Глупого не надо просит ломать,
А строить – ума у него не хватит.

Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді.
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.

Добрый сын живет заботами народа,
непутевый – прожевает труды народа.

Балаң жақсы болса, жердің үсті жақсы,
Балаң жаман болса, жердің асты жақсы.

Сын хороший – на земле хорошо,
Сын плохой – в земле хорошо.

Өтірікші кісі уәдешіл келеді,
Оңбайтын кісі өсекке ереді.

Лгун горазд обещать, непутевый – сплетни собирает.

Тіл – ерді қабырға салады,
Нарды қазанға салады.

Слово валит верблюда в котел,
а джигита – в могилу.

Сөз шынды табар.

Слово найдет правду.

Үш қайырсыз: - Бақ қайырсыз.
- Тақ қайырсыз.
- Ат қайырсыз.

Сүйінбай Аронұлы

ЖАҚСЫ МЕНЕН ЖАМАННЫҢ АЙЫРМАСЫ

Ер жігіт ел-жұртының қаласындай,
Жақсы әйел әмме жұрттың анасындай.
Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындай.

Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,
Қыранның қырдан байқар баласындай.
Жақсы паркы жаманмен бірдей емес,
Жақсы жігіт сеңсең тон жағасындай.

Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма-өріктің ағашындай.
Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр,
Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай!

Нышаны кем болса да адамдықтың,
Әркім жүр жақсымын деп таласып-ай.
Жамандар - өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.

Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.
Соқтығып әркімге бір ұрынады,
Сиырдың тентек болған танасындай.
Сондай жанның ешкімге сүйкімі жоқ,
Жылқының қотыр болған аласындай.

АСАН ҚАЙҒЫ

Еділ бол да Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа.
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.

Ердің құны болса да,
Алдына келіп қалған соң,
Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде,
Айыбын тап та ала бер,
Ерегісіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да,
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға,
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айтып суыспа.
Өлетұғын тай үшін,
Көшетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Ашу – дұшпан, артынан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа!

МЫҢБҰЛАҚ (БӨГЕН СОВХОЗЫ) ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ ҚАРАСТЫ ТАСША БАБА ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ЕСІМДЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР – СУ АТТАРЫ

1. Үлкен және кіші Қарой. Ақтас өзенінің бойы. Үлкен және кіші шипалы әулие бұлақтардан басталады. Қарой іші Иманбет, Бердібай баулары. Нұрман бабаның бұлағы, Нұрманның Ақ тамы, ұзындығы 40, ені 12 метр болған. Өзеннің етегі, бұлақтың маңайы Қансейіт қажы қарияның бабаларының жерлері болған. Қазіргі кездері әулие бұлақтар Тасшаның Сырымбетінің Дәуіт (Дәуетей) ұрпақтарының Мәмет балаларының Биқойысынан тараған Өмірәлінің Серәлісінің баласы Омархан бауырымыздың меншігінде.

Досбанбет, Еспенбет, Бекболат (Астанадағы Төлегеннің аталары) тоғайлары. Шораның, Ноғайбектің, Сәрсенбектің диірмендері. Ноғайбек айтулы палуан болған, ол кісі көтерген тас сол жерде қазірде тұр. Дәуіт ата бұлағы, Дәуіт ата кен сазы (жазығы), жайлауы, Әлібек, Ақ найзалы Ахмет туыс, Күсей, Құдаймен, Байғана, Боқан-Тоқан, Байсалбай, Қожан, Әлібек ата, Сыздық, Мылтықбай, Бектас, Байғана баулары, бұлақтары, қыстақтары, жайлаулары және Қайнарбұлақ, Көкбұлақ, Аю өзені, Орақбай сазы – бұл жерлер Тасша ұрпақтарының Күсей, Сырымбет, Қарамырза, Қоңқас балаларының ғасырлар бойы ата-қоныс мекендерінде бүгінгі ұрпақтары түгін-түтетіп, өсіп-өніп ата жұртында отырғанын мақтанышпен айғаламыз!

Ащысайдан сегіз шақырым жерде Бұғал Тасша Манап ата бұлағы, өзені, бауы бар. Манап баба ұрпақтары бұл күндері 100-ден астам Тасша азаматтарынан тұрады. Алды Астана, Ақтау, Ащысай, Алматы, Шымкент, Кентау т.б. қалаларда тұрып жатыр.

Тасшаның өсіп-өнген ұрпақтарының бірі: Өмірәліден 50-шақты азамат (Омархандар). Тасшаның ендігі бір өсіп-өнген ұрпағы: Өтебай балдары: Әмірсейіт, Бейбіт, Досандар. Және бір өсіп-өнген ұрпақ – Бердібай балалары. Нұрман – Меймандостан тарағандар. Тасшаның ең өсіп-өнген ұрпақтары – Бұғалдар, бұлар төрт ата, Тасшаның 50-пайызын құрайды. Шежірешілердің бізге жеткізген «Аманаты» бойынша тек Бұғалдың Сүйіндігінің жеті әйелінен 36-ұл болған. Тасша ішінде іскері де, ширағы да, жағдайлары жақсысы да, қызмет басындағылары да, оқыған азаматтарының көптігінен де осы бұғал Тасша ұрпақтары. Басқа Тасшалар бірең-сараң. Қазіргі кездері бұл баба ұрпақтары (Орловка) Алмалы, Кентау, Түркістан ауданында және Ащысайда. Ащысайдан 12-шақырым жерде жаз жайлауы, қыс қыстауы Қарабұлақ – Бақанды, Керімқұлдың сайы, бауы атты жерлерде Дәуіттің ұрпақтары ғасырлар бойы өмір сүріп келеді. Бұл жерлерде бүгінгі күні Дәуіттің Шағатынан тараған Елтоқтың Қабанбай (Қабан), Бабанбай (Бабан) ұрпағының Асанбектің Тілеубергені (Тілеу), Рысқұлдың Қалмақаны тұрып жатыр. Тілеуден тараған ұрпақтың өзі 14-азамат.

Міне, құрметті бауырларым, менің құлағымның естігені, көзімнің көргені осы, біздерде ешуақытта жазбаша тарих қалмаған, бұл менің жазып отырғаным Тасша тарихында жазылған қысқаша тұңғыш тарих. Келешек Тасшадан тарихшылар шықса толықтырып жазар, менің бауырларым үшін еткен кішкентай еңбегіме риза болыңыздар!

ҚОРЫТЫНДЫ ОРНЫНА

Шежіре Қазақ тарихының бір тармағы, қазақ жеріндегі ру-тайпалардың, ұлыстардың тарихы мен олардан шыққан белгілі адамдардан, батырлардан, билерден қалған аталы сөздермен, елдің өткенімен таныстыруға мүмкіндік беретін құжат. Ұлы жүз – Бәйдібектен тарайтын Ыстының Тілік ұрпағының Тасша шежіресі бойынша бірсыпыра мағлұматты осы кітапқа енгіздім. Кітаптың басында жазып келтірілгендей Тасшалар Қартау қойнауы мен күнгеіне орналасқан. Бұл деген, өзінен өзі-ақ айтып тұр: Түркістанды қорғау үшін не бір қырғын болған Жонғар, Монғол, Қытай басқыншыларына қарсы соғыстарда Тасшалардың сыртта қалмағанын, оған қарт Қаратау куә! Әттең айтып берер тілі жоқ.

Алдыңғы қариялардан естуімше Тасшада Қарпық, Қоянбай (мергенші ата), Арап, Есентүгел, Қабан, Сұрамыс, Бердібай, Сапақ т.б. батыр бабалар, көптеген билер, ақын-жыраулар және Сүйіндік (Смирновтың кітабында жазылған), Нұрман, Қоңқас (Бактияр Батырбектің кітабында) т.б. ірі бай-бақуат Тасшалар болған, жазбаша дерек болмағасын кітапқа толық дерек келтірілмеді. Шежіренің көпшілігі жұрттың айтуымен жазылады, сондықтан оның мүлт кеткен жерлері де болуы мүмкін. Қалай айтса да біздің Тасша шежіресі негізінен біздің заманымызға бабадан атаға, атадан балаға жазбаша жетті. Мен Уәли Қайысовтың бабаларынан қалған Араб әрпіндегі шежірені және көптеген ағайындардан өз ата-бабалары туралы жазбаша қысқа-қысқа шежірелерді көрдім. Төрт Ата – (1.Күсей; 2.Сырымбет (Дәуіт, Досалы); 3.Бұғал; 4.Қоңқас) – «Тасша» шежіресі толығымен менімен Серікбек көкемнің көз майымызды тауысып күндіз-түні еткен еңбегіміздің арқасында бірінші мәрте Ұлы «Ысты» шежіресінде жарық көрді.

Шежіре казакты бөлу үшін емес, ол адамдардың зердесіндегі елін, жерін, тегін білуге деген табиғи құштарлық, табиғи тілекке, сұранысқа орай қағазға түсірілетін құжат. Коммунистік партияның кейбір «шолақ» саясатының нәтижесінде кеңес үкіметі тұсында ата-текті, руды білу қылмыс сияқты көрінді, одан жұрт үркіп тұратын, ат-тонын ала қашатын. 20-30 жыл бірге қызмет аткарып қасындағы азаматтың қай туған екенін білмейтін. Бұл саясат кейбір басшыларға қазақтарды мәңгірттендіру үшін керек болды. Осы Кеңес Үкіметі тарағанша мен өзім де 7-атамды түгел білмейтінмін, бұның себебі:

біріншіден – солақай саясат, екіншіден 13-жастан жетім өскендіктен болар, міне бүгін Құдайға шүкір бүкіл Тасшаны жазып отырмын.

Рушылдық дегеніміз сонау феодалдық қоғам, XV-XVII-ғасырларға тән, сол ғасырлардан қалған тарих. Бірақ жан-жануарлар, ит пен құс та өз балапанын, үрім-бұтағын қорғайды, біз бәрінен артық жаратылған адамзатпыз! Ұлттың мүддесін, халықтың, қоғамның қамын ойлайтын, абыройын ойлайтын азамат рушылдыққа бармайды. Жерлестікке, рушылдыққа бөлуде біздің қазақтар Кавказ және көрші халықтардан кейін тұрған сияқты. Біздің қазақта «пәленшеміз бар, пәлен жерде» деген, мақтанышпен айтылатын сөз бар, «мынау Тасша еді, бауырым еді» деп төмендегілердің де, жоғарыдағылардың да шешіліп қол ұшын беріп жатқанын бұрында да, қазір де көрген емеспін. Қол ұшын беру туралы «Игілікті істер» бөлімінде қысқаша жазылғаны естеріңізде болар.

Жас ұрпақ ағайын-туғанның ата-тегін, ру-тайпасын, елін білуге міндетті. Одан шыққан батырларын, билерін, лауазымды қызметтегі, қатардағы адал еңбек азаматтарын, елге еңбегі сінгендерді, ағайынның мәртебесін биіктетуге үлес қосқан азаматтардың аты-жөнін біліп олардың ісін, жолын, дәстүрін жалғастыруы керек. Ұлы Абай айтқан «болмасаң да ұқсап бақ» деп.

Тың жерді бірінші рет аудару қиын істің бірі, сол сияқты Тасша шежіресін, Тасшалар туралы және ұрпаққа Ұлылардың өсиетін жазу оңайға соққан жоқ, бірақ «тың жер» аударылды, жол салынды, бұдан ары қарай келешек Тасша тарихшылары толықтырып, мәнерлеп, өрнектеп, көркем тілмен жазар деген үлкен үміттемін.

Барлық ұсыныстарыңызды, кем-кетік жерін толықтыру үшін, сындарыңызды, тілектеріңізді мына мекен жайға жіберулеріңізді өтінеміз.

480011, Шымкент қаласы,
Тәуке-хан даңғылы, 110-үй,
53-74-42, 43-25-61, 27-20-43.
8-701-783-69-76
Факс: 8-725-2-54-92-65
Абаев Жұмабек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай Құнанбаев. II-том, 1968;
2. Д.А.Қонаев. «Ақиқаттан аттауға болмайды», 1994;
3. Тауасарұлы Қазыбек бек «Түп-тұқианнан өзіме шейін», 1993;
4. Н.Я.Бичурин «Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древния времена», 1998;
5. Нығымет Мыңжан «Қазақтың қысқаша тарихы», 1994;
6. М.Аяпов «Венец черных гор», 1980;
7. Б.Әжібеков «Қаратау түлектері», 2007;
8. Жанғали Меймандосов «Бойтұмар», 1995;
9. М.Естеміров «Елбасы 63-жаста», 2003;
10. Р.Насыров «Оңтүстік Қазақстан», 1988;
11. Т.Айнабеков «Қабуснама», 2006;
12. Күнтізбе (халық календары);
13. Қазақтың мақал-мәтелдері;

Сонымен қатар 1602 жылы жазылған Қадырғали Жалайырдың, 1872 жылы Құнанбай қажының Меккеден әкелген, 1993 жылы өңделіп жазылған Тауасарұлы Қазыбек бектің, 1925 жылы Ташкентте шыққан Мұқамеджан Тынышбайұлының, 1946-1974 ж.ж. аралығында жазылған Қаз.ССР ғылым Академиясы қызметкері Батырбек Бақтияровтың, А.Қошановтың, Қансейіт қажы Түймебайұлының, А.Абдықасымовтың, Қайнарлық тасша Аман ағаның және өзімнің атам Абайдан, әкем Байбатшадан қалған шежіре еңбектер пайдаланылды.

Мұқабадағы сурет: *Ащысай - Чапай тауы*

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз. Әжібеков Б.....	3
Ұлы дала - Қазақ жері, қазақ елі.....	6
Ұлы жүздің үлгі-қысқа, төте шежіресі.....	11
Тасша шежіресі.....	12
1. Күсей.....	12
2. Сырымбет (Дәуіт, Досалы).....	20
3. Бұғал (Сайғақ, Қосманбет, Апанас, Тастемір).....	48
4. Қоңқас (Ахметтуыс - Акнайзалы).....	85
Тасша азаматтарынан өмірдерек.....	94
Тасшалардың тұрмыс жағдайы.....	156
“Үлгі тұтар ағалара, арқа тұтар інілер” - Ыстылар.....	161
Абай Құнанбайұлының ақыл сөздері.....	169
Қайқауыс патшаның өситеттері.....	170
Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың қанатты сөздері.....	173
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қанатты сөздері.....	175
Хадистерден үзінділер.....	176
Әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты негізгі қазақ мақал-мәтелдері.....	179
Сүйінбай мен Асан қайғы бабалардың өсиеттері.....	187
Мыңбұлақ елді-мекеніне қарасты Тасша баба ұрпақтарының есімдеріне байланысты жер-су аттары.....	188
Қорытынды орнына.....	189
Пайдаланылған әдебиеттер.....	191
Ескертпелер, толықтырулар	

Толықтырулар үшін

Толықтырулар үшін

Толықтырулар үшін

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 24,5 б.т. Тапсырыс 1009.
Таралымы 1000 дана.
“Арқо” ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15 үй.



Бұл кітапты оқып көңіліне
тоқығандар өмірден қателеспейді,
Аллаһтың рахымында болады.

Абаев
Жұмабек Байбатшаұлы

